

**Д.Т. АЙТБАЕВ, Г.Е. АЙТБАЕВА,
М. ТЕМИРБАЕВА**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Жалпы орта білім беретін мектептердің
8-сыныбына арналған оқулық**

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

Төртінші басылым

ТАШКЕНТ – «O'ZBEKISTON» – 2019

УЎК 811.512.191(075)
КБК 81.2 Каз-922
А 32

Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен жалға беру үшін басылды.

Пікір жазғандар:

Ж.Өтегенов – Гүлстан Мемлекеттік университетінің оқытушысы.

А.Саттарова – Ташкент облысы Жоғарышыршық ауданындағы 15-мектептің оқытушысы.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

- ▲ Теориялық мағлұматтар
- > Ережеге қосымша түсініктер
- Өткенді қайталау
- Ф. Фонетикалық талдау
- Л. Лексикалық талдау
- М. Морфологиялық талдау
- С. Синтаксистік талдау
- П. Пунктуациялық талдау
- ◆ Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу үшін материал
- ✱ Тіл ұстартуға берілген арнаулы жаттығулар

Практикалық жұмыстар

ISBN-978-9943-01-520-3

© «O‘ZBEKISTON» баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2005

© «O‘ZBEKISTON» БПШҮ, 2010, 2014, 2019

БІРІНШІ ҚЫРКҮЙЕК – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ



1-жаттығу. Туған жер, Отан, ынтымақ және бірлік тақырыптары бойынша нақыл сөздерді біліп алыңдар.

*Отаным бар сүйікті – біреу ғана!
Бәрімізге қашанда тіреу пана.
Еңбегімнің оң болып нәтижесі,
Гүлстанға айналды күрең дала.*

*Түрленгенде Отаным гүлге оранып,
Бау-бақша мен егіске тұр оралып.
Асқар таудай арманы ел-жұртымның,
Орындалып барады жүгі оңалып.*

*Сылдыраса арықтар сай-саламда,
Әниі құстар үн қосып сайрағанда.
Жылдан-жылға қалпына келіп жатыр,
Отанымның бағдары сайма-сайға...*

(Б. Тұрғынбаев)

2-жаттығу. Отан туралы берілген мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңдар.

1. Отанға опасыздық еткенің, өмірден қаралы боп өткенің.
2. Туған үйдің түтіні жылы, туған ананың күтімі жылы.
3. Аққу көлін аңсайды, адам туған жерін аңсайды.
4. Жат жерде жаның қиналса, ел қадірін білерсің, Жұтым суға зар болсаң, көл қадірін білерсің.
5. Туған жер – тұғырың, туған тіл – қыдырың.
6. Елінен безіп, елсізде өлгеннің, екі көзін қарға шұқиды.
7. Отан елдің анасы, Ел ердің анасы.
8. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

(«Қазақтың мақал-мәтелдері» кітабынан)

§ 1. ҚАЗАҚ ТІЛІ–ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ

Қазақ тілі–қазақ халқының ана тілі. Ол өзінің сан ғасырлық дамуы барысында рулық тіл дәуірін де, тайпалық тіл дәуірін де, халықтық тіл дәуірін де басынан кешірді. Осы замандар бойында қазақ халқының күнделікті пікір алысу қажетін өтеп отырумен қатар, рухани байлығы – ауыз әдебиетін атадан балаға мұра етіп сақтап келді.

Жазуға байланысты қазақ тілі сұрыпталып, жалпыға ортақ әдеби тіл қалыптасты. Қазіргі қазақ тілі – өркендеген мәдениеттің тілі, ғылым тілі, публицистика, ресми іс қағаздарының тілі болып, стиль жағынан жан-жақты сараланды. Қазіргі қазақ тілі – сөздік жағынан мейлінше байыған, грамматикалық құрылысы барынша дамыған оралымды тіл.

Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы бойынша (1989 жыл) қазақ тілі Қазақстан Республикасындағы негізгі тіл, мемлекеттік тіл қызметін атқарады. Қазақ тілі күллі республикаларда жасап жатқан қазақтардың ана тілі болып саналады.

3-жаттығу. Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын байқандар. Не туралы жазылғандығын айтып беріңдер.

Төле би тоқсан жасқа келгенінде Қаз дауысты Қазыбек сәлем бере барыпты. Елдің жақсылары, шешендері, ойшылдары жиналып, әңгіме-дүкен құрып отырғанында:

– Қаз дауысты Қазыбегім келді. Бәрің түгел жиналыңдар. Сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар, соны шешіңдер, – дейді Төле би.

– Айтыңыз, айтыңыз?

– Айтсам, он түрлі жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Отырғандар таң-тамаша болады.

– Бұл не деген жұмбақ? Осындай да жұмбақ бола ма?

– Төке, бұл жұмбақты мен шешейін, рұқсат етіңіз? – дейді Қаз дауысты Қазыбек.

– Рұқсат, рұқсат!

– Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

– Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.

– Үш дегеніміз – үш бұтақты шілдерден шошынған ат жаман.

– Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман.

– Бес дегеніміз – белсеніп шапқан жау жаман.

– Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман.

– Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса сол жаман.

– Сегіз дегеніміз – серпілмеген қайғы жаман.

– Тоғыз дегеніміз – торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе сол жаман.

– Он дегеніміз – оңалмас кәрілікке дауа болмас деген, – дейді Қаз дауысты Қазыбек.

– Рақмет, дәл тауып шештің. Ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым, – деп Төле би Қазыбекке разы болыпты.

4-жаттығу. Үзінділермен танысып, қазақ тілі жөнінде айтқандарды естеріне сақтандар.

1. ...Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Сондықтан бастауыш мектептен бастап бала тілін білу, үйрену, тіл мәдениетін арттыруды барлық саналы өмірінің әрекеті деп түсінуі керек... (М.Балақаев)

2. Кез келген тіл – халықтың асыл мүлкі. Тіл адамдардың түсінісетін, пікір алысатын, ой жеткізетін құралы болғандықтан, оның сыры да сан алуан болып келетіні мәлім. Қай халық болса да, оған өз тілі ұлы екендігі дау тудырмайтын шындық. Бұл мәселеде халық санының аз немесе көп екендігі пәлендей шешуші фактор емес. Аталған пікірімізді заманамыздың заңғар жазушысы, кішкене ғана авар халқының өкілі Расул Ғамзатовтың:

«Ассамблеяда естілмесін сөзі де

Туған тілім ұлы менің өзіме», –

деген өлеңі толықтыра түседі. Өлеңін бүкіл еліміз бағалап, өзін қадірлейтін Мұқағалидай ақынымыз:

«Жыр жаза алмай жүрмін мен Расулдай,

Бір өлеңі бір елдің мұрасындай»,

– деп бағалаған ұлы ақын Расулдың өзінің ана тілі туралы айтқан пікірі басқамызға да үлгі болары сөзсіз.

5-жаттығу. Әдеби тілдің жасалуына мән беріндер де оның өзіндік ерекшеліктерін түсіндіріңдер.

Қазақтың әдеби тілі жасалу жағынан да, қалыптасу жағынан да көп кезеңді басынан өткізді. Әдеби тіл – бүкіл қазақ халқының мәдени мұрасы. Әдеби тілді жасауға бүкіл қазақ халқы, оның алдыңғы қатарлы мәдениет қайраткерлері ат салысты. Әдеби тіл – қазақ мәдениетінің өсіп, дамуына жетекші болған, жоғары өнерге ұмтылуына қажет болған құралдың бірі...

Әрине, әдеби тіл көктен түскен нәрсе емес, белгілі тарихи жағдайларға байланысты, түрлі кезеңдерге байланысты жасалған. Нақтылы әдеби тіл дегеніміз – көркем әдебиеттің ғана тілі емес, ол – ғылымның барлық саласын қамтитын, халыққа өнер-білім беретін, тәлім-тәрбие үйрететін баспасөздің тілі. Көркем әдебиеттің тілі – сол кең мағынадағы әдеби тілдің саласы ғана. Ал әдеби тілдің негізі болатын нәрсе – халық тілі фольклор екенінде дау жоқ. Дегенмен де, әдеби тілдің жасалу процесінде халық тілінің барлық тараулары ешбір талғаусыз негіз бола бермейді.

(С.Аманжолов. «Қазақтың әдеби тілі»)

5–7-СЫНЫПТАРДА ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

§ 2. ФОНЕТИКА. ГРАФИКА. ОРФОГРАФИЯ

6-жаттығу. Қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің «Дүниеде жамандық неден?» атты әңгімесін мәнерлеп оқып шығындар. Мәтінді өз сөздеріңмен баяндап беріндер.

ДҮНИЕДЕ ЖАМАНДЫҚ НЕДЕН?

Бір ағаштың түбінде ақ жүрек жатыр еді. Сол жерге түнемек болып қарға, кептер, бұғы, жылан жиылды. Олар «Дүниеде жамандық неден болады?» деп, кеңес құрды.

– Дүниеде жамандық түбі – аштық, – деді қарға...

– Дүниеде жамандық аштықтан емес, жамандық түбі – махаббат, – деді кептер...

– Жоқ, жамандық аштықтан да, махабаттан да емес. Жамандық түбі – жаман мінез, – деді жылан.

Біз тату жүрсек, қастық ойламасақ, кекшіл болмасақ, жақсы болар еді. Бір нәрсе өзің ойлағандай болмаса,

ашуланасың, дүние көзіңе түк кұрлы көрінбейді. Көзіңе не түссе, бәрін жек көресің. Ойлағаның біреуден кек алмақ. Біреуді шақпақ болып ысқырып, іздеп, иіріліп жүргенде, ашуланып, өзіңді-өзің ұмытып кетесің, ешкімді аямайсың: әке-шешең тұрса, шағасың, өзіңді-өзің жегің келіп тұрады. Өлгенге кейін ашуланасың. Дүниеде жамандықтың бәрі – қара жүректікте, – деп, жамандықтың иесі жылан сияқты.

7-жаттығу. Сөздердің жазылу емлесіне көңіл аударыңдар. Әр топтағы сөздерді салыстырып, жазылудағы айырмашылығын түсіндіріңдер.

1. Орын – ор(ы)ны – ор(ы)на. Ойын – ой(ы)ны – ой(ы)на. Әріп – әр(і)пі. Көрік – көр(і)кі – (ұстаның) көр(і)гі.
2. Оқы – оқ(ы)у – оқ(ы)и. Жібi – жiб(i)у – жiб(i)и. Байы – баю-бай (ы)и. Кейi – кею – кей(i)и.
3. Қи – қия – қию. Тай – тая- таю. Құй – құя – құю.
4. Сый – сыу – сыя(ды); сый – сыйлық – сыйла – сыйым. Тый – тыу – тыя(ды).
5. Қат(ы)нас, мағ(ы)на, тәж(і)рибе, топ(ы)рақ, қор(ы)-тынды, жап(ы)рақ, құр(ы)лыс, ай(ы)рма – ай(ы)рықша, үк(і)мет, рақ(ы)мет.
6. Ащы – (есікті) ашшы. Тұщы – тұшыды.

8-жаттығу. Төмендегі сөздерден сөйлем құрастырып, оларды дұрыс жазуға жаттығыңдар.

Дәрігер, әрбір, әшекей, әбзел, әзілкеш, сірә, күнәлі, кінәсыз, шүбәлану, куә, күмәнсыз, зәмзәм, мүсәпір, дүдәмал, мәрмәр, Күләш, Күләнда, күмәжнік, Асанәлі, дәрі-дәрмек, дәркүмән, Әбдікәрім, тәлім-тәрбие.

§ 3. ЛЕКСИКА

Сұрақ-тапсырмалар:

1. Сөздің тура және ауыспалы мағыналарын қалай ажыратуға болады? *Темір күрек – темір тәртіп, алтын сағат – алтын астық, қоңыр сиыр – қоңыр жел, жылы су – жылы сөз, суық су – суық сөз, күміс қасық – күміс күлкі* деген тіркестердегі сөздердің тура және ауыспалы мағынада тұрғандарын ажыратып, себебін түсіндіріңдер.

2. Сөздің көп мағыналылығы дегенді қалай түсінесіңдер? *Тіл, кілт, қол, жол, бас, көз* деген сөздердің көп мағынада қолданылуын дәлелдендер. Үлгі: *кілт – құлыптың кілті, дүниенің кілті; көз – адамның көзі, жан-жануардың көзі, бұлақтың көзі, әкесінің көзі, істің көзі* т.б.

3. Синоним, омоним және антоним жөнінде не білесіңдер? Мына сөздердің синонимдерін табыңдар: *мол, мақсат, аласа, үлкен, бұйрық, сабырлы, шаршау, мақұлдау.*

Мына сөздердің омонимін табыңдар: *арба, асық, біз, шаш, өр, бу, жас, жел, ой, ем, ер, түс.*

Мына сөздердің антонимін табыңдар: *жаз, тақ, жақсы, қатты, бай, ашық, күн, үлкен, аспан, батыс, суық, алыс.*

4. Терминдер жөнінде не білесіңдер? Терминдердің жай сөздерден қандай айырмашылығы бар? Өздерің оқыған пәндер бойынша бірнеше терминдерді атаңдар. Үлгі: қазақ тілі пәніне байланысты терминдер: *жалғау, аффикс, жұрнақ, түбір, қосымша, үстеу, одағай, көмекші сөз, қыстырма сөз, зат есім, фонетика, лексика, морфология, грамматика* т.б.

5. Тұрақты сөз тіркестері жөнінде не білесіңдер? Тұрақты сөз тіркестерінің жеке сөздерге мағыналық қатынасы қандай?

Берілген тұрақты тіркестердің қай сөзге балама болып тұрғандарын анықтаңдар. Үлгі: *Тайға таңба басқандай – анық, қой аузынан шөп алмайды – жуас. Төбе шашы тік тұрды. Бетінен оты шықты. Қабағынан қар жауды. Іші-бауыры елжіреді. Аузының суы құрып тыңдады. Талағы тарс айырылды. Бір ұрты – қан, бір ұрты – май. Салы суга кетті. Қас пен көздің арасында. Тепсе, темір үзеді.*

6. Мақал-мәтел, нақыл сөздер жөнінде не білесіңдер? Бұларды білудің қандай қажеттілігі бар? Мына мақал-мәтелдер, нақыл сөздер неменеге үйретеді? *Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы. Опасызда Отан жоқ. Ырыс алды – ынтымақ. Күш – бірлікте. Тайынбаған – тауды жығады, тайсалмаған – жауды жығады. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім ал. Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде. Өнерлі өрге жүзеді. Еңбек өмірді ұзартады, ұят бетті қызартады. Еңбектен қашпа, ырысыңды шашпа. Жалқау – жарты кісі. Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық; Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық. (Абай.)*

§ 4. СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ

9-жаттығу. Берілген сөйлемдерден күрделі сөздер мен туынды сөздерді табыңдар.

Күз келді. Үш күннен бері сілбілеген ақ жауын айықпай тұр. Жайлаудан қайтып, Шыңғыс асып, қыстау-қыстау үстінде аз ғана аял етіп, пішен шапқызып болған ел енді күзекке беттеп келе жатқан. Жидебай, Мұсақұл, Қарауыл, Шүйгінсу сияқты пішені шабылып алынған қорықтарда жиі қонып отырған ауылдар көп. Шыңғыстың ұлан-ұзақ, мол қыстаулы бөктерімен Қыдыр, Қызылшоқы, Борлы сияқты балаң таулары да, адыр-қатпарлары да ауыл-ауылға толы еді.

...Құлыншақ аулы он шақты үй. Бүгін осында Құнанбай жағынан келетін бір келісті ерекше аңдып күткендей. Ауыл желкесіндегі тақыр қызыл кезеңге төрт атты желіп шапқанда, Құлыншақ төбе басында, «бес қасқа» деген балаларының ортасында отыр еді.

(М.Әуезов. «Абай жолы»)

10-жаттығу. Берілген микромәтіннен туынды сөздерді табыңдар да қалай жасалғандығын түсіндіріңдер.

Алдан соң қонақ кірді. Ол сәлем бермей, үйдегілерден сәлем күткен бір үлкенірек аға, ағайын екен. Сағал көз, сары жүзді, үлкен қауға сақалды, бурыл тартқан қартаң кісі. Жұман болатын. Абайдан басқаның бәрі оған даурыға сәлем беріп, дәл төрден орын босатты. Әйгерім үлкен қайнаға келгенін көріп, сыпайы сызылып, орнынан тік тұрып қабыл алды. Жұманның қасында өзіне тартпаған талпақ қара баласы – Месқара бар екен. Абай болса да Жұман төрге кеп отырғанша, қадалған сақалын, көзін одан алмастан, жағалай қарап өтті. (М.Әуезов. «Абай жолы»)

11-жаттығу. Берілген микромәтіндегі сөйлемдерден сөздерді тұлғасына (жалаң және күрделі сөздер) қарай ажыратып жазыңдар.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріндегі жұмбақ айтысы арасындағы «Сапарғали мен Нұржанның жұмбақ айтысы» ерекше орын иелейді. 2. Сол үшін де жай ғана ұсақ нәрселерден бастап, оларды жұмбақтап айту арқылы, өздерінің ой-саналарын кең өріс алдыруды мақсат етеді. 3. Олардың жұмбақ айтысында патша үкіметінің отарлау саясаты, ел әкімдерінің жауыздық іс-әрекеттері, зорлық-зомбылықтары қатты сынға алынып паш етіледі. 4. Тіптен, Әубәкір мен Қожахмет телеграфты да жұмбақтап айта білген. 5. Талай-талай айтыстарға түсіп, бара-бара әбден ысылып жетіледі. 6. Салт айтысы, негізінен, екі түрге бөлінеді: біріншісі – қыз бен жігіт айтысы болса, екіншісі – ақындар айтысы.

(Қ.Сейданов т.б. «Қазақ әдебиеті» оқулығынан. 2006 ж.)

§ 5. МОРФОЛОГИЯ

12-жаттығу. Мәтінді көшіріп, деректі зат есімдердің астын бір, дерексіз зат есімдердің астын екі сызындар.

1. Ескі, сарғайған, қалған жұртты көрсе, оның көңіліне аяныш, мұң кіретін еді. (С.С.) 2. Қаламы осыларды жазып отырғанда, Ушаковтың ойына кейбір уақыттарда жұмыскерлерге жан тартқандай көрініп қалатын мінездері түсті. (Ә.М.) 3. Жауға аттануға рұқсат сұрады. (С.Е.) 4. Ар-ұят, намыс-кек бәрі ортақ болған соң, әскер достығы терең бір мағына табады. 5. Намыс, адамшылық дегендердің қанша тоналып жатқаны ойына бір оралмаған сияқты. (Ә.М.) 6. Олардың көпшілігі жаңа сана-сезімде келді. (С.М.)

13-жаттығу. Негізгі және туынды сын есімді ажыратындар.

1. Сол беттен, сол нұрлы кескіннен Ұлберген аз күнде айрылып, екі беті солып, қан жоқ, сөл жоқ – сүзектен тұрған кісідей құп-қу, боп-боз болды да қалды. 2. Өзі де бойы сұңғақ, кеуделі келген аршын қыз. 3. Қыз – сұңғақ бойлы, талдырмаш, қанаттанып жетпеген қаздың балапанындай сары шашты; кескіні аршыған жұмыртқадай аппақ; көзі тұнық қара; қылдырықтай қиылған қасы бар, садақтың оғындай қайқайған ұзын кірпігі бар. (С.М.)

14-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті етіс жұрнақтарын қосып, жаттығуды көшіріңдер, қандай етіс екенін табындар.

1. Өл ... пей мал бер ... пе! Ал ... ып қал! – деп ақырған. 2. Қазір соғым сой ... май отырған шақ. 3. – Істі маған баста ... пақ болады. 4. Енді бір сәтте, талай қойды сұла ... ып, тамақтан өлтірген дөңбектей қарабарқын арлан бөрі тағы кеп арала ... ты. (М.Ә.) 5. Кірпіш үйлердің тек төбесі ғана жаб ... маған. (С.Е.)

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл, оның ішінде қазақ тілі де, халықтың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болғандықтан, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз.

Қазақ халқының тіл мәдениетінің мұрагерлері мектеп оқушылары дейтін болсақ, олардың биік мақсат-міндеті – қазақ тілінің байлығына қанық болу, ойын анық, дәл, айқын, әсерлі, ұтымды етіп айта, жаза алатын болу. Мектеп оқушылары ой-пікірін айқын, әсерлі жеткізу үшін сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлем құрылыстарын, морфологиялық тұлғаларды олардың айтылуына, жазылуына сәйкес дұрыс қолданатын болса, осының өзі-ақ оқушының тіл мәдениеті дәрежесінен біршама көрініс береді. (М.Балақаев)

15-жаттығу. Сілтеу есімдіктерін тауып, мағынасындағы айырмашылықты табыңдар.

1. Өзім осында ауысуды осы бастан ойлап жүрмін. 2. Сол көп енді әрқайсысы өз тұсынан өзгеше бір қайрат, құмарлық көрсетіп барады. 3. Анау жонды алған егін жайды, мынау өлкені алған шабынды, үлестірілген көп малды емін-еркін пайдаланып, қызығып көр еңбекші ел. 4. –Әй! –деді Бәйтен, кетіп бара жатқан сушыға, –бұдан былай су мезгілінде келмесе, осы Қарағандыда не сен тұрасың, не мен тұрамын. (Ә.Мұст.)

16-жаттығу. Сөйлемдерді сөз табына ажыратыңдар.

1. Бұл дүниеде жарық дүние бар болса, жанұя да болады. 2. Бүгінгі күнде біздің жүргізіп жатқан жұмыстарымыз перзенттеріміздің бақыты, олардың жарқын келешегі үшін жүзеге асырылуда. 3. Егер осы мәселенің тарихына назар салсақ, бұл жолда жасаған алғашқы қадамдарымыз 1998 жылды мемлекетімізді «Жанұя жылы» деп хабарлаумен басталуының өзі, менің ойымша, көп нәрселерді аңғартады.

◆ **17-жаттығу.** Мына жаңылтпаштарды дұрыс айтыңдар.

Сүт бетінде бал май қаймақ. Ол – қай бал май қаймақ? Балдан тәтті бал қаймақ. Шөмелеленбеген шөпті кім шөмелелейді? Шөмелеленбеген шөпті мен шөмелелемей, кім шөмелелейді?

– Әй, Тайқарбай, Тайқарбай, Қойынды Майқараға жай, Тайқарбай!

– Тайқарбай, Майқарбайлар толып жатыр. Әй, Тайқарбай дегенің қай Тайқарбай? Айыр атанды жүк қартайтар; Семіз қойды май қартайтар; Күйгелек менің атамды жас қартайтпас, ой қартайтар.

СИНТАКСИС ЖӘНЕ ПУНКТУАЦИЯ

§ 6. СИНТАКСИС ПЕН ПУНКТУАЦИЯ ЖАЙЫНДА ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Қанабек Ардақтың қолындағы кітапты сұрап алды. Ардақ әдебиет жайында әлі сөйлеп отыр (Ғ. Мұст.) деген сөйлемдерді оқығанда, біз белгілі бір іс-әрекет, оқиға жайында хабар білеміз, атап айтқанда, Қанабектің кітапты сұрап алғандығы, Ардақтың әлі сөйлеп отырғандығы жайында хабарлар. Ал осы сөйлемдер қалай құрастырылған, ондағы сөздер бір-бірімен қалай жымдасып байланысып тұр дегенді грамматиканың синтаксис бөлімі қарастырады.

«Синтаксис» деген сөз бастапқыда «*біріктіру*», «*байланыстыру*» дегенді білдірген. Қазіргі кезде «синтаксис» термині сөз бен сөздің байланысы туралы, сөйлем және сөз тіркесі туралы жалпы анықтама-ережелер беретін грамматиканың бір бөлімінің атауы болып қалыптасты.

> Синтаксис сөздің мағыналық және тұлғалық жақтарын бір тұтастықта қарай отырып, сөз бен сөзді байланыстыруға пайдаланады. *Қанабек Ардақ қол кітап сұра ал; Ардақ әдебиет әлі сөйле отыр* деп, сөздердің бастапқы қалыптарын ғана алсақ, бұдан еш нәрсені түсінуге болмас еді. Бұлардың бір-біріне қиюластырып тұрған – *тың* (Ардақтың), *-ы -нда-ғы* (қолындағы), *-ты* (кітапты), *-п*, (*сұрап*), *-ды* (*алды*) жайында (әдебиет жайында) деген сияқты сөз тұлғалары (қосымшалар мен шылау). Демек, сөз тұлғалары синтаксисте сөз бен сөзді байланыстыру үшін қызмет атқарады.

> Сөздер бір-бірімен тек сөйлемде ғана емес, өзара тіркесіп те байланыса береді. Мысалы, *қызыл алма, көк шөп, Асанның кітабы, еңбек ұжымы, өнерге бейім, оқуға ынталы т.б.* Сөздердің бұл сияқты байланысқан топтарын синтаксистің сөз тіркесі атты бөлімі қарастырады.

▲ **Сөйлем мен сөз тіркесінің құрылысын, мағыналарын зерттейтін грамматиканың бір бөлімін синтаксис дейміз.**

18-жаттығу. Оқып шығып, әр сөйлемдегі хабардың не туралы болып тұрғанын айтыңдар. Мәтінді көшіріп жазып, сөйлем құрамындағы сөздердің өзара қалай байланысып тұрғанын түсіндіріңдер.

...Осы кезде батыс жақтағы төбеге дүркірей шауып, бір топ жылқы шыға келді. Бұл суға келген Торытөбелдің үйірі еді. Торытөбел басын ақырдан жұлып алды. Сасып қалған бала шынжыр тізгінді қайда байларын білмей, беліне орай салды. Торытөбел болса арқырай кісінеп, аспанға бір қарғып алып, құйғыта жөнелді. Біраз жер соңынан жүгірген бала күш түсіп, айқасып қалған шынжырды шеше алмай, сүйретіп кете барды. Жер қақ айрылып, аспан жерге түскендей болды. Есінен танып қалған адамдар сәлден соң даланы басына көтере айғайлап, аттың соңына түсті, бірақ бәрі кеш еді. Олар әр жерде шашылып жатқан баланың басын, аяқ-қолын жинап, Торытөбелді күні бойы қуып эзер ұстағанда, шынжыр тізгіннің ұшында баланың бел омыртқасы мен кеудесінің бір бөлігі ғана қалған еді. Кімге кектенгені белгісіз, ашудың кімнен аларын білмеген Жанділлә байлаулы жатқан Торытөбелді қанжарымен аяусыз шабақтап, соғымға сойған жылқыдай боршалап тастады.

(Е.Қожаназаров. «Қырқадағы қасірет» әңгімесінен)

19-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті қосымша қосып, сөйлем құрандар.

Жол-жөнекей үлкен ой үстін..., әбден толқы... «Ау, ана да барғаным... апам ұрс...- ұрс..., барғандар... кері қайтар.... Әсіресе көке... «Қартайған... қарабет етпе. Мешкей деген жақсы емес. Пәленше... қыз... қайт... кепті» деген маған қартайған... жақсы емес», – деп, тағы да кері қайтармасы... кепіл? Әсіресе, ана... да ашулан... ренжи... ғой. Соңғы барғаным... «Бала...- ау, бір күйеу... ие бола алмай жүрге... өзің... жасықтығын, жамандығын», – деді. *(Қ.Сейд. Таңдамалы шығармалар)*

20-жаттығу. Оқып шығып, мысалдардың қайсысы сөйлем, қайсысы сөз тіркесі екенін ажыратындар да, сөйлемді бір бөлек, сөз тіркесін бір бөлек жазындар.

Бірінші тарау. Биыл көктем белгісі ерте білінді. Қойлы ауыл. Ферма бастығы. Бексұлтан – қой фермасының бастығы. Жүн тапсыру жоспары. Үлкен аңғар әп-сәтте алай-түлей болды да кетті. Қарағайлы шатқал. Сақылдап күлген дауыс. Мақпалдай қызыл бет. Көк бояулы қарындаш. Біздің мақсатымыз – орманды өз ауданымызға тарту. Қалқан тауында алынбай жатқан ағаш көп. *(F. Слан.)*

> Жазуда тыныс белгілері не үшін керек? Сөйлеген сөзіміздің мазмұнын жазуда дұрыс аңғарту үшін, әр түрлі тыныс белгілерін пайдаланамыз. Тыныс белгілері қойылмаған мәтінді оқу да, мазмұнын түсіну де қиындық туғызады.

▲ **Тыныс белгілері туралы ережелер жинағын пунктуация дейді.**

Пунктуация – латынның пунктум (нүкте) деген сөзінен алынған. Пунктуация синтаксиспен тығыз байланысты, тыныс белгілері сөйлем арқылы берілген ойды жазуда дұрыс түсіндіру үшін қызмет атқарады. Демек, тыныс белгілері әрқашан сөйлеммен тығыз байланысты болады.

21-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, мазмұнына көңіл аударыңдар. Мәтінде тыныс белгілерінің қандай түрлері кездеседі? Олар не үшін қойылған? Себебін түсіндіріңдер.

Өз ойымша, анам ат жақты, қызыл шырайлы, әдемі кісі болатын. Күлкісі мүлде жадымда жоқ. Ал ашулы кезінде қызыл шырайлы өңі бұзылып, сұрланып кететіні есімде. Күннің бір ыстығында өзім тұрғылас бір топ бала суға түсіп жүр едік, анам келді. Өзгеріп тұрған өңінен ашулы екенін бірден түсіндім. Салмақты дауыспен мені шақырып алды да, шапалақтап-шапалақтап үйге алып барды. Мен онда бес жаста болсам керек. Ал Есманғи інім бір жаста. Қанға, ұғымға сіңген тәртіп бойынша бес жастағы бала өзінен кейінгілерге бас-көз болуға тиісті. Тәрбиелі үйде жалғыздылықты анаға көмектесу, мал қайыру, өрістен оралған табының алдынан шығып, төлдерді жамыртпау секілді міндеттер бар бес жасар бала пешенесіне жазылған. Ал мен болсам осы міндеттерімді орындауды ұмытып, ойнап кететін болсам керек. Дәл осылай ма, анық біле бермеймін. Білетінім – анамның әйтеуір ұрсатыны, анам ұрысқан кезде әкемнің сыртына барып паңалайтыным. Шынымды айтсам, шешемнен көрі әкем қайырымдылау секілді.

(С.Шайм. «Ағалардың алақаны» кітабынан)

22-жаттығу. Мәтінді оқып, көшіріп жазыңдар. Тиісті тыныс белгілерін қойыңдар.

Майбасар бұл үйге ашулы пішінмен кірді Белін шешпей көк елтірі тымақтың бір құлағын жымырайта киіп ап қам-

шысын қос бүктеп мықынына таянып отырып Құлыншақтарға ызғарлана қарады Түсі сұрланып екі танауы желбірей түсіп тентек көздері жиреніш отын шашып отыр

Отыра бере Құлыншаққа қадалып

Жә ағайын бұл қайткенің атшабарымды неге сабайсың Теріс болса арыз айтар жер таппадың ба Тым құрыса мырзаның алдынан бір өтсең нетті Оған да сенбей оған да жоныңды көрсетейін дедің бе Жуандығыңды көрсетейін дегенің бе Кеше ғана қатарда қолтықта жүрген туысқан емес пе ең Жөніңді айт бетіме айтшы кәне Сонысын өз аузынан естіп кел деп жіберді мырза Үй ортасында бықси жанып тұрған сары қидың отына шырт түкірді де Майбасар Құлыншаққа бұрылып алды

(М.Әуезов. «Абай жолы»)

23-жаттығу. Берілген өлең үзінділерінің тыныс белгілерін қойып шығындар.

Шәміл-ау

Хал жайымды білсең еді

Білмеймін қайтерімді...

Кім сенеді

Он жетімде өшіріп алған отым

Қайтер ең қайта қарып жүрсе мені

О шіркін

Қайран күндер

Сайран күндер

Қанатын бақыт құсы жайған күндер

Жалт бұрылып оқыс бір қарағанда

Жүзіңнен жүрексініп тайған кімдер

(М.Мақатаев. Аманат)

§ 7. СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ

Қазақ тілінде сөздер бір-бірімен төрт түрлі тәсіл арқылы байланысады:

1. Қосымшалар арқылы байланысады. Біз аэродромға беттедік (А.Т.) Бұл сөйлемде *біз беттедік* деген сөздер жіктік жалғауы арқылы, *аэродромға беттедік* деген сөздер барыс септік жалғауы арқылы байланысқан.

2. Септеулік шылаулар арқылы байланысады. Телефон арқылы Әшірбекке тұс-тұстан құтты болсын ай-

тылып жатыр. (Ғ. Мұст.)—Мұнда арқылы шылауы телефон сөзін айтылып жатыр деген сөзбен байланыстырған: телефон арқылы айтылып жатыр.

3. Орын тәртібі арқылы байланысады. *Алтын сәуле су бетінде еркін ойнайды. (Қ.Қамб.)*—Мұнда алтын деген сөз сәуле сөзімен (*алтын сәуле*), еркін деген сөз ойнайды сөзімен (*еркін ойнайды*) тек орын тәртібі арқылы байланысқан.

4. Интонация арқылы байланысады. *Мынау – менімен ауылдас жігіт. Мынау жолдасым жұмысқа түсе алмай жүр екен. (Мұст.)* Алғашқы сөйлемде *мынау* деген сілтеу есімдігінен кейін сәл кідіріс жасалып, іргелес тұрған сөзден дауыс ырғағы арқылы бөлініп айтылады. Соның нәтижесінде ол *кім?* деген сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бастауышы болады. Екінші сөйлемдегі *мынау* сөзі *жолдасым* деген сөзбен дауыс ырғағы арқылы ұласып, *мынау жолдасым* деген түрде бір леппен айтылады. Соның нәтижесінде *қай?* деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болады.

24-жаттығу. Сөздердің дұрыс жазылуы мен оқылуына көңіл бөліңдер:

1. Тәлімді тәрбиеден, тәрбиені тәлімнен ажыратуға болмайды— бұл шығыстың көзқарасы, шығыстың өмір философиясы. 2. Жастардың көпшілігі шын білім алу, білімін жетілдіру мақсатында емес, көбірек іс жүзінде дипломды болып алу мақсатында техникумдар мен институттарға түсетін еді. 3. Сондықтан да тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ бүкіл мемлекетте тәлім мен тәрбие, білім мен ғылым, кәсіп пен өнерді үйрену жүйесін түбірін өзгерту керек екендігі аңғарылды. 4. Кадрлар дайындаудың ұлттық бағдарламасын жасауға байланысты үдеріс ұзақ жылдар бойы бұл салада шешілуге тиіс талай мәселелердің пайда болғандығын көрсетеді.

25-жаттығу. Бірінші топтағы сөздерді екінші топтағы сөздердің тіркесімділік ыңғайына қарай сөз тіркесіне айналдырыңдар да, қандай тәсіл арқылы байланысып тұрғанына түсінік беріңдер.

1. Жазық, бөлінген, мұны, баланың, мамандыққа, көпір арқылы, өндірістік, біз, үйге шейін, машинамен, жұмыстан.

2. Үлеске, дала, естіген, баулу, бас агрономы, бригада, өту, жүгіру, құрылысшымыз, бару, келу.

26-жаттығу. Сөйлемдерден қарамен жазылған сөздердің қалай байланысып тұрғандығын анықтаңдар.

Оған **Жиёмбеттің інісі Жолымбет батыр** қызығып, барар жерге жеткізбей **жолай тартып әкетіпті**. 2. Рас, **Жиёмбет жырау** Есімхан тұсында жасап, сол ханның **әскер басыларының** бірі болумен бірге, әрі батыры, әрі **жорықшы жырауы** болған адам. 3. **Толғамалы ақ балта**, толғып ұстар күн қайда! 4. Шалкиіз жырау толғауларында сөз қолдану, оны **көркемдік тәсілмен сипаттау** жағынан да, ұйқасы, ырғағы жағынан да **халық ауыз әдебиеті** үлгілерінің сарынын анық аңғарамыз. 5. Осы екі толғауында **анық байқалатын мәселе – шындық**. 6. Бұл – XVI ғасырдың **40–50-жылдары**. 7. Онда толғауға тән **елдік пен ерлік** мәселесі ерекше асқақ шабытпен нөсердей жырланады.

(Қ.Сейданов т.б. «Қазақ әдебиеті» оқулығынан. 2006 ж.)

§ 8. СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ

Біз Ғаниды өзінің үйінен таптық (А.Т.) деген сөйлемдегі сөздерді байланысу тәсілі тұрғысынан қарасақ, бәрі де қосымшалар арқылы байланысып тұрғанын білеміз: біз таптық (жіктік жалғауы арқылы), Ғаниды таптық (табыс септік жалғауы арқылы), өзінің үйінен (ілік септік жалғауы мен тәуелдік жалғауы арқылы), үйінен таптық (шығыс септік жалғауы арқылы байланысқан). Бірақ бұлар сөздердің байланысу түріне қарай өзара ажыратылады: жіктік жалғауы арқылы байланысқан сөздер бір түрге, ілік септік жалғауы мен тәуелдік жалғауы арқылы байланысқан сөздер екінші түрге, табыс, шығыс септік жалғаулары арқылы байланысқан сөздер үшінші түрге жатады. Демек, сөздердің байланысу түрлері сөздердің байланысу тәсілдерінен басқаша ерекшеліктерді қарастырады.

Қазақ тілінде сөздердің байланысу түрлері мыналар: *қиысу, меңгеру, матасу, қабысу және жанасу.*

Қиысу. Сөз бен сөздің жіктік жалғауы арқылы немесе **жіктелу ретімен** жақ жағынан үйлесе байланысқан түрі.

Мысалы: 1-жақ. *Мен сөйлеймін. Біз сөйлейміз.*

2-жақ. *Сен сөйлейсің. Сендер сөйлейсіңдер.*

(Сыпайы түрі)

Сіз сөйлейсіз. Сіздер сөйлейсіздер.

3-жақ. Ол сөйлейді. Олар сөйлейді.

Магасу. Сөз бен сөздің **ілік септік жалғауы** мен **тәуелдік жалғауы** арқылы жақ жағынан үйлесе байланысқан түрі.

М ы с а л ы : 1-жақ. *Менің кітабым. Біздің кітабымыз.*

2-жақ. *Сенің кітабың. Сендердің кітаптарың.*

(Сыпайы түрі)

Сіздің кітабыңыз. Сіздердің кітаптарыңыз

3 -жақ. Оның кітабы. Олардың кітаптары.

Меңгеру. Сөз бен сөздің **барыс, табыс, жатыс, шығыс** және **көмектес септік жалғаулары** арқылы байланысқан түрі.

Жансая допты қолына алды. Трактор орнынан жұлқына қозғалды. (*Ж.Түменбаев*) Мен мына арқанмен түсемін. Сәтжандар оқитын сыныпта табиғаттану сабағы жүріп жатты. (*С.Б.*) Бұл сөйлемдердегі меңгерулер: допты алды, қолына алды, орнынан қозғалды, арқанмен түсемін, сыныпта жүріп жатты.

Қабысу. Сөз бен сөздің ешбір жалғаусыз, тек **орын тәртібі** арқылы **іргелес** байланысқан түрі.

Үлкен терезе, жиырма бес бала, бұл үй, сегізінші сынып, түндегі оқиға, орындалған арман, ағаш қасық, алтын дән, бақытты балалық.

Жанасу. Сөз бен сөздің ешбір жалғаусыз, бірде **іргелес**, бірде **алшак** тұрып байланысқан түрі.

Жанаса байланысатын сөздер көбінесе үстеуден болады. **Әдейі** келу, **қасақана** айту, **дереу** жеткізу, **шапшаң** қимылдау. Кейде септеулік шылаулар арқылы байланысады. **Көпір** арқылы өту, **түске шейін** бітіру, **сабақтан соң** келу, **білу үшін** оқу.

27-жаттығу. Мәтіннен қыса байланысқан сөздерді өз алдына топастырып, қай жақта, қай түрде (жекеше я көпше) қиысып тұрғандығын тұс-тұсына жазып көрсетіңдер.

...Бір күні жұмыстан келсем байлаулы тұрған жалғыз қойымыз қазығында оралып, арам қатып жатыр. Дәннің орнына тұз шашып бес-алты тауығымызды да қырып тастады

сол Хадишаң. Жұмыстан шаршап-шалдығып, әрең жеткенде үйде ыстық тамақ та болмайды. Сенсең шайды да өзім қайнатып ішіп жүрдім. Оның қылатын ісі – айнаға қарайды, көздерін бояйды, магнитофонды өкіртіп қойып биге түседі. Бірдеңе десең, жанжал, айқай-шу күн сайын. Құлақ-миымды жеп, жігерімді езіп жіберді. Дегбірімнен адасып, кейін ғана көңілім жайына түсейін деді. Тамақ бататын, ісім өнетін болды. Қайтып оның жүзін көрмесем деймін... (С.Бұхар.)

28-жаттығу. Мәтіндегі меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін тауып, олардың қандай септік жалғаулары арқылы байланысқанын айтыңдар.

1. Сапар сөзін бітірді де, суыған шайын жұта салды.
2. Байбол қолын қойнына тығып жіберіп, ...қолтық қалтадан ескі шүберек алып шықты. Шүберектің ішінен дөңгелек мөрдің жұқа резинкасын шығарды. Оны әуелі түкірікпен, оған жарымаған соң, тура тілімен жалап сия қарындашты езді де, ақ қағазға баса берді. (Ә.Мұст.)

29-жаттығу. Жанаса байланысқан сөздерді тауып, олардың тұрған орнын байқаңдар.

1. Асқар өмірден тосырқап қалғанын енді сезді. Бұрын Айшаға өзі таңдап беретін еді... Сол тосырқағанын Айша да сезді білем, көз қиығын Асқарға бір төңкеріп, официантқа тапсырыс берді. 2. Такси көл жағалап «Шығысқа» жеткенше әңгіме шертті. Айша шешіле ой тастап сөйлейді де, Асқар жан-тәнімен беріле, ықыласын сала тыңдайды. Сөзіне мән беріп, жадына сақтап, өзінше түсінеді. (З.Ш.)

✳ ТІЛ ҰСТARTY (АУЫЗША ЖӘНЕ ЖАЗБАША)

30-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, мәтіннің құрылысына, мазмұнына көңіл аударыңдар. Ондағы сөйлем мен сөйлемнің, абзац пен абзацтың арасында қандай мағыналық байланыс болатынын байқап, мәтіннің қалай жасалатындығы жөнінде өз ойларыңды айтыңдар.

Төле би Әлібекұлы кезінде қазақ хандығын, қазақ елінің бірлігін нығайтуға қызмет еткен қайраткер болған.

Төле бидің қоғамдық қызметі, әсіресе, 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығынан кейін айқынырақ көзге түседі. Қыз анандан, бота енеден ажырап аңырағанда, азынаған осынау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған шапқыншылық заман-

да халыққа қарадан шыққан билер де ұйтқы, ұйымдастырушы болды. «Елге бай құт емес, би құт» дейтін нақыл сөзді Төле би сол кезде айтыпты.

Міне, осында ел басына екі талай күн туып, ер сасқан, әйел етегін басқан қысталаң кездерде Ұлы жүзді бастаған Төле би қонысынан аумай елін, жерін бүліншіліктен сақтап қалған, күші басым жауға қарсы шығып, қамсыз отырған халық қанын мағынасыз төкпей айла-тәсіл қолданған. Осы арада Төленің даналығын бейнелейтін бір халық аңызы бар.

Жоңғар шапқыншылығынан босап ел қаша көшкенде Төле үйін жықпай жұртта қалыпты-мыс. Қалмақтың әскер басы бұған таңданып, көшпеген себебін сұрағанда, Төле би «Биыл шаңырағымға бір қарлығаш ұя салып еді; бұл бүкіл дүние жүзін топан суы басқанда Нұқ пайғамбардың кемесін суға батудан сақтап қалған, жыланға адам баласының жем болу қаупі туғанда, содан қорғаған жануар еді. Мен өз болашағымды қорғап қалған жануардың ұясын бұзып, балапандарын қырып кете алмадым» дейді. Мұны естіген қалмақ қонтайшысы «бұл әулие екен» деп, оның өзіне де тимепті-міс.

Аңыздың қаншалықты дұрыс-бұрыстығын кесіп айту қиын. Бірақ, бір шындық – Ташкент пен Шымкент айналасындағы қазақтар мен өзбектер Төле бидің есімін тура атамайды, күні бүгінге дейін «Қарлығаш әулие», «Қарлығаш би» деп қадірлейді.

(«Үш пайғамбар» кітабынан)

● Мәтін жөнінде түсініктеріңді есте сақтаңдар

Сызба:

Мәтіннің тұтастық бірліктері	Айрықша белгілері
1. Сөйлем	1) Мағына жағынан тиянақталған бірлік. 2) Мәтіннің бастапқы (төменгі) сатысы.
2. Күрделі синтаксистік тұтастық	1) Абзац. Құрамында бірнеше сөйлемі бар, өзара мағыналық байланыстағы бірлік. 2) Мәтіннің екінші (орта) сатысы.
3. Күрделі синтаксистік бүтіндік	1) Бірнеше абзацтан, бөлім, тарау, параграфтан құралатын бүтіндік. 2) Мәтіннің үшінші (жоғары) сатысы.

СӨЗ ТІРКЕСІ

§ 9. СӨЗ ТІРКЕСІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Мектеп, бастауыш мектеп, орта мектеп, жоғары мектеп; үй, екінші үй, оныншы үй; дүкен, азық-түлік, кітап дүкені. Алынған мысалдарда *мектеп, үй, дүкен* сөздері әр түрлі заттың атауы болып тұр. Басқалары – екі сөздің тіркесуі арқылы берілген атаулар. *Мектеп* сөзі жалпы атауды білдірсе, *бастауыш, орта және жоғары* деген сөздер мектептің түр-түрін көрсетіп, оларды даралап тұр. *Үй* сөзімен айтылған реттік сан есім де, *дүкен* сөзімен айтылған азық-түлік, кітап сөздері де сондай даралықты, нақтылықты білдіріп тұр. Тіркес түріндегі бұл атаулар, жеке сөздер сияқты, сөйлем құрамына «дайын» күйінде кіре алады.

Сөз тіркесі сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі атаулардың ғана құрылысын қарастырып қоймайды, сонымен қатар күрделі атау болмайтын жай тіркестердің де, сөйлем ішіндегі сөздердің де тіркесетінін қарастырады. Мысалы: *биік үй, қызыл алма, көк шөп, бес дәптер, әдепті бала. Мұратбектің даусы менің ойымды бөлді (С.Сарғ.)* деген сөйлемдегі сөздер үш тіркестен тұрады.

- 1) *Мұратбектің даусы;*
- 2) *менің ойымды;*
- 3) *ойымды бөлді;*


Мұндағы *даусы бөлді* деген – сөз тіркесі емес, сөйлемнің негізі болатын бастауыш пен баяндауыш.


Сөз тіркесінің айрықша белгілері: 1) толық мағыналы ең кемі екі сөзден құралады, 2) өзара грамматикалық тәсілдер арқылы бірі екіншісіне бағынып, сабақтаса байланысады, 3) бұлардың синтаксистік қатынасынан зат, құбылыс жайында кеңірек, нақты түсінік пайда болады.

▲ **Сөздердің бір-бірімен тіркесімділік негізде мағыналық әрі тұлғалық байланысқа түскен тобын сөз тіркесі дейміз.**

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің біріншісі бағыныңқы сөз деп, соңғысы басыңқы сөз деп аталады.

Мұны схемамен былай көрсетуге болады:





Сөз тіркесін жасауға тірек болатын сөзді **басыңқы сөз** дейміз.

Тірек сөздің мағынасын нақтылап, даралап тұратын сөзді **бағыныңқы сөз** дейміз.

31-жаттығу. Бірінші топта басыңқы сөз, екінші топта бағыныңқы сөз берілген. Әр сөздің бір-бірімен тіркесу қабілетіне сәйкес сөз тіркесін жасаңдар.

1. Науқастану, жігіт, жылқы, шұғылдану, тізілу, қаймақ, шашу, халық, кісі, шақыру.

2. Қатты, спортпен, әдепті, бір үйір, қою, оңды-солды, арнайы, қаз-қатар, меймандос, бір топ.

32-жаттығу. Көп нүктенің орнына бағыныңқы сөзді қойып, сөз тіркесі жасаңдар.

...мектеп, ... еңбек, ... оқушы, ... жетекшісі, ... мемлекет, ... өсіру, ... болжау, ... қатынасу, ... сырғанау, ... үйрену.

33-жаттығу. Сөз тіркесі түріндегі атауларды естеріңе түсіріп, тізім жасаңдар.

Киім атаулары : ... ,

Мекеме, ұйым атаулары: ... ,

Кәсіпорын, өндірістік бірлік, шаруашылық атаулары: ... ,

Газет-журнал атаулары: ... ,

Мемлекет атаулары:

§ 10. СӨЗ ТІРКЕСІ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР МЕН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Тілімізде сырттай қарағанда сөз тіркесіне ұқсас күрделі сөздер мен тұрақты тіркестер бар: бұлардың құрамында да екі не одан да көп сөздер болады. Мысалы: *қара көк, ақ сары, қызылды-жасылды, отыз екі, бес-алты, кетіп қалды, айта алмады, жығылып қала жаздады, тіс жармады, мұрнын шүйірді, әлек салды, құлақ салды т.б.*

Бұлар өздігінен сөз тіркесі бола алмайды. Себебі бұларда сөз тіркесіне тән айрықша белгілер жоқ. *Қара көк* деген күрделі сын есім екі түстің араласуынан пайда болған бір түсті білдіреді, екі сөздің бағыныңқы – басыңқы үлгісіндей байланысы жоқ. *Кетіп қалды* деген күрделі етістік құрамында негізгі етістік пен көмекші етістік бар. Ал сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің әрқайсысы толық мағыналы болу керек. *Мұрнын шүйірді* деген тұрақты тіркес құрамындағы сөздер өз мағынасынан айырылған, *менсінбеді* деген бір ғана сөздің мәнінде қолданылып тұр.

Күрделі сөздер мен тұрақты тіркестер сөз тіркесінің құрамына еніп, оның бағыныңқы сөзі (сыңары) не басыңқы сөзі (сыңары) болады. Мысалы: *сары ала қаз, сексен бес машина, қарқылдап күліп алды, тайға таңба басқандай жазылған*.

Күрделі сөздің түрлері: күрделі сын есім, күрделі сан есім, күрделі етістік, есім сөздер мен көмекші етістіктің, еліктеуіш сөздер мен көмекші етістіктің байланысы, есім, етістік, үстеу сөздердің септеулік шылауларымен байланысы.

34-жаттығу. Сөз топтарының қайсысы сөз тіркесі, қайсысы күрделі сөз немесе күрделі тіркес екенін анықтаңдар.

Қызыл күрең – қызыл күрең ат, бара жатыр, үйде жатыр, он екі, екі ай, жұмған аузын ашпау, сіркесі су көтермейді; мөлдір су, асығып-үсігіп, зыр жүгіру, көпір арқылы, көпірден өту, селт етпеу, табыс ету, куә болу, күзге қарай, жақсы көру, әдемі жазу.

35-жаттығу. Сөз тіркесінің құрамындағы күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің бағыныңқы я басыңқы болып тұрғанын ажыратыңдар.

Ешкімнің ала жібін аттамау, ашық ауыз адам, етек-жеңі жинақы ауыл, ұшып тұрып сәлемдесу, күлімсіреп қарсы алу, сыныпқа жетекшілік ету, тарс етіп жарылу, бүгін-ертең жүру, қоңыр ала сиыр, бес жүзден астам қой, сөзге құлақ аспады, айтқанымды аяқсыз қалдырды.

36-жаттығу. Төмендегі сөз таптарының қай жағдайда тұрақты тіркес, қай жағдайда сөз тіркесі болатындығын сөйлем ішіне келтіріп анықтаңдар.

Үлгі: *Ол кітап оқуды жақсы көреді. – Оның көзі алыстағыны жақсы көреді.*

Жаксы көреді – алғашқы сөйлемде тұрақты тіркес, соңғы сөйлемде сөз тіркесі.

Тізе бүкті, қолы тиді, ойыншық көрді, тісін қайрады.

§ 11. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Шын достық, жас бала, балаларға базарлық, боранмен айқас, Ардақтың үйі, өнерге бейім, оқуға ынталы, бес дәптер, Анаңнан үлкен деген тіркестердің басыңқы сөздері зат есім мен сын есімнен болған.

Үйге кіру, абыржи кіру, қызметтен оралу, бабымен пісіру, шөп шабу, егінді күту, қатты қадірлеу, жоғары ұшу, төмен түсу деген тіркестердің басыңқы сөздері етістіктен болған.

Басыңқы сөздің қай сөз табынан болғанына қарай сөз тіркесі **есімді тіркес** және **етістікті тіркес** болып екіге бөлінеді.

Басыңқы сөзі есімнен (зат есім, сын есім) болған сөз тіркесін **есімді тіркес** дейді.

Басыңқы сөзі етістіктен болған сөз тіркесін **етістікті тіркес** дейді.

Есімді тіркес, оның түрлері	Етістікті тіркес
1. Зат есімді тіркес а) Кірпіш үй, биік терек, отыз жұмысшы, барлық халық, орындалған арман. ә) Әсетпен дос, маған нағашы.	а) мектепке келу, үзілісті күту, балалармен әңгімелесу. ә) тез жүру, үздік оқу
2. Сын есімді тіркес а) бидай өнді, қой көзді, қызыл шырайлы, шоқша сақалды. ә) сөзге саран, үйде шапшаң, судан таза, сүттен ақ.	а) екі айту, үш келу ә) кілт тоқтау, сақ-сақ күлу б) әрең қозғалу, әдейі бару в) таңдана қарау, жалықпай іздену, ойланып сөйлеу

37-жаттығу. Сөз тіркестерін түр-түріне ажыратып, әрқайсысын бөлек топтап жазыңдар.

Үлгі:

Зат есімді тіркес	Сын есімді тіркес	Етістікті тіркес
жаңа мекен	балаға мейірімді	жұмысты жандандыру

Жаңа мекен, балаға мейірімді, жұмысты жандандыру, халық мұрасы, ақталған сенім, ініге ізет, темірге бай, мерекеге ұласу, таудағы үйлер, үш дос, қыздардың көмегі, ұстаздарға алғыс, суыққа төзімді, бөлмені безендіру, ерте жату, көруге құмар, бүгін әкелу, бетегеден биік, жусаннан аласа.

38-жаттығу. Оқып шығып, мазмұнына көңіл аударындар. Сөйлемдегі сөздерді сөз тіркесіне қарай топтап, тіркестің қай түрі екенін айтындар.

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді. Адам баласын замана өсіреді. Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы. Дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. (Абай)

39-жаттығу. Берілген өлеңді мәнерлеп оқындар да мазмұнын ұғып, ондағы сөйлемдердегі сөздерді сөз тіркесінің түрлеріне қарай ажыратындар.

*Қатыгез қайсыбір сағатта,
Өмірді келеді тастағың.
Сонда да үмітті жоғалтпа,
Қаралы күндерден қашпаған.*

*Сабыр ет, тоқтау қыл, шеше біл,
Тағдырың улы оғын жолдаса.
Өзің-ақ ойлашы, несі өмір?!
Уанып, қайғысы болмаса.*

*Қай жерде тіршілік өмір бар,
Сол жерде қуаныш, қайғы да.
Болса да алдың құз, артың жар,
Төзе біл, өмір сүр, айныма!*

(М. Шаханов)

§ 12. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Сөз тіркесінің құрылысы сөздердің байланысу түрлеріне қарай анықталады.

Жарастың досы, сіздің ойыңыз, біздің ауыл, ұжым жиыны, ауыл жастары – **матасу** байланысы арқылы жасалған сөз тіркестері. Белгісі: [Зат.е.+ ілік сеп.–зат. е. + тәуел.жал.]

– *Жарастың досы.*

[Есімд. + іл.сеп. – зат. ес. (тәу.ж. О)] – *біздің ауыл.*

[Зат.е. + (іл.сеп. О) – зат. ес. + тәу.ж.] – *ұжым жиыны.*

Жиналысқа қатысу, хатқапты ашу, хат жазу, кезекте тұру, қаладан қашық, техникамен жабдықтау – **меңгеру** байланысындағы сөз тіркестері.

Белгісі: [Зат 3¹ – Ет] – *жиналысқа қатысу.*

[Зат 4 – Ет.] – *хатқапты ашу.*

[Зат 4 – Ет.] – *хат жазу.*

[Зат 5 – Ет.] – *кезекте тұру*

[Зат 6 – Сын.] – *қаладан қашық.*

[Зат 7 – Ет.] – *техникамен жабдықтау.*

Жасыл жайлау, бүкіл жұмыс, екі дос, үйілген шөп, қатты ашулану, үш келу, борп-борп желу – қабысу байланысындағы сөз тіркестері.

Белгісі: [Сын – Зат]; [Есімді. – Зат]; [Сан – Зат]; [Ет: (есімше) – Зат]; [Сын – Ет]; [Сан – Ет]; [Елікт. – Ет].

Әдейі сұрану, қазір шығару, анда-санда көру, кеште-те келу, таңданғандай қарау, ұшқындап жауу – жанасу байланысындағы сөз тіркестері.

Белгісі: [Үст. – Ет.] – *әдейі сұрау.* [Ет. (көсемше) – Ет.] – *кештете келу.* [Ет. (Есімше + дай) – Ет.] – *таңданғандай қарау.*

Демек, матасу, меңгеру, қабысу және жанасу – сөз тіркесі құрылысының байланыс түрлері болады.

Байланыстың осы түрлері арқылы сөз тіркесінің (жайылма) түрлері де жасалады.

Сөз тіркесінің күрделі (жайылма) құрылысында да сөз байланыстарының осы түрлері қатысады.



Сөз тіркесінің күрделенген құрылысында сөздер:

1. Сатылай байланысады.

1) *Қойлы ауыл – қойлы ауылдың көктемі.*

¹ Септіктің рет тәртібін көрсетеді. Зат 3 (барыс септігі)

2) *Өзбекстан Республикасы Президентінің Жарлығы.*

2. Жарыса байланысады.

Жастардың жалынды жігері.

Қаланың ауылға көмегі.

40-жаттығу. Берілген сөз тіркесінің құрылысымен танысып, байланыс түріне қарай (матасу, менгеру, қабысу, жанасу) топтандар.

Еңбектеріне разы, жастардың көмегі, жаңалық хабар, кітап оқу, еңбек өнімділігі, төртінші қабат, жақыннан көріну, мектепке бару, сықырлаған аяз, селк етіп ояну, өзіміздің мұғалім, мұқият тексеру, сәл аялдау, мақта теру.

41-жаттығу. Сөз тіркесінің күрделенген құрылысына байланыс тұрғысынан (сатылай я жарыса) талдау жасаңдар.

Дана көзін ашқанда үй іші жап-жарық екен. Әйнектен түскен күн сәулесі бөлме ішінде құбыла ойнайды. Серіппе төсектен жеңіл ырғып түскен Дана жүгіріп барып терезенің форточкасын ашты. Үйге енген самал тымырсық ауаны қуалап, бөлме ішін желпіді. Таза ауа сергектік пен жігер ала келгендей. Енді ол төрдегі радиоқабылдағыштың құлағын бұрады. Кейде нәзік сызыла, кейде шарықтаған музыканың әсем толқынды сазы құлаққа келді. (*С.Сарғ.*)

42-жаттығу. Сөйлемдегі сөздерді сөз тіркесінің құрылысына қарай талдаңдар.

Мен концерт залына кіргенімде, шам өшіп, сахнаның қызыл мақпал пердесінің ар жағында прожектор сәулесі ойнап тұр еді. Ала көлеңке залда түртініп жүріп, өз орнымды әрең таптым. Концерт бастаушы алғашқы нөмірді жариялап та қойды. Оркестр бір жас композитордың «Көктем әуендері» деген әнін орындай бастады. (*С.Ахмад.*)

§ 13. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ

Сөз тіркесіндегі бағыныңқы сөз басыңқы сөзбен қарым-қатынасқа түскенде, бір жағынан, сол тіркеске тән нақты лексика-грамматикалық мағына да, екінші жағынан, сөз тіркесінің осы құрылысына ортақ грамматикалық мағына да пайда болады.

Сөз тіркесіндегі грамматикалық мағына басыңқы сөз бен бағыныңқы сөздің арасындағы үш қатынастан пайда болады: *анықтауыштық қатынас, толықтауыштық қатынас және пысықтауыштық қатынас.*

АНЫҚТАУЫШТЫҚ ҚАТЫНАС

Анықтауыштық қатынас **матаса, қабыса** байланысқан есімді тіркестерге тән. *Адамның өмірі, телеграфтың сымы, біздің ауысым, мал дәрігері, екінші мамандық, жас шопан, жазғы каникул, көк құнан.* Анықтауыштық қатынас басыңқы сөзден бағыныңқы сөзге **кімнің?, ненің?, қандай?, қанша?, неше?** деген сұраулар қою арқылы анықталады.

Анықтауыштық қатынастағы лексика-грамматикалық мағына бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздің лексикалық ерекшеліктеріне сәйкес даралық, нақтылық сипат алады. Мысалы, матасу байланысындағы сөз тіркесінің құрылыс схемасы – [E² – E. тәу.ж.] болса, бұл құрылыс арқылы мына сияқты лексика-грамматикалық мағыналар беріледі.

Ақтайдың көйлегі – затқа меншіктілік.

Ақтайдың інісі – туыстық.

Ақтайдың досы – өзара байланыстылық.

Таудың желі – мекендік қатынас.

Үйдің терезесі – бүтіннің бөлшекке қатынасы.

Қабыса байланысқан сөз тіркесінің құрылыс схемасы арқылы да алуан түрлі лексика-грамматикалық мағына беріледі.

Белгісі: [Сын е. – Зат.е.]

сұрғылт бұлт – түс, рең сипаты

жалпақ маңдай – көлемдік мағына

пешти от – мекенге қатысты сипат
таңғы шық – мезгілге қатысты сипат

Бұл тіркестегі сөздердің бәрі сын есім болып, заттың алуан түрлі сынын білдіру олардың грамматикалық мағынасы болса, әр сөздің өзіне тән мағынасы лексикалық мағына болады. Сол лексикалық мағыналары арқылы бағыныңқы сөз басыңқы сөздің белгілерін, қасиеттерін даралайды, нақты сипат береді.

43-жаттығу. Сөйлемнен анықтауыштық қатынастағы есімді тіркестерді тауып, матаса не қабыса байланысқандарын өз алдына топтап жазындар да, олардың лексика-грамматикалық мағыналарын анықтандар.

Ұлықбек Көксарайдың түкпіріндегі бір бөлмеде ішқұса болып жатыр. Ол Көксарайда жарты ғасыр тұрып, бұл бөлмені көрмеген екен. Бөлме іші суық, әрі қараңғы. Еденге бір кілем жайылып, үстіне екі көрпеше төселген.

Міне, енді елу бестен асты, қырық жылдай тақта отырды. Бұл фәни дүниеде не рахат көрдің десе, не айтпақ? Бір ғажабы, шахтардың өмір-тірлігі өздері салдырған салтанатты сарайларға ұқсайды: алыстан жарқырап көз сүріндіреді, ішіне кірсең, қапас түнектен денең түршігеді... (Әділ Якубов)

44-жаттығу. Құрылысы жағынан біртектес сөз тіркестеріне лексика-грамматикалық талдау жасандар.

Айнұрдың анасы, балалар бөлмесі, ас үстелі, үйдің жаны, екеуіміздің досымыз, олардың әңгімесі, қыздың даусы.

Сұр бұлт, осы кісі, алыс жол, асыл шөп, жүз метр, кішкентай мүйіз тарақ, жүз мыңдаған ара, уылжыған алмұрт, қаптаған халық, гүрілдеген трактор, ағылған машина.

45-жаттығу. Анықтауыштық қатынастағы есімді тіркестердің күрделенген құрылысына талдау жасап, лексика-грамматикалық мағыналарын анықтандар.

Үлкен сайдың таңғы көрінісі, таудың найзадай тік шыңдары, Ұлықбек обсерваториясының көгілдір күмбезі, үлкен сары қауындардың бал татыған шырыны, қала көшелеріндегі электр шамдарының сәулесі, көктемде егілген ағаштардың сидан бұтақтары, ауылдың жарқын жүзді келіндері.

ТОЛЫҚТАУЫШТЫҚ ҚАТЫНАС

Толықтауыштық қатынас меңгеру байланысындағы есімді және етістікті тіркестерге тән. Басыңқы сөзден бағыныңқы сөзге *кімге?, неге?, кімді?, нені?, кімде?, неде?, кімнен?, неден?, кіммен?, немен?* деген сұрау қою арқылы анықталады.

Сөзге шебер, Абзалмен жасты, Нұржастан кіші баланы тәрбиелеу, тазалықты сүю, су құю, даусынан тану, көзбен көру.

Бұл қатынастағы жалпы грамматикалық мағына бағыныңқы сөздің басыңқы сөзді заттық мағына жағынан сипаттауы болады.

Лексика-грамматикалық мағына нақты тіркестің құрылысы арқылы беріледі. Мысалы, барыс септікті есімді сөз тіркесінің құрылысы: *сөзге шебер, оқуға зерек, музыкаға бейім, тілге шешен, ойнауға құмар*—сындық сапаның талғамы затқа қаратылғанын білдіреді. Бұлардың бәрі сын есімді тіркестер.

Барыс септікті етістікті тіркестің құрылысы:

Күнге кую, бұға пісу, тұзға пісу, суыққа тоңу, желге ұшыру, күнге табыну—қимылдың көзі болатын затты білдіреді. Салыстырыңдар: *тамақ бұға пісті*—бу тамақты пісірді.

Шүберекке тую, орамалға сүрту, тонға орау, жіпке тізу—қимылға қажетті затты білдіреді.

Барыс септікті етістікті тіркестің лексика-грамматикалық мағыналары алуан түрлі. Бұлар бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздің лексикалық мағыналарынан және олардың бір-бірімен қарым-қатынасынан туындайды.

Басқа септік жалғаулары арқылы байланысқан сөз тіркестерінде де алуан түрлі лексика-грамматикалық мағыналар пайда болады. Салыстырыңдар: *сүтті іш*—сүттен іш, *Шәкенмен сөйлесу*—телефонмен сөйлесу.

46-жаттығу. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін құрылысының ыңғайластығына қарай топтап жазып, лексика-грамматикалық мағыналарына талдау жасаңдар.

Көрпені қымтану, жұмыстан оралу, аурумен алысу, дәрігерге көрсету, радиода ән айту, көңіл сергіту, кинодан

шығу, балаларға айту, жиналысты басқару, қаладан келу, мамандықты игеру, мінезді өзгерту, бізбен сөйлесу, көруге ынтығу, сөзге жауап қату, жолаушыға кезігу, жұмыспен танысу, егістікті аралау.

47-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқып, мазмұнымен танысыңдар. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін көрсетіңдер.

Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме. Ел үмітін ер ақтар. Ер мойнында қыл арқан шірімес. Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді. Балуанға оң-терісі бірдей. Болат қайнауында шынығады, Батыр майданда шынығады. Жүк ауырын нар көтереді. Ат басына күн туса, ауыздығымен су ішер, ер басына күн туса, етігімен су кешер. Ердің асылы күшінен білінеді. Жігіт жолдасынан белгілі. Ер елімен жақсы, жер кенімен жақсы.

48-жаттығу. Сөйлемдерден толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін табыңдар. Не үшін толықтауыштық қатнас болып тұрғандығын дәлелдендер.

Түнде бөрі, күндіз ұры араласып көрмеген, жоны төңкерілген құр асаулар енді тай-құнанына шейін құйрықтарын шаншып алып, осқырып, құйықтыра жөнелісті. 2. Абылғазылар тау басына шыққан жерде-ақ, бұл топтың жау екенін Әзімбай алдымен аңғарған. 3. Қалың киімді, қауқиған үлкен денелі, қайсар жылқышы қазір қанатынан оқ тиген үлкен қара құстай көрінеді. 4. Қаражаннан соң баласын құшақтаған Тәкежан да өкірді. 5. Қостап жылқы, мыңдап мал өргізіп отырған осы атқамінерлердің бәрінің ен жатқан малына ертең ашпа-жалап кедейді осылайша қаптатып, қырғыза бастаса не болмақ! 6. Ағыл-тегіл қара терге түсіп, үлкен көзі алақтап, қаны қашып, қуара береді. 7. Әйелі мен балаларын да бар мейірімен, бар жанашырымен жұбатты.

(М.Әуезов. «Абай жолы»)

ПЫСЫҚТАУЫШТЫҚ ҚАТЫНАС

Пысықтауыштық қатынас меңгеру, қабысу және жанау байланыстарындағы етістікті тіркестерге тән. Басыңқы сөзден бағыныңқы сөзге *қайда?*, *қайдан?*, *қашан?*, *қайтіп?*, *қалай?* т.б. сұраулар қою арқылы анықталады.

Өзеннен өту, алыстан көріну, далаға түнеу, салмақпен сөйлеу, балаша қуану, гүлдей құлпыру, қалтқысыз сену.

Пысықтауыштық қатынастың лексика-грамматикалық мағынасы нақты сөз тіркестерінің құрылысынан анық байқалады.

Сөз тіркесінің құрылысы	Байланыс түрі	Сұрауы	Сызбасы	Лексика – грамматикалық мағынасы
биыл ашылмақшы	жанасу	<i>қашан?</i>	[Үст.-Ет.]	істің мезгілі
ауылда ашылмақшы	меңгеру	<i>қайда?</i>	[3 ат.5.]	істің мекені
қалың киіну	қабысу	<i>қалай?</i>	[Сын.-Ет.]	істің қимыл-сыны
жалтақтап қарау	жанасу	<i>қалай?</i>	[Көсемше.-Ет.]	қимыл-сын мағына
әдейі бару	жанасу	<i>неге?, не үшін?</i>	[Үст.-Ет.]	істің мақсаты
ұялғаннан қызару	меңгеру	<i>неге?, не себепті?</i>	[Есімше.-Ет.]	істің себебі

49-жаттығу. Әр топтағы сөз тіркесінің құрылысын анықтап, бағыныңқы сөздің басыңқы сөзбен қандай мағыналық қатынаста тұрғанын айтыңдар. Әр тіркестегі бағыныңқы сөздің жасалуын, сұрауын көрсетіңдер.

1. Ауылға келу, салтанатпен қайту, ертемен тұру, қаладан келу, орманға жақындау, жақында жазу, саябақта қыдыру.
2. Жоғары көтерілу, шапшаң жүргізу, баппен жүру, ақырын қозғалу, төмен сырғыту, дереу алып келу.
3. Үздік оқу, көңілді оралу, қаңбақтай дөңгелету, дамылсыз тасу, қас қаққанша жету, күн ара келу, күні бойы оқу.
4. Рақаттана күлу, бытырай жайылу, тайғанақтап құлау, қорқынышты қалтырау, жалп етіп құлау.

50-жаттығу. Сөйлемдегі сөздерді сөз тіркесіне қарай топтап, олардың қай қатынасты білдіріп тұрғандығын сұрау қою арқылы анықтандар.

1. Осыларды ойлап келе жатып, атаның үйіне келіп қалғанымды аңғармаппын. Үй төңірегі түкті кілем төселгендей. Екі жерошақта қазан қайнап жатыр. Жас етгің иісі мұрнымды қытықтап, өңешімді өртегендей болады. Айдаладағы жалғыз үйдің айналасы бүгін қызу қимылға, көңілді күлкіге толы, абыр-сабыр. Бозбалалар жақтан домбыраның үні естілсе, қыз-қырқын тобынан сыңғырлаған күлкі келеді құлаққа. Бір

балдақты кісі Әкмал ағайды қариялар отырған жаққа қарай ертіп кетті.

Қас қарайып қалған. Үйдің айналасы опыр-топыр.

Сыпабек ата бүгін келін түсірген. Ол кісінің жағасы жайлауда. Самбырлап сөйлеп жүр. (Н.Фазылов)

51-жаттығу. Құрылысы жағынан бір тектес әрбір сөз тіркесіне өз ойларыңнан екі-екіден сөз тіркесін тауып жазыңдар да, ортақ грамматикалық мағыналарын айтыңдар.

- | | |
|------------------------|-------------------------|
| 1) қағазды кесу ... | 4) мұғалімнен сұрау ... |
| 2) Абзалдың кітабы ... | 5) доппен ойнау... |
| 3) өзенге шомылу ... | 6) балаша күлу... |

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

◆ Сөзді дұрыс қолдану үшін алдымен оның мағынасын анықтап алу қажет болады. Төменде берілген мысалдарды оқып, өздерің қалай түсінетіндеріңді айтыңдар. Сұраққа толық жауап беріңдер.

1. Көзіне қара. Көзің жарық жұлдыздан, Шашың жібек құндыздан. (*Жамбыл*). Сақиналар да өрнектеліп, тастан көз орнатылып әсемделеді. (*С. Қошманов*.) Көзі тұр ғой, айтсын. Шәрдан әкемнің көзі деп, үлкен сары тонды төрге іліп қоятын еді. Картоптың көзі өніп шықты. Кесте тігетін иненің көзі кең болу керек. Ай десе аузы, күн десе көзі бар. Ала көзбен атты.

● Осы мысалдардағы «көз» сөзінің мағыналарын қалай түсінесіңдер? *Көзің жарық жұлдыздан* дегенде, *сақинаның көзі, әкемнің көзі, картоптың көзі* дегенде немесе *ай десе аузы, күн десе көзі бар* деген тіркестердегі «көз» сөзі қандай мағынада қолданылып тұр?

2. *Өлеңді жерде өгіз семіреді – өгіз қай өлеңді жеп семіреді? Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы (Абай) – бұл – қай өлең? Басың жас – Басың кәрі деп неге айтылмайды? Сақалды басыммен келіп тұрмын. – Сақалсыз басыммен келіп тұрмын деп неге айтылмайды? Басымды тауға да, тасқа да ұрдым. Басын неге үйге, кірпішке ұрмайды? Аяғына бас ұрды – қолына неге бас ұрмады?*

● **Әрқайсысының қандай мағынаны білдіріп тұрғанына талдау жасап, өз сөздеріңмен түсінік беріңдер.**

✳ ТІЛ ҰСТARTY (АУЫЗША ЖӘНЕ ЖАЗБАША)

52-жаттығу. Берілген мәтіндердің қай стильге жататындығын анықтандар. Әр стильге (көркем шығарма, ғылыми, публицистикалық) тән сөздерді, сөз қолданыстарын көрсетіндер.

1. Майға піскен тоқаштай Сарыөзектің қоңыр күзі мамырлаған тамаша бір кезі еді. Артынша қыс та келді. Қар бірден басып салады. Айнала аппақ көрпе жамылған ол да бір әдемі сурет сияқты еді. Маңқиған ұлы ақ даланы қақ жарып, жіп-жіңішке жіптей болып, темір жол ғана қарайып жатады, сол жолмен бұрынғыша пойыздар жүйткіді. Сол жолдың бір бүйірінде, ақ жамылған дөңестердің бір қуысында жан-жағын Боранды бекет ауылы бүкірейіп тұрғандай көрінеді. Бірнеше үйі, тағы мал қора, оны-мұнысы... (Ш.Айтматов)

2. Тұқым – өсімдіктің бір бөлігі. Ол аналық өсімдікте пайда болып, осында пісіп жетіледі. Тұқым дегеніміз – кішкентай ғана болашақ өсімдік. Оның негізгі бөлігі – ұрығы. Егер тұқымның ұрығын бойлай кессек, микроскоп немесе өте үлкейткіш лупа арқылы оның бастапқы тамыршасын, сабағын және жапырақшасын көруге болады. («Ол кім? Бұл не?» кітабынан.)

3. Аға шопан Оразбай Сейдуалиев қой бағумен ұзақ жылдардан бері айналысып келеді. Жанұялық жалгерлік әдістің қолайлығын өзі де, балалары да ұнатып, екі отар қойды еншісіне алыпты. «Қой шелді болмай, төлді болмайды» деген халықтық қағиданы берік ұстанған Орекең қыс бойы қойлардың қонды болуына айрықша мән беріпті. Қойлар қыстан шығынсыз шыққан.

(«Нұрлы жол» газетінен)

СӨЙЛЕМ

§ 14. СӨЙЛЕМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Адам бір-бірімен түсінісіп, пікір алысу үшін, қарым-қатынас жасау үшін сөйлейді. Сөйлеу дегеннің бәрі жеке-жеке сөйлемдерден құралады.

– Оқып жүргеніңді Кенжетай айтып еді. Оқуларың бүгін басталды ма?

– Бүгін төрт сағат оқыдық. (С.М.)

Мұнда екі адам бір-бірімен сөйлесіп, қарым-қатынасқа түскен, пікір алысқан. Құрамында біршама тиянақты ойды білдірген үш сөйлем бар. Алғашқы сөйлемде Кенжетайдың айтқаны туралы ой, екіншісінде оқуларының басталған-басталмағанын білуді мақсат еткен ой, соңғысында тыңдаушының оған қайтарған жауабы түрінде берілген. Әр сөйлем бір-біріне өзіне тән интонация арқылы ерекшеленіп, бөлініп тұр. Үш сөйлемде де іс-оқиға өткен шақта болған.

Кез келген сөз, сөз тіркесі сөйлем бола бермейді. Сөйлемнің өзінде мына сияқты басты белгілері бар:

1. Оның грамматикалық негізі, яғни тұрлаулы мүшелері (бастауыш пен баяндауыш) болу керек. Жоғарыда келтірілген сөйлемдердің грамматикалық негіздері мыналар: (1)... *Кенжетай айтып еді.* (2) ... *Оқуларың басталды ма?* (3) ... *оқыдық.*

2. Әр сөйлем интонация арқылы тиянақталып, тұйықталады.

3. Белгілі бір шақтағы (осы шақ, өткен шақ не келер шақ) іс-оқиға баяндалады. *Зұлқия келген жұмысын баяндап отыр.* – **осы шақ.** *Туған ауылыма барып, ұжымшар жұмысына араласамын.* – **келер шақ.** *Даланы еңбек толқыны басты.* – **өткен шақ.** (М.И.)

Сөйлем айтылу мақсатына қарай *хабарлы, сұраулы, бұйрықты* болып үш түрге бөлінеді. Сөйлем адамның түрлі көңіл-күйін (қуану, ренжу, т.б.) білдіруіне қарай лепті түрде де айтылады.

Құрылысына қарай сөйлем *жай сөйлем* және *құрмалас сөйлем* болып екі үлкен топқа бөлінеді. Бұлардың жай не құрмалас сөйлем екендігін, грамматикалық негізінен айқын байқалады: жай сөйлемде бір ғана грамматикалық негіз болса, құрмалас сөйлемде ең кемі екі грамматикалық негіз болады. Мысалы: 1. Мұғалім Өзбекстан Республикасының тәуелсіздігі мен дамуы туралы әңгіме айтты. 2. Мектеп ашылғаннан бері, мұғалім де Абай өлеңдерін үнемі біздің құлағымызға құя жүретін (С.О.)

▲ **Біршама тиянақты ойды білдіретін синтаксистік бірлікті сөйлем дейміз.**

Сөйлем мен сөз тіркесінің айырмашылығын салыстырындар.

Сөз тіркесі	Сөйлем
Жеке сөзге қарағанда, зат, құбылыс жайында кеңірек, нақтырақ түсініктің атауы болады. Құрамындағы сөздердің біреуі басыңқы сөз, екіншісі бағыныңқы сөз деп аталады.	Біршама тиянақталған ойды білдіреді. Әрқашан белгілі бір интонациямен айтылады. (Хабарлау, сұрау, лепті.)
Толық мағыналы ең кемі екі сөздің сабақтаса байланысуынан құрылады.	Грамматикалық негізі болады. Әрқашан белгілі бір шақпен айтылады (осы шақ, өткен шақ, келер шақ)

53-жаттығу. Оқып шығып, сөйлем жігін ажыратындар. Әр сөйлемнің грамматикалық негізін (бастауышы мен баяндауышын) тауып, астын сызындар, қай шақта болғанын айтындар.

Үш күннен бері кемпірден хабар жоқ біз ол кісіге әбден үйреніп кеткен едік. Әр жолы сүт пе, жеміс-жидек пе, бірдеңесін алып келіп бәрімізге беріп бәйек болып жаны қалмаушы еді. Ыдыс-аяқ, төсек орнымыздың ретсіз шашылып жатқаны сол келгенде ғана байқалатын оның мейірбан жүзі, жылы сөзі біздің көкірегімізде жатқан сағынышты оятып, әр қайсымыз ауылда қалған өз анамызды еске алатынбыз. (Саид Ахмад)

54-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті қосымша қойып, сөйлемді тиянақтандар. Грамматикалық негізінің астын сызындар да, қай жақ, қай шақта тұрғанын көрсетіндер. Қиысу байланысын еске түсіріндер.

Нығмет біздің тізімімізді ал ... Үйді-үйге бөл ... Маған Қарақұл деген кісінің үйі ти ... Ол үйді жақсы біл ... Мұрны біздей, басы қалт-қалт еткен сойдақ тіс арық кемпірі бар. Дүниеде тілі ащы. Қашан көр ... ауылды басына көтеріп, біреуді қарғап-сілеп жүр ...

–Басқа үй болмай ма?–де ... Нығметке, қаға берісте өзімсініп.

–Болмайды,–де ... маңғазданып. (С.Сарғ.)

55-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, құрылысына назар аударыңдар. Сөз тіркестерін сөйлемге айналдырыңдар да грамматикалық негізін тауып, астын сызыңдар.

Жас-кәрінің құшақтасып көрісуі. Бір-біріне ізгі тілек айтуы. Орындалмай жүрген армандарын айтуы. Наурыз кәдесіне ешкімнің күлмеуі. Ата-бабаларымыздан қалған өнеге деп ұғынуы. («Нұрлы жол» газетінен)


- С. Әр сөйлемнің шағын көрсетіндер.

СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

§ 15. ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕМ

▲ **Хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылған сөйлемді хабарлы сөйлем дейміз.**

> Хабарлы сөйлемнің басқы жағы көтеріңкі айтылып, соңғы жағы бәсеңдейді. Жазуда хабарлы сөйлем соңынан нүкте (.) белгісі қойылады.

Сызбасы: 

Адам баласы бұл өмірде еңбексіз ештеңе де, ұлы да, кіші де нәрсе жасаған емес. Жеңіс пен табыс дегеннің өзі талапты ерді сүйеді. (С.Бақб.)

56-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, мазмұнына көңіл аударыңдар. Хабарлы сөйлемдер арқылы қай мағына (хабарлау, баяндау не суреттеу) беріліп тұрғаны жөнінде өз ойларыңды айтыңдар.

Бала кезімізде біздің рудан Нар дейтін би шығыпты. Ол кісіні мен өз көзіммен көрдім де. Сырықтай тіп-тік, шойындай қара, орақ мұрын, салпақ ер, үңірек көз, қалың бурыл сақал омырауын қаптай басқан еңгезердей биік шал әлі есімде. Нар деп шынында да тауып қойған екен дейтін ел. Нар екені рас еді.

Нар әділ би болған екен. Ол кезде біздің ел Әулие ата оязына қарайды екен. Қалаға жақын Бақтөбе дейтін жер бар еді. Ол он үй сіргелі, он үш қораластардың қонысы екен. Нардың жамағайын апасы Ұмсындықтың үйіне барып би жатады екен. Ұмсындық ерте жесір қалып, он үш үй сіргеліні билеген әйел екен. (Б.Мом.)

57-жаттығу. Берілген микромәтіннен хабарлау мақсатында айтылған сөйлемдерді табындар.

...Өзінің тура сөзін жұрттың күлкісін елемей, қыңыр сөйлеп бітірді. Мағаш пен Кәкітай сол кезде күле алмай, іркіліп қалды. Өзері жақсы көретін адал, аңқау мінезді ағаның мына жерде ез сияктанып отырғанын ол екеуі де намыс етті және Абайдың ажарына қарап, «ашуланады да, Ақылбайды ұялтып, ұрсып жерлейді-ау!» десіп отыр. Абай енді Ақылбайға қайта қарап, оның мінезіне шұғылдан қызығып, әуелі біраз күліп алды.

– Осы айтқаныңды бөгде біреу тындаса, «анық қор мынау екен!» дер еді-ау, шырағым! Жұрт не дейді ертең? – деп, әлі де күліп отыр.

– Құнанбайдың бір баласы жаумен еркекше жағаласып, қан жоса боп жығылып жатқанша, тағы біреуі «қоста қуырдақ жеп алайын» деп тоғышарлық етіпті. Қазан түбінің майын жалап отырыпты дейді-ау! – деді.


(М.Әуезов. «Абай жолы»)

СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМ

▲ Бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз.

Мынауың қандай кітап? Мына бір сурет нені бейнелейді? Оны да өзің салып па едің? Машина Шортандыға жүре ме? Мені ала кетесіздер ме, ә? (М.И.)

> Сұраулы сөйлемнің өзіне тән интонациясы болады: бас жағы көтеріңкі айтылып, соңғы жағы онша бәсеңдемей, көтеріңкі қалыппен тынады. Жазуда сұраулы сөйлемнің соңынан сұрау белгісі (?) қойылады.

Сызбасы: 

Сұраулы сөйлемнің жасалуы	Мысалдар
1. Сұрау есімдіктері: <i>кім?, не?, қанша?, қандай?, қай?, қайда?, қашан? т.б.</i>	Іште кім бар? Татар әнін қайдан үйренгенсіз? (С.О.) Өзіңізбен бітірген шәкірттер қанша еді? (М.Ә.)

<p>2. Сұрау шылаулары: <i>ма, ме, ба, бе, па, пе, ше.</i></p>	<p>Асаубай деген қарт шопанды білесің бе? (Г.С.) Ұн тартатын комбинатта болдың ба? Нан комбинатында ше? («Армысың ардақты адам»)</p>
<p>3. -Ау, -ғой демеулік шылауларының қатысуы арқылы.</p>	<p>Мынау – сіздің оқушыңыз ғой? (С.Сарғ.)</p>
<p>4. Оқшау сөздер, көмекші сөздер арқылы: Олар: <i>ә, сірә, мүмкін, болар, шығар, қайтеді.</i></p>	<p>Рояль дейсің бе? Күйсандық қой, ә? (Г.С.) Кешегі сұрапыл соғысты бастан кешкен шығарсыз? (С.Сарғ.) Мен тамақ Әзірлесем қайтеді? (Г.М.)</p>

58-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, сұраулы сөйлем мен хабарлы сөйлемнің интонациясындағы айырмашылықты айтыңдар. Сұраулы сөйлемдерді теріп жазып, жасалу жолдарын көрсетіндер.

- Ол сенің інің бе?
- Інім.
- Екеуің күрессеңдер, қайсың жығасыңдар?
- Ол әлі жас емес пе?
- Нешеде?
- Тоғызда ғана.
- Өзің нешедесің?
- Мен он төртке шығамын.
- Бұл сөзді ол маңғазданып айтты.
- Мен ол түгіл, Сейілді де жыққам.
- Сейіл кім?
- Біздің ауылдың баласы. Менен екі жас үлкен.
- Сен маған атыңды айтпадың ғой.
- Сіз өзіңіз сұраған жоқсыз ғой? Атым – Сағит.
- Мынау қай жердің суреті?
- Бұл – біздің ауылдың фермасы. Жүріңіз мен сізге қызық көрсетемін.
- Мен оның соңынан ердім.
- Анау тұрған Шортанды тауы неге ұқсайды?
- Бәсе, неге ұқсайды?
- Ұйықтап жатқан адамға, алыпқа ұқсайды? Оның не көрсетпек болғанын енді түсіндім (М.И.)

59-жаттығу. Сұраулы сөйлемді берілген үлгі бойынша хабарлы сөйлемге айналдырып көріңдер де, әр сөйлемнің мақсаты мен интонациясында қандай айырма бар екенін салыстыра отырып, айтып беріңдер.

Сұраулы сөйлем	Хабарлы сөйлем
Көл ұнады ма? – ↓	Көл ұнады. – ↓
Құс көп пе екен? (<i>Ж.Алт.</i>)	Құс көп екен.
Атай қайда аттанып кетті? (<i>Н.Ғабд.</i>)	Атай ... аттанып кетті.

Тағы да қандай мәслихаттарыңыз бар? (*С.Бұхар.*) Сен кітапты оқып па едің, білесің бе? (*С.Сарғ.*) Баратын жерді білуші ме едің? (*С.Сарғ.*)

✳ **60-жаттығу.** Берілген хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырыңдар.

Үлгі: *Оқу басталатын мезгіл болды.(хабарлы)*

Оқу басталатын мезгіл болды ма?(сұраулы)

Оқу басталатын не болды?(сұраулы)

Оқу басталатын уақыт болып па? (сұраулы)

1. Әкем мені бізбен жекжат Мышбай дейтіннің үйіне жатқызды. 2. Қамқоршым, Салмақ саларым сатылған ағайым еді. 3. Смағұл шаруаға керемет құнтақты, іскер адам. (*Б.Соқп.*)

61-жаттығу. «Көшеге егілген теректерге су құю үшін он екі оқушы шақырылды» деген сөйлемнің әрбір мүшесіне сұрау қойып, бірнеше сұраулы сөйлем жасаңдар да, оларды өзара салыстырып, сұрау мақсатындағы айырмашылықтарды айтып беріңдер.

М. Қажетті сұраулар: Кім шақырылды? Қанша оқушы? Неменеге шақырылды? Неменеге су құюға? Қайдағы теректерге?

он екі, оқушы, шақырылды деген сөздерді сөз табына сөз құрамына талдандар.

> *Жолдастар, ақсақалға жол босатыңдар. Мына ақсақал керегін алсын. (М.И.) Бір жақсы ән айтып жіберші. (С.О.)*—Бұл сөйлемдердің қай-қайсысында болсын, хабарлау не баяндау мақсаты жоқ, тыңдаушы 2-жаққа не 3-жаққа бұйыру, тілек, өтініш мақсаты бар. Сондықтан мұндай сөйлемдерді бұйрықты сөйлем деп атап жүрміз.

БҰЙРЫҚТЫ СӨЙЛЕМ

▲ Біреуге бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылған сөйлемді *бұйрықты сөйлем* дейміз.

Бұйрықты сөйлемнің жасалуы:

Бұйрықты сөйлемнің баяндауышы	Мысалдар
1. Етістіктің бұйрық райының 2-жақ, жекеше, көпше (анайы, сыпайы) түрі мен 3-жақ түрі. 2. Бұйрық не шартты райға -шы, -ші жұрнағының жалғауы арқылы жасалады.	Ал енді, құлыным, адам бол, оқы. (<i>Б.Тоғызбаев.</i>) Мына дәріні ішіңіз. (<i>Ф.С.</i>) Жұматай жолдан адаспасын! Біздің аяқтар кері баспасын! Тарт енді! (<i>М.Ә.</i>) Бекен, әкелші гармоньды. (<i>Б.Соқп.</i>) Осы жағдай сенің де есінде болсыншы, балам. (<i>А.Байт.</i>)

62-жаттығу. Оқып шығып, сөйлемдерді түр-түріне ажыратыңдар. Бұйрықты сөйлемдерді теріп жазып, жасалу жолына түсінік беріңдер.

1. Қайратыңа әдісінді жолдас ет, әдісіңе ақылыңды жолдас ет. Отан үшін отқа түс – күймейсің. Ел үшін аянба – ерлігіңе сын. Жұрт үшін аянба – жігітіңе сын. Опасызда Отан жоқ. Көз жетпегенге – ой жетеді. Тіл жетпегенге – үн жетеді. Өлім арасында жүрсең де, Өмірден үміт үзбегін. (*Б.Момышұлының мақал-мәтелдерінен*)

● Мақал-мәтелдер мен «Беташар» өлеңдеріндегі бұйрықты сөйлемдерді салыстырыңдар. Қайсысында ақыл-кеңес беру жағы басым да, қайсысында тікелей бұйрық мәні басым екенін айтыңдар.

63-жаттығу. Төменде **отыр, тұр, жүр, жатыр** етістіктері қатысқан (яғни сөйлемнің баяндауышы болған) сөйлемдер берілген. Солардың қайсысы хабарлы, қайсысы бұйрықты сөйлем екенін ажыратыңдар, себебін дәлелдеп түсіндіріңдер.

1. Ол есік алдында тұр. – Сен есік алдында тұр.
2. Ол орындық (-қа, -та) отыр. – Сен орындық (-та, -қа) отыр.
3. Күләш дала (-да, -ға) жүр. – Сен дала (-ға, -да) жүр.
4. Ол диван (-ға, -да) жатыр. – Сен диван (-да, -ға) жат.

64-жаттығу. Берілген сөйлемдерді үлгі бойынша бұйрықты сөйлемдерге айналдырып, айтылу мақсаты жағынан қандай айырмасы болатынын түсіндіріңдер.

Үлгі: *Өзің әңгіме не өлең жазасың ба? – Өзің әңгіме не өлең жаз (Жазатын бол, жазсаңшы)*

Ел аяғы басылды-ау деген кезде тысқа шықтым. Ауылдағы мініс аттар түнге қарай өзен бойына жіберілді. Көлікті қайдан табасың? Ер-тоқымымды көтеріп, есік алдына шықтым. («Менің атым Қожа» кітабынан)

М. Туынды сөздерді теріп жазыңдар.

ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ

Сөйлеушінің көңіл-күйін (қуану, ренжу, өкіну, аяу, т.б.) білдіріп, ерекше әуенмен айтылатын сөйлемді *лепті сөйлем* дейміз.

Лепті сөйлемді айтқанда, дауыс ырғағы сөйлем соңында көтеріңкі қалыпта болады. Мұны сызба түрінде төмендегіше көрсетуге болады.

Сызбасы: 

Жазуда лепті сөйлемнің соңынан леп белгісі қойылады.

Лепті сөйлемнің құрамында көбінесе *одағай сөздер* (*Япыр-ай, ұшқыр екен мына жорға!*) **не еткен, не деген, қандай** деген сияқты күшейткіш мәнді сөздер (*Отаным қандай кең байтақ, Астанам неткен тамаша!*) (Ж.Ж.) **-ай, -ақ, -ау** деген сияқты демеулік шылаулар (*Биылғы жылғы мақтаның өнімдісін-ай!*) және басқа да күшейткіш мәнді сөздер болады.) Хабарлы, сұраулы және бұйрықты сөйлемдердің қайсысы болсын, ерекше көңіл күйімен айтылғанда, лепті сөйлемге айналады. Мұндай хабарлы, бұйрықты сөйлемдерден кейін *леп* белгісі қойылса, сұраулы сөйлемнен кейін *сұрау* мен *леп* белгісі қоса қабат ((?!)) немесе (!?) қойылады.

Әне, кеп қалды! (С.М.) – бұл сөйлем айтылу мақсаты жағынан хабарды білдірсе, интонациясы жағынан ерекше леппен айтылып тұр.

Арқаннан айрылма! Қада күректі! (Ғ.М.) – бұл сөйлемдер мақсаты жағынан бұйрықты білдірсе, интонациясы жағынан лепті сөйлемдер.

Жаным-ау, Мейрам ба мынау?! (Ғ.Мұст.) – бұл сөйлем мақсаты жағынан сұрауды білдірсе, оның өзі таңдану жағдайында айтылғандықтан, лепті сөйлемге айналып тұр.

65-жаттығу. Лепті сөйлемдерді тиісті дауыс ырғағымен оқып шығындар да, қандай көңіл күйін білдіріп тұрғанын айтындар. Көшіріп жазып, лепті мағынаны білдіруге қандай сөздердің, шылаулардың қатысып тұрғанына түсінік беріндер, олардың астын сызындар.

1. Апыр-ау, шыбықтар көктейін депті-ау! (С.М.)
2. Ай, шырағым-ай, бір тыныш жерде отырсаң нетті! 3. Бұл қарбаласта не бар еді саған? (М.Ә.) Түу, мына ұстаң әнші ғой өзі! (С.С.) 4. Өлеңі не деген жақсы! Ақын ғой өзі! (С.С.) 6. Жастар өзінің заманын қолдан жауға бере алмақ емес. Біз өзіміздің заманымызды қорғаймыз! Заман біздікі! (Б.Б.) 7. Ой, ғажап, Оқжетпестің басында адам тұр! (М.И.)

66-жаттығу. Берілген сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай талдандар. Содан кейін бұларды лепті сөйлемге айналдырындар да, қандай көңіл күйінде айтылып тұрғанына түсінік беріндер.

Үлгі: Қазір сіздерге балаларыңыз Оңалбек өзі жазған шығарманы оқып береді. (*Хабарлы сөйлем*) Қазір сіздерге балаларыңыз Оңалбек өзі жазған шығарманы оқып береді! (*Лепті сөйлем.Мақтаныш сезімімен айтылған ресми хабар*)

Осы кезде ойыма әкемнің екі сөзінің бірінде «Өлсең де өтірік айтпа» деп жиі айтып отыратын өсиеті түсті.

– Командирлерім есіме түсіп кетіп еді, – дедім мен де оған тіке қарап.

– Оларды жақсы көретін бе едіңіз?

– Иә.

– Не үшін жақсы көрдіңіз?

– Әділдігі үшін, әскери өнерге жетіктігі үшін, жауынгердің жанын ұға білетін зерделілігі үшін, – дедім мен әр сөзімді нақтылай айта. (*Ә.Нұрш.*)

67-жаттығу. Көшіріп жазып, әр сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қойыңдар.

Хабарсыз інісінің ақшасына емес, амандығына қуанған Тастемір, естияр біреуге оқытпақ болып көшеге шықты //

– Шырағым! – деді, мінезі салмақты есепшіге, – мына газетті оқып берші //

– Сүйінші, әке //

– Иә //

– Тәтемнен ... хабар //


– «Тәтесі» кім //

– Тастан ағамды айтам да //

– Не дейді жаным-ау // – деді нанарын да, нанбасын да білмеген Тастемір, – басқа бір Тастан болып жүрмесін //



СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ

Айтылу мақсатына қарай:

Түрі	Интонациясы, тыныс белгісі	Мысалдар
Хабарлы сөйлем		Баршагүл гүрілдеген сарынға құлағын тосты. (F.C.) Жаңа келгендердің бәрі де жастар екен. (C.Бақб.)
Сұраулы сөйлем		Тағы да музыка тыңдауға келдің бе? (F.Мұст.) – Қайдан шықтың? Бет алысың қай жақ? Алматы деген қаланы естіген боларсыз? (A.Байт.)
Бұйрықты сөйлем		Жылы киін, балам. (F.Мұст.) Менің атымның шылбырынан алыңыз. (F.C.) Дәуке, мені Аяз қалаға апаршы! (T.Ахт.)

Көңіл күйін білдіруіне қарай:

Түрі	Интонациясы, тыныс белгісі	Мысалдар
Лепті сөйлем		Бүгінгі тапсырманы орындағандарыңа рақмет! (C.Бақб.) Шіркін, манасшы досым осыны (қомызды) қандай шертуші еді! Кеш жарық!»! (F.C.)

(хабарлы)		Баршагүл! Акеркең табылды! (F.C.) Әке, мен бақытты екенмін! (F.Мұст.)
(сұраулы)		Жаным-ау, қайда ғана жоғалып кете қойып едің?! (A.Байт.) Апыр-ау, мал деген бұл облыста осынша көп пе еді?! (C.M.)
(бұйрықты)		Жау пулеметінің үнін өшір! (C.Бақб.) Япыр-ай, сол әдісінді бізге де үйрет-сейші, қызым! (F.C.)

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Кім дұрыс жауап береді?

1. Дыбыс пен әріптің арасында қандай айырмашылық бар? Дыбыс санынан әріп санының көп болу себебін қалай түсінесіңдер?

2. **-ма, -ме** қосымшасының грамматикалық мағыналарын атаңдар. Сұрау **ма, ме** шылауының қосымшаға айналу жағдайына мысал келтіріңдер, себебін түсіндіріңдер.

3. Диалог, монолог, пролог, эпилог: **футбол, волейбол, баскетбол, гандбол, мотобол** сөздеріндегі ортақ сөз бөлшектерін көрсетіңдер де, ол сөздердің бір-бірінен айырмашылығын айтыңдар.

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

§ 16. СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

> Сөйлем арқылы біршама тиянақты ой беріледі дедік. Сөйлем құрауға қатысқан сөздерді *сөйлем мүшелері* дейді.

Аспан сұп-сұр. Ауа дымқыл. Тыстан үйге ауыр ылғал иіс келеді (X.Есен.) Алғашқы екі сөйлемнің құрамында екі-екі сөз бар: *аспан, ауа* сөздері бастауыштың, *сұп-сұр, дымқыл* сөздері баяндауыштың қызметін атқарып тұр. Соңғы сөйлемнің құрамында алты сөз бар: мұның грамматикалық негізі – *иіс келеді* деген екі сөз болса, қалған төрт сөз сол иістің қайдан (тыстан), қайда (үйге) келгенін және қандай (ауыр, ылғал) екенін сипаттап тұр.

Сөйлем мүшелерінің белгілері: 1) толық мағыналы сөз болуы керек; 2) сөйлемдегі басқа сөзбен байланысып тұруы керек; 3) сөйлем мүшелерінің бірінің сұрауына жауап беруі керек.

Сөйлем құрамында тұрса да, сөйлем мүшесі бола алмайтындар: 1) шылау сөздер, одағай сөздер, көмекші етістіктер; 2) қаратпа сөздер.

> Сөйлем мүшелері атқаратын қызметі жағынан **бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш** болып бес түрге бөлінеді.

Бұлардың ішінде **бастауыш пен баяндауыш** сөйлем құрауға негіз болады, сондықтан оларды **тұрлаулы мүшелер** дейміз.

Ал анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышта өздігінен сөйлем құрай алмайды, тек сөйлем арқылы берілген ойдың шеңберін кеңейтеді, сондықтан бұларды **тұрлаусыз мүшелер** дейміз.

Мысалы, *Бала атасының бетіне таңдана қарады.* (М.И.)


Мұны былай көрсетуге болады.

Тұрлаулы мүше	Тұрлаусыз мүше
Бастауыш – баяндауыш (сөйлем) <i>Бала қарады.</i>	анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш (сөйлем емес) <i>атасының бетіне таңдана</i>

Сөйлем мүшелері құрамына қарай дара және күрделі мүше болып бөлінеді.

▲ **Толық мағыналы бір сөзден болған мүшені дара мүше** дейміз.

Бізде спортшы жастар көп (С.Сарғ.) деген сөйлемдегі әрбір сөз – дара мүше.



▲ **Күрделі сөзден, тұрақты тіркестен не сөз тіркесінен болған мүшені күрделі мүше** дейміз.

қашан?

қанша?

Кешке шейін балықшылар судан **екі рет** ау шығарды. Астаулар балыққа **толып қалды**. (М.Айым.)

Дара мүше	Күрделі мүше
Балықшылар – кімдер? судан – қайдан? ау – нені? шығарды – қайтті? астаулар – нелер? балыққа – неменеге?	қашан? Кешке шейін (күрделі сөз) қанша? екі рет (сөз тіркесі) қайтті? толып қалды (күрделі сөз)

68-жаттығу. Әр сөйлем құрамындағы сөздерді сөйлем мүшесінің белгілері тұрғысынан қарастырындар.

Күн батып барады. Күндіз қардың бұрқасыны басылып, жел тынды. Ақшыл бұлттан аспан ашылып, қыстың қызыл шұнақ аязы бұркеусіз бетті шымшылай бастады. Малдарын қораға жайғастырған ауылды да аяз қорғалатып, үйді-үйіне қуып шықты.

Қалампыр үйге кірді. Баймырза қамбаға жөнелді. (С.М.)

69-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, қарамен жазылған сөздерді көшіріп жазындар да, оларды құрамына қарай талдандар. Онда сөз тіркесі, тұрақты тіркес, күрделі сөздер (күрделі сын есім, күрделі сан есім, етістік), негізгі сөз бен көмекші сөздің байланысы (есім мен көмекші етістік, негізгі сөз бен септеулік шылау) болуы мүмкін. Осыларды түр-түріне ажыратындар да, сөйлемнің бір ғана мүшесі болатындығын дәлелдендер.

1. Бала атқа қонған бойы **құлдырай шапты**. 2. **Жаздың жылы самалын** семсердей жарып жүйткіп келе жатыр. 3. Күннің кешкі қызғылт арайына шомылып тоты құстай түрленген, әсем өңді ақша бұлттар қаз-қатар тізіліп, **баяу калқып бара жатыр**. 4. Бұл кез жел ақша бұлтты аспан төріне апарып тастап, **тағы да өз жөніне кетіп еді**. (Қ.Караманұлы)

70-жаттығу. Көшіріп жазып, сөйлем мүшелеріне талдандар. Әр сөйлем мүшесінің астын сызып белгілендер.

Сөйлем мүшелерінің шартты сызық белгілері:

Бастауыш – _____ . Бір түзу сызық.

Баяндауыш – _____ . Қос түзу сызық.

Толықтауыш – — — — — —. Үзік сызық.
 Анықтауыш – ~~~~~~. Ирек сызық
 Пысықтауыш – - - - - - - - - - - . Пунктир.

Балықтыға олар мезгіл түске тармаса жетті. Құнанның өлімтігі жатқан жерді бала кеше белгілеп кеткен еді. Бала оны жазбай тауып, қарды аяғымен тепсе, өлімтік көрген қалпында жатыр екен. Жеген қасқырлар бұған қайтып келмеген.

Құнанның өлімтігін көрген торғыл өгіз басын тұқырта, үнін шығара беріп еді:

– Желікпе! – деп шал танау жібін тартып қалды. (С.М.)

ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕР

§ 17. БАСТАУЫШ

Айша енді күншығыстың қай жақ, күнбатыстың қай жақ екенін көрді. Шабар ат та енді денесін бекітіп алды. Қара түн жұқа, ақшыл мұнарға айналды (С.С.) – Бұл сөйлемдердің тұрлаулы мүшелері: *Айша көрді. Ат бекітіп алды. Түн мұнарға айналды.* Бастауыштары – *Айша, ат, түн.* Бұлар сөйлемде айтылған іс-оқиғаның иесін білдіреді.

Бастауыштың грамматикалық-мағыналық белгілері:

- 1) атау септік тұлғасында тұрады;
- 2) іс-оқиғаның иесін білдіреді;
- 3) кім?, не? деген сұрақтарға жауап береді;
- 4) баяндауышпен жақ жағынан жекеше, көпше түрде қиыса байланысады.

▲ *Сөйлемде атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіретін тұрлаулы мүшені бастауыш дейміз.*

Бастауыштың жасалуы

Сөз табы	Шарты	Мысалдар
Зат есім	кез келген зат есім	Базаралы Апанасты қатты ұнатқан жүзбен қарап отыр. (М.Ә.) Машина жаңа Қарағандының бір биік үйінің алдына тоқтады (F.M.)
Есімдік: жіктеу, сілтеу, өздік, белгісіздік, жалпылау, т.б.	Зат есім о р н ы н а қ о л д а н ы л а т ы н ы	Сіздер бізге көп нәрсе үйреттіңіздер. (M.I.) Бұл – көктем желі. (С.Бақб.) Өзіңіз ақын екенсіз ғой?! (С.О.) Бәрі де осы келісімге ден қойды. (X.Рахимов.) Өркімдер тілек ұсыныстарын айтты (С.Сарғ.)

Сын есім:	Заттану	Үлкендер бала мінезіне сүйсініп қалды. (М.Ә.) Ақылды – ісіне сенеді. (Мақал)
Сан есім:	Заттану	Үшеуі суыт жүріп кетті (С.О.) Сегіз – екіге бөлінеді.
Етістіктің: есімше, тұйық түрі.	Заттану	Оқыған білер әр сөзді. (Абай) Өңгіменің басталуы қиын, – өрбуі оңай. (С.Сарғ.)

71-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің қайсысы бастауыш, қайсысы басқа мүше екенін ажыратыңдар.

Содан **екеуі** мектепке қарай жүгіре жөнелді. Қыздардың қолында қалған кітап **екеу** ғана еді. (Ж.Дәулетқалиева) **Ол** терезе керегесінен нәп-нәзік тұмсығымен әлденені шоқып-шоқып қояды. («Бастауыш мектеп» журналынан) **Ол** машинаның тетігін кез келген жан біле бермейді. Қаһарманның атасы **жылқы** бағады. **Жылқы** мініске шыдамды мал.

72-жаттығу. Төмендегі сөздерді бастауыш етіп, сөйлем құраңдар.

Абай, «Ботакөз» романы, оқиға, ақыл, біз, жиырма, үйрену, үлкен, меруерт, Алматы, «Сырымбет», Құрманғазы, уһ, спорт.

73-жаттығу. Мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, бастауыштың астын сызыңдар да, есімше мен сын есімнің қандай жағдайда бастауыш болатынын түсіндіріңдер. Кім? не? деген сұрауларға жауап беруіне қарай қандай заттық мағынаға ие болып тұрғанын анықтаңдар.

Үлгі: *Ізденген жетер мұратқа.* (Мақал) *Бастауыш есімшеден болып тұр. Заттық мағынаға (адам, кісі) ие болып, кім? деген сұраққа жауап береді. Ізденген адам жетер мұратқа – Ізденген жетер мұратқа.*

Ақылды үйренуге құмар,

Ақымақ үйретуге құмар.

Ұйымдасқан – ұтады.

Сыпайы – сырын сақтар;

Әдепті – арын сақтар.

Көңілшектікті қошемет қор етер.

Жүйрік – бестіден шығар.

● **Л.** Әрбір мақал-мәтелдердің мазмұнына көңіл аударып, не мақсатпен айтылғандығына ой жүгіртіріңдер. Сыпайы, әдепті, бесті сөздерінің мағыналарына түсінік беріңдер.

§ 18. ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ БАСТАУЫШ

> Бастауыш құрамына қарай дара және күрделі болып екіге бөлінеді.

> Дара бастауыш бір сөзден болады.

Ұлжан – тартымды болумен бірге, сыншы да ана. **Үлкендер** бала мінезіне сүйсініп қалды. (М.Ә.) Кешке жақын **екеуі** бір едәуір үлкен төбеге шықты. (С.С.) **Мен** оны бірінші ерлік ісімен құттықтадым. (F.M.) **Дауыс** көтеріңкі шыға бастады. **Бұл** – біздің ініміз (F.Мұст.).

> Күрделі бастауыштың құрамында екі я одан да көп сөздер болады.

Күрделі бастауыштың жасалу жолдары:

1. Сөз тіркесінен болады.

Кеншілер сарайы адамға лық толы. (Қ.Қамб.) **Дүниенің сырын білу** өзінді білуден басталады. **Жәнібек ауданы** Саратов – Астрахан темір жол жүйесінің бойына орналасқан. (Х.Досп.)

2. Негізгі сөз бен көмекші есімнің байланысуынан болады. **Ырыс алды** – ынтымақ. **Еңбек түбі** – береке. (Мақал)

3. Заттанған күрделі сын есім, сан есім және етістіктің есімше, тұйық түрінен болады.

Таң рауанынан атқа мінген үш салт атты суыт жүріп келеді. (С.Б.) **Жиырма бес** маған тағы қайтып келді. (Ж.Ж.) **Сенің айтып тұрғаның** – нағыз шындық. (Х.Есен.) **Осы келе жатқан** – Шәкен ақсақал емес пе? (Ә.Көшім.)

74-жаттығу. Көшіріп жазып бастауыштың астын сызыңдар. Бастауыштың жасалу жолын көрсетіндер.

Ауыл жайлауға көшті. Шідерті өзенінің бойын жағалай киіз үйлер тігілді. Айнала көкөрай шалғын.

Әлкейдің қолынан кітап түспейді. Үйінде бес-алты кітабы бар. Соны қайта-қайта ақтарады. Әлкей – зерек бала. Бір айтылған әңгімені ұғып алады.

Бір күні ауыл балалары жидек теруге шықты. Олар Әлкейді де ертіп алды. Әлкей көйлегінің ішіне кітабын жасырып ала шықты. (Газеттен)

75-жаттығу. Оқып шығып, күрделі бастауышы бар сөйлемдерді көшіріп жазыңдар да, күрделі бастауыштың жасалуына талдау жасаңдар.

Ертеде бір кедейдің жалғыз баласы қатты науқастанып, еш ем табылмайды. Бала жуадай солып, әлсірей бастайды. Кедей алыстағы Лұқпан Хакімге сапар шегеді. Баланы зер салып қараған ғалым: сіздің мұншалық бейнет көріп келгеніңізге жаным ашыса да, қолымнан келері жоқ – дейді кедейге. Амалы құрыған кедей шөл даламен қайта жолға шығады. Баласы да, өзі де қалжырап, жалғыз сексеуіл түбіне аялдайды. Ояна келсе, сала құлаш қара сұр жылан сусынды сарқып ішіп тұр екен... (Зейнел-Ғаби Иманбаев)

76-жаттығу. Берілген сөз тіркестері мен күрделі сөздерді бастауыш етіп, сөйлем құраңдар.

Өзбекстанның Наурыз мейрамы. Егемендік күні. Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігі.

§ 19. БАЯНДАУЫШ

Ержан оқушыларына сенеді (Ғ.Сапарев) Мен туған аулымды қастерлеймін. (С.Сарғ.) Күн бұлыңғыр. Ауада дымқыл иіс бар. Тау бөктерінде шөп қылтиып өсіп келеді. (Б.Тоғысбаев)

Бұл сөйлемдердің тұрлаулы мүшелері: *Ержан сенеді. Мен қастерлеймін. Күн бұлыңғыр. Иіс бар. Шөп өсіп келеді. Баяндауыштары – сенеді, қастерлеймін, бұлыңғыр, бар, өсіп келеді.*

> Баяндауыш бастауыштың ісін, жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіріп, онымен (бастауышпен) жақ жағынан үйлесе байланысады. Баяндауыш сөйлемді тиянақтап тұрады.

▲ **Бастауыштың жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіріп, сөйлемді тиянақтап тұратын тұрлаулы мүшені баяндауыш дейміз.**

Баяндауыштың негізгі белгілері:

1. Бастауыштың ісін, жай-күйін білдіреді;
2. Іс-оқиғаның қай шақта болғанын көрсетеді;
3. Жіктік жалғауын жалғап, бастауышпен қиыса байланысады;
4. Сөйлемді тиянақтап тұрады;
5. Кейде бастауышсыз-ақ сөйлемге ұйытқы болады;

6. Өзіне тән арнаулы сұрауы жоқ. Қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрауына жауап береді.

Мысалы: Далаға шықтым. – Қайттім? Сұлуқиядан тік асып, ай қалықтап барады. – Қайтеді? Сансыз жұлдыздар жымыңдайды. – Қайтеді? Төңірегім – шырылдаған шегіртке үні. – Не? Түн жұмбақ сырға толы. – Қандай? (С.Шайм.)

Баяндауыштың жасалуы:

1. Баяндауыш көбінесе етістіктен болады. Шопандар қалашығында электр шамы жарқырайды. (Б.Дәул.) Біз ұшқыш болуға уәделесіп қойғанбыз. (Қ.Тол.) Жәке, тоқтай тұрыңыз. (Ғ.М.) Жаңа техникамен өнімді еңбек етуге болады. Оқушылардың ең басты міндеті – жақсы оқу. (Қ.Тол.)

2. Баяндауыш есім сөздерден де болады:

Зат есім. Дәрігер – ардақты мамандық. (З.Иман.)

Сын есім. Біздің қатарымыз болаттай берік. Күн шайдай ашық. Тау жақтан ескен самалдың лебі салқын. (Қ.Тол.)

Сан есім. Бұлар он бес. (С.Сарғ.)

Есімдік. Біздің қақпан әне. Нағыз теңіз романтикасы деген осы. Қызылшаңыздың биылғы бабы қалай? («Тербеледі тың дала»).

Әр тарап сөздер. Ол кезде қазіргідей шеберхана жоқты. (С.Сарғ.) Қазір ол үйде кітапхана бар. (С.Шайм.)

77-жаттығу. Көшіріп жазып, тұрлаулы мүшелердің астын сызындар да, баяндауыштың қай сөз табынан екендігін тиісті сұрау қоя отырып айтындар.

Әйгерім мектепке келе жатты. Кенет жаңбыр құйып кетті. Ол дереу қолшатырын ашты да, төбесіне ұстап алды. Жаңбыр тамшылары қолшатырға тырсылдап тама бастады.

Бір кезде аянышты қыңсылаған дауысты құлағы шалды. Қараса бір күшік жол бойында тұр екен. («Балдырған» журналы)

● **С.** Бастауыштардың дара я күрделігін анықтаңдар.

78-жаттығу. Берілген мақал-мәтелдердің баяндауыштарын өздерің ойлап табындар да, қай сөз табынан жасалғандығын айтындар.

1. Ердің сыншысы—... .. 2. Ерді намыс 3. Палуанға оң-терісі 4. Көп—... .., терең—... .. 5. Өнерлі өрге 6. Өнерлінің өрісі 7. Көп сөз—... .., аз сөз—... .. 8. Жердің сәні, Ердің сәні

79-жаттығу. Берілген өлең жолдарынан сөйлемнің баяндауышы қызметінде тұрған сөздерді тауып, ол қай сөз табынан жасалғандығын анықтаңдар. Баяндауыш қай сөзбен қалай байланысып тұрғанын анықтаңдар.

ЖАСТЫҚ

Ойлайыншы, не берді жастық маған?

Үйрет деп асау берді бастықпаған.

Жастық маған от берді жалындат деп,

Жастық маған оқ берді жауыңды ат деп.

Жастық мені жалтартпай шыңға айдады,

Жастық менің жаныма жыр байлады.

Жастық мені шыңдады, шынықтырды,

Жастық, шіркін, өмірді шын ұқтырды!

Ризамын жастыққа, текке өтпеді,

Әзір тұр гүл-бағымды көктеткелі.

Жастық маған ақыл-ой, сана берді,

Амал не, жастық өзі қалады енді.

(Мұқағали Мақатаев)

§ 20. ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ БАЯНДАУЫШ

Баяндауыш та құрамына қарай дара және күрделі болып екіге бөлінеді.

> Дара баяндауыш бір сөзден болады. *Қорықтағы басты тұлға – қорықшылар. Негізгі жұмысты атқаратын да солар.* (Ы.Кененбаев.)

> Күрделі баяндауыштың құрамында екі я одан да көп сөздер болады.

Жаның сүйген еңбегің – жан рақаты. (Мақал)

Күрделі баяндауыштың жасалуы: **Сөз тіркесінен.** *По-йыз тоқтайтын разъезд – жеті километрдей-ақ жерде.* («Нан иісі»). *Ұзақ ауданы – облыстың ең жырақ ауданы.* (М.Ә.)

Күрделі етістіктен. Ауыл мәдениеті де **өсіп келеді.** (З.Иманб.) *Түйеөркештен Шыңғыстың жақын биіктері жартылап қана көрінеді екен.* (М.Ә.)

Күрделі сан есімнен. Биыл жасым отыз сегізде.
(*С.Сарғ.*)

Негізгі сөз + көмекші есімнен. Бізде қазір қол еңбегі – жоқтың қасы. (*С.Сарғ.*)

Негізгі сөз + көмекші етістіктен. Қазір балалардың бәрі де ғарышкер болғысы келеді. (*Қ.Жүнісова.*)

Тұрақты сөз тіркесінен жасалады. Мен бұл аттан күдерімді үзіп тұрмын. (*А.Байт.*) Шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. (*Б.А.*)

80-жаттығу. Оқып шығып түсінгендеріңді ауызша мазмұндандар. Содан кейін сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін тауып көшіріп жазыңдар да, баяндауыштарды жасалу жолына, құрамына қарай талдандар.

Қыстау. Өрістегі малдың бір шетін ала қарды омбылай басып, шопан келеді. Таңғы таза ауаны жаңғырта айғайлап, төбені айналып өтіп, жағалай қарап, малына көз салып қояды. Бұл – жас шопан Жәнібек. Ол қазір Бесбұлақ бригадасында, Жаманқұмда қыстап отыр. Қарауында 500 бас тоқты бар. («*Нұрлы жол*» газетінен)

● **С.** Баяндауыштағы шақтық тұлғаларға көңіл аударыңдар.

81-жаттығу. Берілген сөйлемдердің баяндауыштары тұрақты сөз тіркесінен болған. Әдетте тұрақты тіркестер мағына жағынан бір сөздің баламасы болады. Тұрақты тіркес түріндегі баяндауыштарды жеке сөздермен ауыстырыңдар.

Ү л г і : *Зылиқа жұмған аузын ашпады.* (*Ғ.Мұст.*) *Зылиқа үндемеді.*

Албырт жастықпен басыңды тауға да, тасқа да соқтың. (*С.М.*) Ол түні, таудың саласында Балуанның және оның нөкерлерінің әнін тыңдаған жұрт кірпік қаққан жоқ. Мына хабарды есіткен жұрттың төбе шашы тік тұрды. (*С.М.*)

82-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, мазмұнына көңіл аударыңдар. Содан соң көшіріп жазып, тұрлаулы мүшелердің астын сызыңдар да, баяндауыштың қай сөз табынан болып тұрғанын айтыңдар.

Нан астықтан алынады. Астықты өндіретін еңбеккер – диқан. Ол жыл бойы тыныш таппайды. Көктемде жер жыртады. Жерге дән себеді. Дәннен егін көктейді. Диқан жыл бойы егінді баптайды. Күзде піскен егінді комбайнмен орады. Орылған дән қырманға тасылады.

§ 21. БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШТЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

Сөйлемде бастауыш пен баяндауыш екі түрлі жолмен байланысады.

1. Жіктік жалғаулары арқылы және жіктелу ретімен жақ жағынан жекеше, көпше түрде қиыса байланысады.

Мен балалық, жастығымды осы далада өткізгенмін. (С.О.) 1-жақ жекеше түрде қиыса байланысып тұр.

Біз Есілдің құмайыт жиегінде отырмыз. (З.Иманб.) – 1-жақ көпше түрде қиыса байланысып тұр.

Сендер Мекеттің үйіне барып түсе беріңдер. (С.Шайм.) – 2-жақ көпше (анайы) түрде қиыса байланысып тұр.

Ол ашық сөйлеседі. (Ф.Мұст.) – 3-жақ жекеше түрде қиыса байланысып тұр.

2. Интонация арқылы байланысады. Бастауыштан кейін сәл кідіріс болады. *Күй иесі – Құрманғазы.* (Ф.Мұст.) – *күй иесі* деген бастауыштан кейін кідіріс жасалады: *Күй иесі // Құрманғазы. Бұлтты күні ұшу // қиын.* (Х.Досп.) *Бұл – аса жауапты жұмыс.* («Теңіз тарландары».) Айтуда «бұл» деген бастауыштан кейін кідіріс жасалады.

> Бастауыш пен баяндауыштың қай сөз табынан болатынына қарай жақ жағынан қиысу әр түрлі болады.

Жіктеу есімдіктерінен, тәуелдік жалғаулы өздік есімдігінен болған бастауыштар өз баяндауыштарымен үш жақта жекеше, көпше түрде жіктік жалғаулары арқылы немесе жіктелу ретімен қиыса байланысады.

Жақ	Жекеше		Көпше	
	Бастауыш – Баяндауыш		Бастауыш -Баяндауыш	
I	Мен Өзім		Біз (Біздер) Өзіміз	
II	Сен Өзің		Сендер Өздерің	
	Сіз Өзіңіз		Сіздер Өздеріңіз	
III	Ол Өзі		Олар Өздері	

> Кейде жіктеу және өздік есімдіктерінен болған бастауыштар қосақтала айтылып, баяндауыштарымен бір жақта жекеше, көпше түрде қиыса береді.

Мен өзім келемін.

Мен өзім келемін

Біз өзіміз келеміз.

Біз өзіміз келеміз.

Мен өзім Абай сөзінен оқудың жақсы екеніне ден қойған кісімін. (М.Ә.) Сен өзің қайтер едің? (М.И.)

> **83-жаттығу.** Оқыған, дәрігер, ұстаз сөздерін баяндауыш етіп, жоғарыдағы үлгі бойынша үш жақта жекеше, көпше түрде бастауыштарымен қиыстыра байланыстырыңдар.

Тәуелдік жалғаулы жалпылау, белгісіздік, болымсыздық есімдіктері, тәуелдік жалғауы сан есімнен болған бастауыштар өз баяндауыштарымен үш жақта тек көпше түрде қиыса байланысады.

1-ж а қ. *Бәріміз үйренеміз.*

Екеуіміз жастымыз.

2-ж а қ. *Бәрің* } *үйренесіңдер*
Бәрілерің }

Екеуің } *жастысыңдар*
Екеулерің }

Бәріңіз үйренесіздер

Екеуіңіз жастысыздар

3-ж а қ. *Бәрі үйренеді.*

Екеуі жасты.

Бұлар да жіктеу есімдіктерімен қосақталып айтыла береді.

Біз бәріміз үйренеміз. Біз екеуіміз жастымыз. Біз екеуіміз бір ауылда тұрамыз. (Ш.Құмарова) Бұған бәріміз де тәжірибе жасадық. (М.И.) Әрқайсысымыз өз ісімізден тиісті сабақ алғандай болдық. (М.И.)

84-жаттығу. Кейбіреу, бірнешеуі, әрқайсысы деген есімдіктерге тәуелдік жалғауының көпше түрін жалғап, бастауыш етіңдер де, соған сәйкес өз ойларыңнан баяндауыш болатын сөздер тауып, сөйлем құраңдар.

Үлгі: *Бірнешеуіміз бірінші қатарға шықтық.*

Баяндауыш етістіктің бұйрық райынан өз бастауышымен II және III жақта жекеше, көпше түрде, қалау райынан болғанда, үш жақта жекеше, көпше түрде қиыса байланысады.

Бұйрық рай

Жекеше	Көпше
II. <u>Сен кел</u>	<u>Сендер келіндер</u>
<u>Сіз келіңіз</u>	<u>Сіздер келіңіздер</u>
III. <u>Ол келсін</u>	<u>Олар келсін</u>

85-жаттығу. Тұрлаулы мүшелерін тауып, олардың қай жақта, қай түрде (жекеше я көпше түрде) байланысқанын анықтаңдар.

1. Сіз менен кемінде екі-үш жас үлкен шығарсыз. (С.Жүнісов) 2. Ол – осы бір көк айдыңның күзетшісі сияқты. («Нұрлы жол») 3. Біз де әжемнің айтқанын бұлжытпай қайталадық. («Балдырған») 4. Сен түк білмейтін неме екенсің ғой. (С.Сарғ.) 5. Мен кітап алуға келген едім. (Газеттен)

Қалау рай

Жекеше	Көпше
I. <u>Мен келейін</u> <u>Келейінші</u>	<u>Біз келейік</u> <u>Келейікші</u>
II. <u>Сен келші</u> <u>Келгейсің</u> <u>Сіз келіңізші</u> <u>Келгейсіз</u>	<u>Сендер келсеңдерші</u> <u>Келгейсіндер</u> <u>Сіздер келіңіздерші</u> <u>Келгейсіздер</u>
III. <u>Ол келсінші</u> <u>Келгей</u>	<u>Олар келсінші</u> <u>Келгей</u>

6. Сен бұдан былай велосипедімді тастай қаштым деп өтірік айтпа. (Ө.Дубәкіров) 7. Мен Шолақ он сегізде өнер тапқан. (Балуан Шолақтың өлеңі) 8. Біз – «ғапу етіңіз!» деп шығып кеттік. (С.М.)

§ 22. БАСТАУЫШТАН КЕЙІН ҚОЙЫЛАТЫН СЫЗЫҚША

> Бастауыш пен баяндауыштың қай сөз табынан болғанына және интонация арқылы байланысуына қарай мына жағдайларда бастауыштан кейін сызықша қойылады.

1. Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғалы зат есім болса, араларына сызықша қойылады. **Астық** – біздің байлығымыз. («Тербеледі тың дала»). **Күдіренов Айтым** –

ага шопан. Ерлік – бүгінгі өмір талабы. («Дала дауылпаздары»)

2. Бастауыш сілтеу есімдігінен немесе жіктеу есімдігінің III жағынан болып, баяндауыш зат есімнен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. **Бұл – үлкен қуаныш.** (А.Лек.)

3. Бастауыш заттанған сын есімнен, сан есімнен және есімшеден болып, баяндауыш зат есімнен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. **Қыздарының үлкені – Майра да, кішісі – Сайра.** (Б.Соқп.) **Үш – тақ сан.** Ұзын белдің бойында биік таудай **мұнартқан – Қараганды.** (Ғ.Мұст.)

4. Бастауыш тұйық етістіктен (дара я күрделі) болып, баяндауыш зат есімнен болса, немесе, керісінше, бастауыш зат есім, баяндауыш тұйық етістіктен болса, араларына сызықша қойылады. **Менің ұмтылған тілегім – қалай да пайдалы адам болып шығу.** (Ы.А.) **Қой бағу – қиын кәсіп.** («Дала дауылпаздары»)

5. Бастауыш та, баяндауыш та сан есім болса, араларына сызықша қойылады: **Бес жерде бес – жиырма бес.**

6. Сілтеу есімдігі мен жіктеу есімдігінің III жағынан болған бастауышты, сондай-ақ зат есім, сын есім, есімшеден болған бастауыштарды көршілес тұрған зат есімнен болған сөйлем мүшесінің анықтауышы деп шатастырмас үшін, бастауыштан кейін сызықша қойылады: **Бұл – жазушының байқағыштығын көрсетеді.** («Қазақ әдебиеті» газетінен) **Ол – ауылдағы Кенжетай мен Темірбектің қолында тұрады.** (С.М.) **Науаи қарт – ақынның бетіне жалт қарады. Жақсы – ісімен жақсы. Көрмес – түйені де көрмес.**

7. Сан есімнен болған бастауышты күрделі сан есімнен болған мүшеден ажырату үшін, соңынан сызықша қойылады. **Жүз – жиырма беске бөлінеді. Жүз жиырма – беске бөлінеді.**

86-жаттығу. Тұрлаулы мүшелерді тауып, астын сызындар да, бастауыштан кейін сызықшаның қойылу жағдайын түсіндіріңдер.

Жар-жар – қазақтың үйлену салтынан туған айтыс өлеңі. («Нұрлы жол» газетінен) Ақан серінің ұлы атасы – Құдайкүл болған. Желтоқсан – жылдың оныншы айы. (Қазақша күнтізбе) Түйе түлігі – ежелден қазақ халқының аса бір қадірлі малы. (Қазақша күнтізбе)

87-жаттығу. Көшіріп жазындар да, бастауыштан кейін тиісті жеріне сызықша қойындар; егер бастауыштан кейін сызықша қоюға болмайтын болса, оның себебін түсіндіріндер.

1. Домбыра барша қазақ қадір тұтатын киелі зат. (*М.Мырзаев*)
2. Өзбегім өз ағам. (*Т.Молдағалиев*)
3. Жаңғақ кейбір ағаштарға ұқсап кеселге шалынбайды. (*С.Сайдалиев*)
4. Бұл жеміс адамдарда жиі кездесетін инфаркт ауруының алдын алады. (*«Нұрлы жол» газетінен*)

Тұрлаулы мүшелерге жалпы жаттығулар

88-жаттығу. Көшіріп жазып, тұрлаулы мүшелердің астын сызындар да, қай сөз табынан болғанын анықтандар.

Бұйрықты алған күні түске дейін біздің жігіттер жаудың үш танкісін құртып, талай әскерін жер жастандырды. Батальон түстен кейін де олардың бірнеше атакасын тойтарды. Кешке қарай олар атакаға тағы әзірленіп жатты. Осы кезде маған мынандай бір батыл ой келді. Күн болса суық – отыз градус аяз. Горюпыны алса бұлар түнге қарай бәрібір ілгері баспайды. (*Б.Момышұлы*)

- **С.** Күрделі бастауыштарды атандар.

89-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойып, бастауыш пен баяндауышты қиыстыра байланыстырындар. Баяндауыштың дара я күрделі екенін ажыратындар.

1. Оқушы спортпен де шұғылдануға тиіс. Ол денені ширатып, денсаулықты күшейт... Сен мектепте спорттың қандай түріне қатыс...? Ол саған несімен ұнай... ? (*«Балдырған»*)

2. Қарақұм – байлық қоймасы. Сендер құм деген атынан ғана шоши... Қарақұмның не екенін білмей... Біз меймандос Қарақұм қойшыларын төрт күн аралады... (*С.Шайм.*)

ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕР

§ 23. ТОЛЫҚТАУЫШ

> Толықтауыш – тұрлаусыз мүшелердің бір түрі. Ол – сөйлемде іс-оқиғаны заттық мағына жағынан сипаттайды.

Мысалы: *Мен бұл баланы білемін. Мұнымен сәске кезінде танысқанмын. (Ә.Көшім.)* Алғашқы сөйлемде *баланы* деген табыс септік жалғаулы сөз *білемін* деген

баяндауышты заттық мағына жағынан сипаттаса, екінші сөйлемде *мұнымен* деген көмектес септік жалғаулы сөз *танысқанмын* деген баяндауышты заттық мағына жағынан сипаттап тұр. Бұлардың заттық мағына жағынан сипаттап тұрғанын *кімді білесің?, кіммен танысқансың?* деген сұраулары арқылы білуге болады.

Толықтауыштың негізгі белгілері:

1. Тұлға жағынан: а) барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктердің жалғаулары жалғанған сөздер болады; ә) толық мағыналы сөзден кейін *туралы, жөнінде, жайында* деген септеулік шылаулардың бірі қосақталып тұрады.

2. Мағынасы жағынан, жоғарыда айтқанымыздай, заттық мағынаға ие болады.

3. Негізгі сұраулары аталған септіктердің кім? не? түбірлес сұраулары болады.

4. Байланысу түрі – меңгеру және жанасу.

Сөйлемде іс-оқиғаны заттық мағына жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүшені толықтауыш дейміз.

Толықтауыштың жасалуы

Сөз табы	Шарты	Мысалдар
Зат есім	Кез келген з.е.	Әлияның балалық шағы жақсылыққа толы. (<i>Х.Досп.</i>) Қолында өнері бардың аузында өлеңі бар. (<i>Мақал</i>)
Есімдік	Зат есім орнына қолданылатыны	Оған аздап көмектесуге болады. Сен мұны аналарға сездірген жоқсың а? (<i>С.Сарғ.</i>)
Сын есім	Заттану	Білімдіге дүние жарық. (<i>Мақал</i>)
Сан есім	Заттану	Он – екіге бөлінеді.
Етістіктің есімше, тұйық түрі	Заттану	Білгенге жол бос. (<i>Абай</i>)
Толық мағыналы сөз туралы, жөнінде, жайында шылаулары	Заттану	Сөз арасында «КС-3» комбайны жайында сұрап қалдым. (<i>С.Сарғ.</i>) Бақыт туралы әркім әр түрлі түсінеді. (<i>С.Бақб.</i>)

90-жаттығу. Тиісті сұрау қою арқылы толықтауышты тауып, астын сызындар, олардың қай септікте тұрғанын айтындар.

Дана көзін ашқанда үй іші жап-жарық екен. Әйнектен түскен күн сәулесі бөлме ішінде құбыла ойнайды. Серіппе төсектен жеңіл ырғып түскен Дана жүгіріп барып терезенің желдеткішін ашты. Үйге енген самал тысырсық ауаны қуалап, бөлме ішін желпіді. Таза ауа сергектік пен жігер ала келгендей. Енді ол төр жақтағы радиоқабылдағыштың құлағын бұрады. Кейде нәзік сызыла, кейде шарықтаған музыканың әсем толқынды сазы құлаққа келеді. Бөлме ән құшағына бөленді. Әсем ырғаққа қосылып билей жүре, Дана төсек орнын жинастырды да, жеңіл киініп сыртқа шықты. (*С.Сарғ.*)

91-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, мақал-мәтелдерді көшіріп жазындар да, олардың мазмұнына көңіл аударындар; содан кейін септік жалғаулы сөздерге сұрау қойып, толықтауыштың астын сызындар.

1. Балық ... жүзуге үйретпе, күшік ... үруге үйретпе. 2. Жаман ... сөз естігенше, жақсы... таяқ же. 3. Ақылды қателесе, өз басы ... көреді, Ақымақ қателесе жолдасы... көреді. 4. Білімді ... бала болса да аға деп біл. 5. Туған топырақ ... түскен ізің суымайды.

92-жаттығу. Мына сұрауларға жауап беріндер де толықтауыштың қай септікте тұрғанын айтындар.

Қай жазушыны ұнатасың? Соңғы рет қандай кітапты оқыдың? Қай кейіпкерге ұқсағың келеді? Неге әуестенесің? Кімнен үлгі аласың? Кім болғың келеді? Достарыңмен Темуррийлер мұражайына бардың ба?

§ 24. ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ТОЛЫҚТАУЫШ

▲ Толықтауыш та құрылысына қарай дара және күрделі болады.

Бір сөзден болған толықтауышты *дара толықтауыш* дейміз.

Бейсен *Жомартпен* кейін қайтты. (*Ғ.Мұст.*) Ол әлгі *орманды* картадан көрсетті. (*Б.Мом.*) Еңбек *бәрін* жеңеді. (*Қ.Қам.*) Бұл *құрылысқа* Толғанбай қатты қуанды. (*С.Бақб.*)

Әр жастың *жүзінде* мақтаныш сезімнің толқыны ойнайды. (С.О.)

▲ Сөз тіркесінен, күрделі сөздерден болған толықтауышты **күрделі толықтауыш** дейміз.

Бір топ бала дене шынықтыру **сабағын** өтіп жатты. (*сөз тіркесі*). Баймағамбет **келе жатқандарға** маңқия қарады. (*Ғ.Мұст*) (күрделі етістік.)

КҮРДЕЛІ ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ ЖАСАЛУЫ

1. Сөз тіркесінен болады. *Біз Ақтүбек алқабын шолып тұрмыз. Мен еңбек жолымды нағыз қиын жерден бастадым.* (С.О.)

2. Күрделі сын есім, сан есім, етістіктен. *Мәмет теңбілкөкке жеңіл фәттон жеккен.* (Ғ.Мұст.) *Отыз екіні төртке бөл. Келген кісімен танысқысы келетінін айтты.* (С.Б.)

3. Негізгі сөз + көмекші есім (немесе көмекші етістік) арқылы. *Жаңа ірі өндірістің қажетін қамтамасыз етуге темір жол керек.* (С.М.)

4. Туралы, жөнінде, жайында шылауларының қатысуы арқылы. *Мен сіздің келуіңіз жайында таныспын.* (С.Б.)

93-жаттығу. Толықтауышты тауып, астын сызындар да, оның дара я күрделі екендігін анықтаңдар; күрделі толықтауыштың жасалу жолын көрсетіндер.

1. Түсте басқа қойдың төсін қатық қылған күріш көже іштік. (Ә.Нұри.) 2. Қасқыр әдетте малды шабынан жарады да, әуелі суырып ішкі жылы-жұмсағын жейді. (С.М.) Осы кезде Дана кепкілі балаға жармаса кетті. (С.Сарғ.) Қазанның сырты өрнектермен әшекейленіп, үш қатар араб әріптерімен мәтін жазылған. («Тайқазан») Жалаң бас бала езуіне іркілген мысқылды жимастан, досына қарап көзін қысты. (С.Сарғ.)

94-жаттығу. Көшіріп жазып, қарамен жазылған сөздердің сөйлемнің қай мүшесі екенін анықтаңдар: тиісті сұрауларын қойыңдар да, құрамына қарай олардың дара я күрделі екенін айтыңдар.

Түйенің ең басты қасиеті—оның шөл далаға бейімділігі. Бұл жануардың **күйдірген құм ыстығын** өткізбейтін қалың мүйіз табаны болады. Тығыз біткен биязы жүні қыста **суықты**

өткізбейді. Ол аштыққа шыдамды, басқа мал жуымайтын **тікенек шөптерді** де жей береді. Сол қоректің өзі-ақ оның **қоң жинап семіруіне** жетіп жатыр. (*Ол кім? Бұл не?*)

● Шөл дала, құм ыстығы, қоң жинау *деген тіркестердің басыңқы сөздеріне қарап, қай тіркес екендігін анықтаңдар. Байланыстың қай түріне жатады?*

95-жаттығу. Берілген сөйлемдерден дара және күрделі толықтауыштарды табыңдар. Оларға синтаксистік талдау жүргізіндер.

1. Жаңбыр бұл өңірде жаз кезінде сирек болады, өйткені Торғай уезінде осы берекеге себепкер болатын ешқандай да жағдай жоқ. 2. Соңғы жаз болса өзінің ыстық желімен күзге таман бейшара, қазір тіпті бейшара Торғайдың онсыз да мол емес барлық дала өсімдігін күйдіріп жіберді. 3. Жергілікті мәтелмен айтсақ, біздің Торғай көкжиегін қара бұлт торлап алып, оның жойқын зардаптары осындағы халықтың тұрмыс-тіршілігінде көпке дейін сезілетін болады. 4. Мұның үстіне өткен жылы жергілікті халықтың қамыс жайылма түріндегі барлық жарамды баспаналарын, сондай-ақ қазақтардың қыстауларда қалдырған дәулетінің біраз бөлігін жайпап кеткен дала өрттері және қосылды. 5. Менің екі жүз елу жылқыдан тұратын тұқымын асылдандыруға көп шығындаған таңдаулы асыл тұқымды үйірлерім түгелдей дерлік қырылды.

(*Ыбырай Алтынсарин. Кел балалар, оқылық.*)

§ 25. ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Толықтауыш тура және жанама болып екіге бөлінеді.

▲ **Табыс септік тұлғасындағы толықтауышты тура толықтауыш дейміз.**

Хабиболланы (*кімді?*) ел сыйлайды. (*«Нан иісі»*)
 Әмір қалтасынан бір қалыңырақ хатқапты(*нені?*) суырды.
 (*С.Шайм.*)

> Тура толықтауыш өзі толықтайтын мүшесімен іргелесте, алшақ та тура береді. Іргелес тұрғанда, кейде табыс септік жалғауы түсіп қалады. *Ауыл бізге азық-түлік (нені?) жіберіпті. Жидебай бұлағында балық та (нені?) өсіреміз. («Тербеледі тың дала»)*

▲ **Табыстан басқа септіктердің тұлғасындағы және туралы, жөнінде, жайында шылауларының**

тұлғасындағы толықтауышты жанама толықтауыш дейміз.

Бердіке әлгі **балаға** (*кімге?*) көз тоқтатып қарады. Тегінде, небір мықтылар дәл **осындайлардан** (*кімдерден?*) шығады. («*Уақыттан озғандар*») Көптеген фермаларда сиырды **машинамен** (*немен?*) сауады. Өнертапқыштық жаңа **машиналарды жасау жөнінде де** (не жөнінде?) алдыңғы қатарға шығуымызға мүмкіндік берді. («*Батырлар*».) Гүлнар **өзі туралы** (*кім туралы?*) қысқа ғана сөйледі. (*Н.Ғабд.*)

96-жаттығу. Әңгіменің мазмұнына көңіл аударыңдар. Толықтауышты тауып, оны өзі қатысты мүшесімен бірге көшіріп жазыңдар да, шартты белгімен астын сызыңдар.

Ертегі атаулыда түлкі жан-жануар түгіл *адамды* да оп-оңай алдап жүре беретін ғаламат қу, айлакер аң ретінде суреттеледі. Ал, шындығына келсек, кәдімгі дала кезіп, қорегін әрең тауып жүрген түлкінің *бойынан* дәл ондай *ерекшелікті* байқай қою қиын. Әлбетте, түлкі өзінің *жауынан* құтылу, *жемін* табу жағынан жан-жануардың *бірқатарынан* «ақылдырақ» екені рас. Алайда *оны* аң атаулының ең айлакері, ең сағы деуге болмайды.

Көп жағдайда *қауіп төнгенін* иісшілдігі арқылы сезеді. Жауының *иісін* алыстан сезеді де, алдын ала бой тасалап немесе қашып үлгіреді.

(«*Ол кім? Бұл не?*» кітабынан)

● Тура және жанама толықтауыштарды көрсетіңдер. Жанама толықтауышқа сұрақ қоя отырып, қай септікте тұрғанын анықтаңдар.

97-жаттығу. Оқып шығып, тура толықтауышты табыңдар. Ол үшін өзі толықтыратын мүшесінен тура толықтауышқа сұрақ қойыңдар.

1. Есіктің қоңырауын іздеп, алғашында таба алмадым.
2. Оқыған тарауларды жол-жөнекей жауынгер серіктеріме баяндап отырдым.
3. Ендеше мен сенен ол жазаны алып тастадым.
4. Осы кезде Бауыржан сөзін қайтадан жалғады.
5. Мені ажалдан арашалап алып, бүкіл дүние жүзіне паш еткен адам бұрынғы пулеметшім – Блоха. («*Ақиқат пен аңыз*» кітабынан)

Тура толықтауышты өзі толықтырып тұрған мүшемен көшіріп жазыңдар.

94-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойындар да толықтауышқа айналдырындар.

1. Бабырдың бүкіл өмірі жастар ... үлгі болу керек.
 2. Бабыр Мырза ... жануарлар дүниесі ... жүйелі түрде шұғылданған ғалым деуге болады.
 3. Бабыр сол жердегі Нурафшан бағы ... жерленді.
 4. Егер Бабыр мырза соншалық қасырет ... душар болмағанда, көптеген сауапты істер ... істеген болар еді. (*«Нұрлы жол» газетінен*)

95-жаттығу. Берілген сұрауларға ыңғайына қарай септік жалғауды сөздер тауып, сөйлем құраңдар да, толықтауыштың қай түрі екенін айтындар.

Кімнен нені үйрен? Кімге нені үйрет? Немен нені же? Кімге немен нені тазалат? Нені немен аш? (*толтыр, ұштастыр, көз, шап*) неге немен жаз? Кіммен қайда бар?

§ 26. ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

> Толықтауыш өзі толықтыратын мүшемен екі түрлі байланысады:

1. Меңгеру арқылы:

а) толықтауышты етістіктен болған мүше меңгереді.

Бала бетіме таңдана қарады.




Мен кітапты өзіне бердім. (М.И.)



Үйге қайта оралған Қасым жөнді // тамақ іше алмады.

Бұрын мұндай оқиға дәрігерлік тәжірибесінде кездеспен еді.



Қасым енді ой түйінінен арылмады. (З.Ш.)



ә) Сын есімнен, *бар, жоқ, керек* деген сөздер, кейде зат есімнен болған мүшелер толықтауышты меңгереді.

Сейіл менен екі жас үлкен. (М.И.)



Тау тасымен көрікті, ел жасымен көрікті.



Батырға таяқ та жарақ. (Мақал.)

Нағыз оқушы – кітаппен арқашан дос. (Б.Қойшыбаев)

2. Жанасу арқылы:

Туралы, жөнінде, жайында деген септеулік шылаулардың көмегімен жасалған толықтауыштар өздері толықтыратын мүшелермен жанаса байланысады.

Сен туралы мен Зұлқияға айттым. (М.И.)


Бұл мәселе жөнінде аудан басшыларынан бес адам сөйледі. (М.Ә.)

100-жаттығу. Сөйлемнен толықтауышты тауып, оны қарамен жазылған сөздердің қайсысы менгеріп тұрғанын анықтаңдар.

Түсімде тау ішінде **жүр екенмін**. Бір кезде алыстан жанартаулар **атқылап жатыр**. Өзім таудан **тығылар** тесік таппай тұрғанымда, жеті басты айдаһар шыға келді. Қолымда алтын сапты алмас **қылыш бар**. Асқар далаға **шығып кеткен**. (Базарбай Исаев)

101-жаттығу. Толықтауышты өзі толықтырып тұрған мүшесімен қоса жазып, байланыстың қай түріне жататындығын көрсетіңдер.

Үлгі: *Мен мектепті алтын медальмен бітірдім. Өз мамандықтарың туралы батыл қиялдай беріңдер.*



Биік бәйтерек шайқалып барып құлай бергенде, бір бұтағы көл суына малынды. Сол-ақ екен, алабұға болып жүзіп кете берді Өнербек. Көк шұбар шортан қыр ізіне түсіп қуа жөнелді. Өнербек жалтара қашты, балдырған балдырға сүңгіп, әлденеше рет адастырып кетті.

Сол бойы бозторғайға айналып, пыр етіп көкке көтерілді.

102-жаттығу. Етістік баяндауыштарды ырықсыз етістіктерге айналдырып, мәтінді көшіріп жазыңдар да, әуелде тура толықтауыш болып тұрған сөздердің қай мүшеге айналғанын түсіндіріңдер.

Үлгі: *Қайрат баяндама жасады. Баяндама жасалды.*

Өмір өзеннен су әкелді. Сабыр күрекпен жер қазды. Балалар ағаш отырғызды. Бибігүл қосымша сабақ өтуге барды. Жазғы демалыста оқушылар мұражайға барды.

§ 27. АНЫҚТАУЫШ

> Тұрлаусыз мүшелердің екінші бір түрі – анықтауыш. Ол көбінесе зат есімнен болған мүшелерді сын, сапа, сан-мөлшер, иелік жағынан сипаттайды. *Абайдың бұл мінезіне үйдің іші тегіс күлді. (М.Ә.)* Бұл сөйлемде *мінезіне* деген толықтауышты *Абайдың, бұл* деген екі анықтауыш сипаттап тұр: кімнің мінезіне? – *Абайдың мінезіне*. Затқа иелік жағынан сипаттаған: қай мінезіне? – *бұл мінезіне* – затты нақтылау жағынан сипаттаған.

> Анықтауыш сөйлеген сөзімізге көрік, өң береді. Көркем шығармадағы табиғат көрінісін, адам келбетін, мінез-құлқын суреттеуде анықтауыш ерекше орын алады. Мысалы: *Қыс бойы сұрапылдың ойнағы болған, белес-белес елсіз* Итжон *ақ* көрпесін серпіп тастап, *көк* торғынға оранып жатыр. *Арқаның көктемгі* шуағы жанды жадыратқан. *Диқаншы жұрт сонау алыстағы көк* белдерді кестелеп жүр. *Әр тұста әдемі сағым* ойнайды. *Анда-санда майда* жел желпиді. (*Ф.Мұст.*)

Анықтауыштың негізгі белгілері:

1. Зат есімнен болған мүшені сындық, сандық, иелік жағынан сипаттайды. Соған сәйкес негізгі сұраулары: *қандай?, қай?, қанша?, неше?, кімнің?, ненің?*

2. Өзі анықтайтын мүшесімен қабыса, матаса байланысады.

▲ Сөйлемде зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болған мүшені сындық, сандық, иелік, қатыстық жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүшені **анықтауыш** дейміз.

Анықтауыштың жасалу жолдары:

1. **Сын есім.** *Мақсұт күріштің жапырағындағы мөлдір шықты байқады. Былтырғы жарыста Қайролла басым түсті. («Тербеледі тың дала) Сурет аудандық газетте де жарияланды («Өрлеу»)*

2. **Зат есім.** *Құрылысшы қыз көміршілер қаласына абыроймен оралды. («Өрлеу»)*

3. **Сан есім.** *Қазір зәулім мектепте алты жүз бала оқиды. Бұл жолғы бірінші кезек біздікі болды. («Өрлеу»)*

4. **Есімдік.** *Сіздің бар шығармаңыз осы үйден табылады. («Уақыттан озғандар»).* **Қай** сала, **қай** қырқаға келсең де, **бір** жаңа кітап ашқандай боласың. («Тербеледі тың дала»)

5. **Етістіктің есімше түрі.** *Екі ұшқыш келген шаруаларын баяндай жөнелді. Төлетай ұшқыштар жаққа бір қарап алды да, үзілген әңгімесін қайтадан жалғады. («Өрлеу»)*

6. **Ілік септік жалғаулы сөздер.** *Баймақан Жомарттың кабинетіне кірді. Оның сөзіне ешкім жауап қатпады. Екеуінің әңгімесі Жамалға сабақ болды. (Ғ.Мұст.) Көптің ісінде береке бар. Талаптанғанның еңбегі жанады. (Ғ.Мұст.) Ердің атын еңбек шығарады. (Мақалдар)*

103-жаттығу. Оқып шығып, анықтауыштарды табыңдар да, қай сөз табынан болғанын айтыңдар. Анықтауышты өзі анықтап тұрған мүшесімен қоса теріп жазыңдар.

1. Иман деген аса қастерлі сөз. 2. Ғайыптан екі жолаушы бір сапардың үстінде кездеседі. 3. Бұлардың бірі—ақпейіл, қайырымды, екіншісі қайырымсыз пенде болатын. 4. Бірақ қатыгез серігінің жүрегі бұған селт етпейді. 5. Ауыр тас көтердім, темір көтердім, бірақ жаман көршіден ауыр нәрсе көрмедім. («Мұсылман күнтізбесі»)

Л. Иман, ғайып сөздерінің мағыналарын түсіндіріңдер.

104-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті анықтауыш қойып, көшіріп жазыңдар. Анықтауыштың астын сызыңдар.

... .. жерге қақ тұрар, ерге бақ тұрар. Жігіттің күшін сұрама, ісін сұра. сөз—жан азығы, еңбек—ырыс қазығы. наны тәтті, жаны тәтті. көркі—құрақ, көркі—бұлақ. (Мақал)

Керекті сөздер: көлдің, таудың, еңбектің, жалқаудың, жақсы, қатты, қайратты, жұмсаған, бітірген.

- Анықтауыштың қай сөз табынан болғандығын көрсетіндер.
- Л. «Тәтті» сөзінің сөйлемдегі мағынасына көңіл аударындар.
- П. Сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.

105-жаттығу. Төмендегі сөздерді анықтауыш етіп, сөйлем құраңдар.

Қара ала, бидай реңді, тәртіпті, кішкене, көрікті, он алты, екінші, менің, барудың, көшенің, көлдегі.

§ 28. ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ АНЫҚТАУЫШТАР

> Анықтауыш та құрамына қарай дара және күрделі болады. Дара анықтауыш бір сөзден болады. *Жас қозылардың жып-жылы тұмсықтары Айгүлдің қолын иіскелейді. (Ғ.М.) Екеуінің әңгімесінен жарасымды әзілдер жарқылдайды. (Ғ.Мұст.) Абай келген жұмысын қысқа айтты. Осы жиынға сәлем айтқан – Зередей аналары екен. (М.Ә.)*

Күрделі анықтауыштың құрамында екі я одан да көп сөздер болады. *Кеңсенің сыртындағы кішкене қақпадан кіріп, екі бөлмелі үйге келдік (Ә.Ә.) – Бұл сөйлемде кеңсенің сыртындағы деген күрделі анықтауыш, ол негізгі сөз (кеңсенің) бен көмекші есімнің (сыртындағы) тіркесінен жасалған; екі бөлмелі деген күрделі анықтауыш сөз тіркесінен (сан есім мен сын есімнің тіркесінен) жасалған.*

Күрделі анықтауыштың жасалуы:

1. **Сөз тіркесінен болады.** *Балтық теңізінің күзгі долы желі еліре соғады. (С.О.) Қайың сапты кетпен қара жерге қарш етті. (Қ.Түменбаев)* Ауыл адамдары кеңшардың *төрт-бес отар* қойын Сарыбұйраттың ұсақ адырларына тебіндете жайып шығатын. *(А.Сейдім.)*

2. **Күрделі сын есім, сан есім және етістіктен болады.** *Айнала бар дүниені ал қара көк бетеге басыпты. (М.Ә.) Станцияда елу екі адам бар. (Ш.Дәуенов)* Қыр төсінде *марқайып қалған* қозылар жайылып жүр. («Дала дауылпаздары»)

3. **Негізгі сөз бен көмекші сөзден болады.** *Үй ішінің қарбалас жүрісі саябырлады. (М.Ә.) Жол бойындағы бұршікті сарғалдақтар көз тұндырады. (Х.Мағз.)*

106-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқып шығып, ондағы айтылған ақыл-кеңестерді естеріне сақтандар. Анықтауыштарды тауып, дара я күрделі екенін анықтандар.

Ынтымақты ел – сарқылмас көл. Елдің ерлігі ерінен танылар, елдің байлығы жерінен танылар. Жасырғанның жарасы асқынады. Көбікті қарда түлкі ойнар, көңілді көзде күлкі ойнар. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. Кісінің кісілігі – киімінде емес, білімінде. Жаста оқыған оқуың тасқа жазғанмен бірдей, үлкейгенде оқыған оқуың мұзға жазғанмен бірдей. Ақынның тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік. (*Мақалдар*)

● Күрделі анықтауышты өзі анықтайтын мүшесімен қоса жазып, жасалу жолына талдау жасаңдар.

кімнің?

Үлгі: *Жеті жұрттың тілін біл.* Күрделі анықтауыш: *жеті жұрттың* – сөз тіркесі. *Схемасы (сан есім – зат есім)*

107-жаттығу. Төменде берілген сөздерді анықтауыш етіп, сөйлем құраңдар.

Көк аспан, ескі ғимараттағы (мектеп), Абзалдың (санағыштары), балабақша жасындағы (бала), оқытушы (салтанат), сендер сияқты (жастар), он (оқушы), қолы қимылдағанның (аузы), екі бөлмелі (пәтер).

108-жаттығу. Суретке қарап мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрауда дара және күрделі анықтауыштарды пайдаланыңдар.



§ 29. АНЫҚТАУЫШТЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

> Анықтауыштар өзі анықтайтын мүшелерімен қабыса және матаса байланысады.

Қабыса байланысатын анықтауыш өзі анықтайтын мүшесімен іргелес (арасына сөз салмай) тұрады.

Сын есім. *Қатты* жел тоғайдың **ұлпа** басын желпінтіп тұр. (З.Иманб.)

Зат есім. Етегі желбіреп, бос тұрған **қамыс** шымылдықты мал маңдайымен көтеріп, әрлі-берлі өте береді. («*Уақыттан озғандар*»)

Сан есім. Бұл пунктте **бір мың екі жүз жетпіс алты** сиыр бар екен. («*Дала дауылпаздары*»)

Есімдік. Бұл ауыл өткен жылы әдемі де кең, еңсели клуб салдырды. (С.Шам.)

Есімше. Әлі де **толғандыратын** мәселелер аз емес. (С.Сарғ.)

Матаса байланысатын анықтауыш ілік септігі тұлғасында тұрып, өзі анықтайтын мүшесімен іргелес те, одан алшақ та тұра береді.

Іргелес: *Мен Рақымжановтың ұсынысын қолдаймын. Мейрамның айтқаны менің көңілімнен әбден шығып тұр.* («*Дала дауылпаздары*»)

Алшақ: *Редактордың сирек сарғылт шашы маңдайына селкеуленіп түскен. Біз жоғарыда малды ауылдардың жаңа техникамен мол жабдықталғанын атап өткенбіз.* («*Дала дауылпаздары*»)

109-жаттығу. Берілген сөз тіркестерінің қайсысы қабыса, қайсысы матаса байланысқандығын анықтап, төмендегі үлгі бойынша топтап жазыңдар.

Қабысу

Матасу

Үлгі:

ақшыл тас

Саматтың қағазы

Ақшыл тас, Саматтың қағазы, қызғылт тас, Ерланның кітабы, теректің бұтағы, сіздің суретіңіз, үлкен үй, күн сәулесі, қисық ағаш, ешқандай жүк, гүрілдеген өзен, жым-жырт тыныштық, салт атты кісі, депутаттың сөзі, осындай мұғалім, бұл суретші, бірер ай.

110-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің қабыса, матаса байланысқанын анықтаңдар да сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын көрсетіңдер.

Міне, **ағаштың** түбінен саңырауқұлақ көрінді. Ол **бір**-ақ күнде дүниеге келген-ді. Ал түбіне саңырауқұлақ шыққан **ағаштың** өсіп тұрғанына талай жыл болды. Саңырауқұлақ ұрығының **жас** мөлшері де осы ағашпен шамалас. Саңырауқұлақ **ұрығының** жіңішке жіпшелері көп жағдайда **ағаш** тамырының ұшын шырмап алады. Бұл **оның** екеуіне де тиімді. («Ол кім? Бұл не?» кітабынан)

111-жаттығу. Оқып шығып, қабыса байланысқан анықтауышты табыңдар да, қай сөз табынан екендігін айтыңдар.

Осыдан тайқазанның таңғажайып құпиясы – оның ғылыми қызметі тайға таңба басқандай айқындалады. Қазанды және Қожа Ахмет ғимаратын жасаушы шеберлер жердің өз өсіне айналу құбылысын білген. Фуко маятнигінен сан ғасыр бұрын ашылған жаңалық.

Тайқазанды жасаушы шебердің астрономиядан, математикадан, физикадан, химиядан мол әрі терең хабары болған. Тамаша ғалым, білгір адам, жай ғана шебер, зергер болып қоймаған. (Ө. Шәріпов)

● Мәтіннің мазмұнына көңіл аударыңдар. Қазан не үшін тайқазан деп аталатынын мұғалімнен сұрап біліңдер.

§ 30. ПЫСЫҚТАУЫШ

> Пысықтауыш – тұрлаусыз мүшелердің бір түрі. Ол сөйлемде іс-оқиғаның жүзеге асуындағы алуан түрлі жағдайын білдіреді. *Абай Қарашоқыға түс ауа жетті. (М.Ә.) Бір топ киік безіп келеді. Алдыңғы ортеке орғи-орғи секіреді. (Қ.Жүнісова)* Бұл сөйлемдердегі *Қарашоқыға* деген сөз қайда? деген сұрауға жауап беріп, іс-оқиғаның мекенін білдірсе, *түс ауа* деген сөздер қашан? деген сұрауға жауап беріп, оның мезгілін, ал *орғи-орғи* деген қос сөз қалай? деген сұрауға жауап беріп, қимылдың сынын білдіріп тұр.

▲ *Сөйлемде іс-оқиғаның мекен, мезгіл, сын-қимыл, себеп, мақсат жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүшені пысықтауыш* дейміз.

Пысықтауыштың негізгі белгілері:

1. Ис-оқиғаның жүзеге асуындағы алуан түрлі жағдайын білдіреді.
2. Соған сәйкес қашан?, қалай?, неге?, не үшін? т.б. сұрауларға жауап береді.
3. Байланысу түрлері – меңгеру, жанасу және қабысу.
4. Соған сәйкес жасалу жолдары да алуан түрлі болады.

Пысықтауыштың жасалу жолдары:

1. Сөйлемде пысықтауыштың қызметін көбінесе үстеу атқарады. *Біз ілгері (мекен үст.) жүріп кеттік. («Тербеледі тың дала»)* *Ертеңіне (мезгіл үст.) екі өзен аралығына екі бірдей тікұшақ келіп қона қалды. («Өрлеу»)*

2. *Барыс, жатыс, шығыс және көмектес* септіктерінде тұрған сөздер мекен, бет алыс, бағыт, мезгіл, сын-қимыл мағыналарын білдіріп, пысықтауыш болады. Мен, міне **ауылға** (мекен-бағыт) беттеп келемін. **Қырман басынан** (мекен) электр жарығы жымындайды (*С.Шайм.*) Алтайбаева астық молшылығын жасау күресіне зор **дайындықпен** (сын-қимыл) кірісті. («Тербеледі тың дала»)

3. *Мезгіл мәнді зат есімдер ыңғайына қарай пысықтауыш болады. Сол күні Тілеуқабыл түні бойы дөңбекшіп, әлденеден ұйықтай алмады. («Дала дауылпаздары»)*

4. *Септеулік шылаулы есім сөздер пысықтауыш болады. Күні бүгінге шейін* бұл елдің жаз жайлауы – Қарақұм да, қыс қыстауы – Сыр бойы. (*С.Шайм.*) Абай **халық үшін**, халық **Абай үшін** алысады. (*М.Ә.*)

5. *Пысықтауыш етістіктің көсемше түрінен болады. Шешесі баласының бетінен мейірлене сипады. («Өрлеу»)*

6. *Елiктеуiш сөзден болады. Бұл сөзіме Шаймерден кеңк-кеңк күлді. (С.Сарғ.)*

7. *Сын есімнен болады. Айнала жұрт сөзге қатты (қалай?) сүйсінді. (М.Ә.) Біз сізді жақсы (қалай?) танимыз. («Уақыттан озғандар»)*

8. *Кейде сан есімнен болады. Жанбота туды екі рет (қанша?) алды. (Ғ.Мұст.)*

9. *Есімдіктен болады. Шай әлдеқашан (қашан?) жиналған. (С.Сарғ.)*

112-жаттығу. Көшіріп жазып, сөйлем мүшесіне талдаңдар. Пысықтауышқа сұрау қойып, тиісті белгімен астын сызыңдар.

Көкек үңгірдің алдындағы жағаға келіп тоқтады. Су астынан үйдей үлкен қара шұбар өгіз-бақа қалқып шыға келді. Бір кезде бұл бәйтерек те бала шыбық еді. Ұзамай сыпырылып құлайды. Бала күшік Құмай ыза болып, бәйтеректі айнала шауып орылдап үреді. (F.M.)

113-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің қайсысы толықтауыш, анықтауыш я пысықтауыш екенін анықтандар.

Жұрт қарияны қостады. Тыңжан жыл сайын емес, ай сайын өсті. Осылай жұмыс істеп, отыз қала орнатты. Тынымсыз Тыңжан тағы да іске кірісті. Қолына қалпағын ұстап тағы да жұмысқа шықты. Тыңжан маңдайынан тері тамшылап, жаз бойы осылай қимылдады.

114-жаттығу. Оқып шығып, пысықтауышты табыңдар да жасалу жолына қарай талдаңдар.

Жадырап көктем туды. Қар қауырт еріді де, аз күнде төңірек қарайып, құрғап шыға келді. Мектепте көшелерді көгертіп, ағаш отырғызу апталығы басталды. Оқушыларды түгел қызықтырған бұл бастама тек Алмабекке ұнамады. Бірақ жұрт бір кісідей жұмылып кірісіп істеп, Алмабек шеттеп қала алмады. (Б.Соқп.)

§ 31. ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ПЫСЫҚТАУЫШ

> Пысықтауыш та құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді.

Дара пысықтауыш бір сөзден болады. *Шопанның үні мейірімді естілді. (Х.Е.) Мен бұл екі егіннің қаншадан беретінін әлдеқашан білгенмін. Бүгін мен де бір қимылдан көрейін. (Ғ.Мұст.) Бұл кезде пойыз Хантауға келіп тоқтаған еді. (С.Бақб.)*

> Күрделі пысықтауыштың құрамында екі я одан да көп сөздер болады. *Толғанбай Алакөлден Есік көліне келді. (С.Бақб.) Орталап қалған ай батысқа таман сызылып барады. (М.Ә.)*

Күрделі пысықтауыш:

1. Негізгі сөз бен көмекші есімнің байланысынан болады.

Бұлар әуежайдың шетінде тұрған ақша бұлт түстес ұшақтың қасына келіп тоқтады. (С.Бақб.)

2. Негізгі сөз бен септік шылаулардың байланысынан болады. *Сапа күресі жыл сайын күшейіп барады. (Ғ.С.) Зейнел Бақтыбай тапсырған шаруаның біразын жиналысқа дейін тындырған. («Өрлеу»)*

3. Тұрақты тіркестен болады. *Ұшақ аспанға көтеріле бара, екі өзен аралығы алақанға салғандай болып көрінді. («Өрлеу»)*

115-жаттығу. Оқып шығып, пысықтауыштарды табындар да, олардың дара я күрделі екенін анықтаңдар.

Қарагер ат күні бойы ойға шапты, қырға шапты. Әлі арқасынан буы бұрқырап тұр. Көп алаңдамай ауыл сыртындағы аласа тоғайға тартты. Ерні жылпылдап, құлағы делбірсіз қайшыланып, Қарагер көзін шарт жұмып алып күртілдетті. Алаңсыз оттап жатқанда, дәл танауының астынан біреу:

– Аманбысың, ағайын? – деді гүрсілдеп. (О.Әубәкіров)

116-жаттығу. Төмендегі сөздерді пысықтауыш етіп, сөйлем құрандар.

Үлгі: *екі-үш минуттай (отыру), үнсіз (отыру).* – Алмагүл *екі-үш минуттай үнсіз отырды.*

Сыр бермеу (сөйлеу), бейім (тұру), апыл-ғұпыл (ауысу), түрегел (қол созу), асықпай (сөйлеу), байқамай (қалу), ұзақ (әңгімелесу), шапшаң (қимылдау).

● Пысықтауыштың құрмына қарай дара я күрделі екендігін қай сөз табынан болғандығын анықтап, күрделі пысықтауыштың жасалу жолын көрсетіндер.

117-жаттығу. Көшіріп жазып, сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

Төле бидің ауылы бір көлдің жағасында екен. Ел арасындағы әлгі даулы мәселені кеңескелі билер, көлдің жиегіндегі бір көгал жерге отырады. Осы кезде суға бір топ аққу келіп қонады. Олар көлге қарап отыр екен.

- Бұл көлдің алар ма еді қуын атып, – дейді Төле би.
- Жазым болып жүрмесін суын атып, – дейді Қазыбек.
- Үлкен жиын, үлкен той боп жүрмесін, суда жүрген перінің қызын атып, – дейді Қаражігіт. («Нұрлы жол» газетінен)

§ 32. ПЫСЫҚТАУЫШТЫҢ ТҮРЛЕРІ

✳ **118-жаттығу.** Қарамен жазылған пысықтауыштарды мағыналық түрлеріне талдаңдар.

Шайқастың нәтижесінде хан әскерлері тас-талқан етіліп, **сол жерден** қуып шығарылды. Бұл атаулардың түпкі мағынасы мені **жас кезімнен** қызықтырып келген. **Осылайша** мен шайқас туралы маңызды деректер жинай бастадым. («Нұрлы жол» газетінен)

119-жаттығу. Берілген сөздерді пысықтауыш етіп, сөйлем құраңдар да, мағына жағынан қай пысықтауыш екенін анықтаңдар.

Үлгі: *енді (ауысу), басқа жерге (ауысу). Енді (мезгіл пыс.) біз басқа жерге (мекен пыс.) ауысамыз.*

Аз-кем (кідіру), қысқа дейін (құрғап жату), жайлап (қону), қабаттаса келіп (тоқтау), өз-өзінен (мазасыздану), іштей (мазасыздану), қатты (мазасыздану), қолма-қол (табыла кету), жан-жақты (талқылау), үнемі (іздену), Ангрен қаласынан (шығу).

120-жаттығу. Көшіріп жазып, мекен пысықтауыштың астын сызыңдар да, қай сөз табынан болғанын, тұлғалық белгілерін көрсетіңдер.

1. Ол бері қарай жүрді. 2. Тау-таста жайылып жүрген ешкіні қасқыр көрді. 3. Өгіз-бақа Наргөздің тұсынан төмен қарап өтіп барады. 4. Бақа қорқып, кейін шегінді. 5. Бәйтерекке жақын қонған ауылдардың жастары соның маңайында ойнайды. 6. Гүлдер қол оңай жетпес биікте өседі. (F. Мүсірепов)

Пысықтауыш мағынасына қарай мына сияқты түрлерге бөлінеді:

Пысықтауыштың бұл мағыналық түрлері сөйлемде тиісті сұраулары арқылы ажыратылады. Әрқайсысының жасалу жолдары, құрамы нақты сөйлемде талданып отырылуы керек.

Түрлері	Сұраулары	Мысалдар
Мекен пысықтауыш	Қайда?, қайдан?, қалай қарай?	Жарқын мен Сапар төмен қарады. (Т.Ақт.) Асқар төреге қарай барды.
Мезгіл пысықтауыш	Қашан?, қашаннан бері?, қашанға шейін?	Бүгін сол елдің бәрі де жылы үйлеріне қауырт кіріп жатқан. (М.Ә.) Бұл екеуі көпке шейін үнсіз келе жатты. (М.Ә.)
Қимыл-сын пысықтауыш	Қалай?, қалайша?, қайтіп?, қанша?(рет)?, неше (рет)?	Өкем сөзімді үндемей отырып тыңдады. (Н.Ғабд.) Зейнеп бұрғышыларды жағдаймен қолма-қол таныстырып шықты. («Үрлеу») Ол сәл ойланып қалды (Ә.Ә.) Редактор оған қатты ұнады. (С.Бақб.) Ардагер ана бүлдіршіндерге аса бір ыстық мейіріммен қарады. («Өрлеу») Райхан бала күнінде талай рет бұл үйге келетін. (С.Жүн.)
Мақсат пысықтауыш	Не үшін?, не мақсатпен?, неге бола?	Біз әдейі саған келдік. (Ә.Н.) Сен мұны қасақана істеген жоқсың. (А.Ф.) Сіз маған бола келдіңіз бе?
Себеп пысықтауыш	Неліктен?, не үшін?, не себепті?, неге?	Кейін келген бала ұялғаннан үйден шыға жөнеліпті. (Ертегіден) Осы мінезің үшін дос болғым келіп тұр. (Ә.Н.)

121-жаттығу. Мысалдарды көшіріп жазып, қимыл-сын пысықтауыштардың астын сызындар да, қандай сұрауларға жауап беріп тұрғанын айтындар.

1. Ықылас Рақметке таң қалған түрде қарады. (С.Е.) 2. Географша үңіліп ал картаға (С.О.). 3. Диктор даусы тым көтеріңкі шықты. (С.О.). 4. Қайта-қайта күнді сұрай бергеніңіз қалай? (М.Ә.). 5. Ұлпа көбік қар жер бетін тегіс жауыпты. (Ғ.Мұст.).

122-жаттығу. Мақсат пысықтауыштардың астын сызып, жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

1. Осы күндері Батыр, Болат оқитын мектеп үшін тағы бір қуанышты оқиға болды. (Б.Қойшыбаев) 2. Сізге көмектесу үшін әдейі ертерек келдім. 3. Сен білетініңді қасақана айтпай отырсың ғой.

123-жаттығу. Берілген сөздерді қимыл-сын пысықтауыш етіп сөйлем құраңдар.

Үлгі: *сенімді (айту) – Сәуле уәдесін орындайтындығы жөнінде сенімді айтты.*

Жұлқи (тарту), алма-кезек (көтеру), анық (байқау), толас-сыз (жауу), қыранша (самғау), абыроймен (орындау), жүзбе-жүз (көрісу), көзді ашып-жұмғанша (жоқ болу).

124-жаттығу. Мына сөздерді мезгіл пысықтауыш етіп, сөйлем құрастарыңдар.

Бүгін, ертеңнен, биылша, келесі жылға дейін, жаз күндері.

§ 33. ПЫСЫҚТАУЫШТЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

> Пысықтауыштар өзі пысықтайтын мүшелермен **жанаса**, **меңгеріле** және **қабыса** байланысады.

1. Үстеуден, шылаулы сөздерден, көсемшелерден, мезгіл мәнді зат есімнен болған пысықтауыштар өзі пысықтайтын мүшелермен **жанаса** байланысады. Басқаша айтқанда, ол мүшелермен іргелес те, алшақ та тұра береді.

Енді Тәкежан мен Ысқақ бұрынғыша бетпе-бет отырып сөйлеспеді. (М.Ә.) Жақсы, жігітім. Менің туған жерім үшін соғысқан екенсің ғой.

2. Барыс, жатыс, шығыс және көмектес септік жалғаулы пысықтауыштар өзі қатысты мүшелерге **меңгеріле** байланысады.

Музыканы мен **жасымнан жақсы көрдім.** (З.Ш.) Анау **ойпанда** жусан аралас қызғалдақ пен жауқазын **қызарады.** (Т.Ахт.) Қарт мұғалима Жақыпбекке **ойлы көзімен біраз қарап отырды.** (М.И.)

3. Сын есім, сан есім және еліктеу сөздерден болған пысықтауыштар өзі қатысты мүшелерімен **қабыса** байланысады.

Ер көрмеймін деген жерін үш көреді. Ат баспаймын деген жерін үш басады. (Мақал)

125-жаттығу. Үлгіде берілгендей сөйлемдер ойлап тауып, олардың өзі пысықтайтын мүшелерімен қалай (жанаса, меңгеріле, қабыса) байланысқанына түсінік беріңдер.

Үлгі: 1. *Шыжыған күнде қырман басына барғымыз жоқ. – Пысықтауыш барыс септік арқылы меңгеріле байланысқан.*

2. **Бұл күні** күн ашық еді. – Пысықтауыш тәуелдіктің III жағы арқылы баяндауышқа жанаса байланысқан.

3. Бұлшық еттері **білеуленіп** шығып тұр. – Пысықтауыш баяндауышпен жанаса байланысқан.

126-жаттығу. Берілген сөздерді пысықтауыш етіп, сөйлем құраңдар да, олардың өзі пысықтайтын мүшелерімен қалай байланысып тұрғанын айтыңдар.

Үлгі: *Сол жылы (бітіру), күзде (бітіру).* – **Сол жылы күзде кешенді бітірдік.** Түсінік: *Сол жылы* деген мезгіл пысықтауыш баяндауышпен **жанаса** байланысқан. *Күзде* деген мезгіл пысықтауыш баяндауышқа **менгеріле** байланысқан.

Ой тоқтатып (қарау), шиедей (қызару), белсенділігі үшін (мақтау), әскери бөлімге (жету).

127-жаттығу. Қарамен жазылған пысықтауыштардың пысықтауыштың қай түріне жататынын анықтаңдар.

1. Олар сөйтіп бір **түнде** қашып кетті. 2. Шын атын **жасыра** келді. 3. Қонақты олар **жаны қалмай** күтті. 4. Жігіт орамалды аламын деп **жоғары қарай** өрледі. 5. Сабакқа кешігіп **келгендіктен** естімей қалды әңгімені. (*Б.Исаев*)

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Тіл мәдениеті – алған білімді күнделікті өмірде орнымен дұрыс қолдана алу мәдениеті болып есептеледі. Ал сөйлем мүшелері жайындағы білімдерін сөйлем талдауда дұрыс қолдана алмаса, не бір мүшені екінші бір мүше деп талдаса, ондай оқушының білімінде шалағайлық бар деген сөз. Бұл – білімге, сауаттылыққа үлкен нұқсан келтіреді. Сөйлем мүшесіне дұрыс талдау үшін, төменде үлгі беріліп отыр.

Сөйлем мүшесіне талдау тәртібі:

1. Сөйлем мүшесіне талдағанда, алдымен *баяндауышты* тауып аламыз. Оны табу оңай, өйткені баяндауыш әрқашан сөйлемнің соңында тұрады.

2. Баяндауыш арқылы *бастауышты* табамыз: бастауыштың сұрауын баяндауышпен байланыстыра айтамыз.

3. Баяндауышқа қатысты *толықтауышты* табамыз, бұған да толықтауыштың сұрауы қатысады. Алдымен тура толықтауышты, одан кейін жанама толықтауышты табамыз.

4. Баяндауышқа қатысты *пысықтауышты* не *анықтауышты* (тиісті сұрауларына баяндауышпен қоса айта отырып) табамыз.

5. Бастауышқа не тұрлаусыз мүшеге қатысты мүшелер рет тәртібімен тиісті сұраулары арқылы табыла береді.

Үлгі: *Зәулім ағаштардың үзіліп түскен сары жапырақтары ауада қалқып жүр.* («Дала дауылпаздары»)

Не(нелері) қалқып жүр? – **жапырақтары** (баст.) *қалқып жүр.*

қайда қалқып жүр? – **ауада** (пыс.) *қалқып жүр.*

ненің жапырақтары? – **ағаштардың** (анық.) *жапырақтары*

қандай жапырақтары? – **сары** (анық.) *жапырақтары.*

қай жапырақтары? – **үзіліп түскен** (анық.) *жапырақтары*

қандай ағаштардың? – **зәулім** (анық.) *ағаштардың*

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖАТТЫҒУ

128-жаттығу. Көшіріп жазып, сөйлем мүшелеріне талдаңдар. Әр мүшенің астын тиісті шартты белгісімен сызып отырыңдар.

Вагон іші жылы, жарық екен. Темір пеш жанып тұр. Аккумулятордың қуаты білте шамнан әлдеқайда жарығырақ көрінді. Салт аттылардың үстеріндегі қарды қағуға жігіттер көмектесіп жатыр. Жақаң қара терге түсіпті. Шикіл сары жүзі қызарып кеткен. Жігіттер вагон ішінде қаз-қатар түрегеп тұр. Араларында аспазшы екі қыз бар екен. (З.Иманб.)

● **Л.** Аккумулятор сөзінің мағынасын, жазылуын біліп алыңдар.

129-жаттығу. Тұрлаусыз мүшелерді тауып, төмендегідей берілген кестені толтырыңдар.

Сары ала күз келді. Күндіз қоңыр салқын. Кеш суықта. Өзен суының сарқылы алыстан естіліп тұр. Бозторғайлар жер бауырлай ұшады.

Жаңа оқу жылы басталды. Болатбек өзі қолға алған жұмыстан қол үзіп кете алмады. Сабақтан қалуға бол-

майды. Таңатар екеуі кезекпен оқуға күн ара келіп жүрді.
(Қ.Толыбаев)

Үлгі: Бұлар үш қабат үлкен үйдің баспалдағымен жоғары көтерілді. (С.Бақб.)

Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер	Мысалдар
Толықтауыш	баспалдағымен (немен?)
Анықтауыш	Үш қабат (қанша?), үлкен (қандай?) үйдің (ненің?)
Пысықтауыш	жоғары (қайда?)
Баяндауыш	көтерілді (қайтті?, не істеді?)

130-жаттығу. Берілген микроәтендегі сөйлемдердің тұрлаулы мүшелерін ажыратыңдар да, ол мүшелердің қай сөз табынан жасалғандығын түсіндіріңдер.

ЖЫЛҚЫ

... Жылқы жатын малының санатына жатпайды. Қорада тұрса да күндіз-түні алдынан жем-шөбі үзілмеуі керек. Өйткені ол күйіс қайтармайды. Бар болғаны, кейде жатып, кейде түрегеп тұрып-ақ ұйықтап алады. Жусағаны сол. Шынында жылқының таз қарнында ірі-ірі қызыл құрт болады. Жылқы үшін күйісті сол қайырады деген сөз рас шығар.

Жылқы сауын малына жатады. Оның сүтін сабаға құйып, қымыз ашытады. Әлі ашымаған сүтін саумал дейді. Жылқының қымызы жетпіс түрлі ауруға ем екен деген сөз бар. Әйтеуір биенің сүті өзге малдың сүтінен ерекше. Айран ұйытылып, май шайқамайды, шайға қатылмайды. Бірақ сабада көп пісілсе, бетіне май түседі. Ол қымыздың бетінде қап-қара, ноқаттай болып балық көзденіп жүреді.

Бие таңертеңнен кешке дейін жеті-сегіз рет сауылады. Қазақтар бұрын уақытты да осымен өлшепті. Әр сауымның арасын бие сауым уақыт деп есептеген

(«Төрт түлік төресі кім» деген кітаптан)

131-жаттығу. Берілген микроәтендегі сөйлемдердің тұрлаусыз мүшелерін ажыратыңдар да, оған талдау жұмысын жасаңдар.

Қос құрылып біткен шақта кеш те батқан. Өзегі талғанын айрықша сезінген, жүріс діңкелетіп, ұйқы жеңіп, әбден қалжыраған Шақан кеш бата тұзақтарын қарауға шықты.

Арқада қырғауыл болмайды, бірақ аң-құсы мол сияқты. Үйден қырық қадам ұзамай жатып, аяқ астынан шыр етіп үйірлі шіл ұшқан. Көз көрім жердегі ағаш басы ескі ұдай қарауытқан, тоқ-тоқ шоқынып, бүршік шаққан құр. Қар беті шимай-шатпақ ізден көрінбейді. Тышқанның неше атасы. Күзен, қарсақ, түлкі, бірақ ең көбі – қоян сияқты. Жеке-жарым жортқан емес, шұбыра із салған; жалғыз-ақ күнде адам аяғы әрең батардай тапталған тарау-тарау жым. Осындай жым бойына қатар өскен екі ағаштың арасына құрылған алғашқы тұзақтың өзіне лақтай ақ қоян түсіпті. Тағы бірнеше қадамнан соң, тал басында далбырлай асылып тұрған үлкен кара құр көрінді...

(*Мұхтар Мағауин. Шақан – шері.*)

§ 34. СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ

Сөйлемде белгілі бір мүше сан жағынан біреу ғана емес, екі я одан да көп болып, бірыңғайласып айтылуы да мүмкін.

Досан, Есен, Әлмен, Бәрмен де аса сүйсінген ажар танытты. (М.Ә.) – Бұл сөйлемде төрт бастауыш бар, бәрі де бір ғана *ажар танытты* деген баяндауышпен байланысып, *кім?* деген ортақ бір сұрауға жауап берген.

Бірыңғай мүше түрінде тек бастауыш қана емес, басқа мүшелер де – баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш – айтыла береді.

Бірыңғай баяндауыш

Мысалы, *Сүгірәлиева Алтын – жақсы әнші, әсем биші.* («Уақыттан озғандар») деген сөйлемде *жақсы әнші де, әсем биші де* бірыңғай баяндауыш болып табылады.

Аңшы, мергендер, жортуылдар – күнделік аңыз тудырған қайратты, өнерді, қастық-араздықты да баян етеді. (М.Ә.)

нелерді?

Сызбасы:

¹ ² ³
[ОІ ОІ О]

Бірыңғай анықтауыш

Ораз орта бойлы, кең жауырынды, төстек кеуделі, ақ сақалды, дөңестеу мұрынды, дөңгелек қара көзді, желкілдеген ұзын ақ қас, кең маңдайлы адам еді. (С.М.)

Сызбасы: [ОI ОI ОI ОI ОI ОI ОI О]

Бірыңғай пысықтауыш

Көктемде, жазда және күзде ауыр тікұшақтар тайгадағы бұрғылардың үстінде қалықтап жүреді. («Батырлар».)

Сызбасы: [O] O және [O].

Бірыңғай мүшелердің негізгі белгілері

> 1. Бірыңғай мүшелер өзара салаласа байланысып, біркелкі сарындағы дауыс ырғағымен бөлініп айтылады, басқаша айтқанда, санамалау интонациясымен айтылады.

2. Ортақ бір сұрауға жауап береді.

> 3. Бірыңғай мүшелер көбінесе бірыңғай тұлғада болып, бір сөз табына жатады.

4. Бірыңғай мүшелер өзара жалғаулық шылаулар арқылы да байланысады.

▲ **Қызметі мен сұраулары ортақ болып, өзара салаласа байланысқан екі я одан да көп мүшелерді сөйлемнің бірыңғай мүшелері дейміз.**

132-жаттығу. Оқып шығып, сөйлемнің қай мүшесі бірыңғайласып тұрғанын көрсетіндер.

1. Бұл әулие орынның да айналасы әбден гүлдендірілген, адам қызығады. 2. Қонақтар тәу ететін, деректі фильм көретін, жиындар өтетін т.б әртүрлі орындар екен. 3. Кесенеден ішке кіретін қақпа арқылы Президент ішке кіріп, соң кесене үстіне шығып, қақпа төбесіндегі микрофон алдына келіп, жұртқа сәлем бергенде ду қол шапалақ болды. 4. Аса құрметті қонақтар отыратын орын, қарсысында мәре, түрлі ойын-сауықтар көрсетілген жай. 5. Көмбеге бірінші, екінші, үшінші аттар жетіп келді. (Боран Қыдыров. «Біздің жол» кітабынан)

133-жаттығу. Берілген сөйлемдерден бірыңғай мүшелерді табындар. Ол сөйлемнің қай мүшесі екендігін анықтаңдар.

1. Мағаш пен Кәкітай сол кезде күле алмай, іркіліп қалды. 2. Өздері жақсы көретін адал, аңқау мінезді ағаның мына жерде ез сияқтанып отырғанын ол екеуі де намыс етті. 3. Абайдың ажарына қарап, «ашуланды да, Ақылбайды ұялтып, ұрсып жерлейді-ау» десіп отыр. 4. Сондай сөзбен Тәкежан, Майбасар, Оспандар Семейге кетіпті. 5. Өз қасындағы Дәрмен мен Мағашты да шығарған жоқ. 6. Абайдың мына сөзі Дәрмендерге де өте айқын, ашық, тың өріс сияқты сезінді. 7. – Ата жолынан да, шарифат жолынан да, мұсылман қауымынан да бездім десеңші! 8. Ал сен керек десе, өлімші боп жатқанда қалжа да бермедің, қараспадың. 9. «...Ел ішіне қуғын-сүргін отряд шығартпасын, қалада қазақ жолымен жауап беруге келсін, жүгіниске баратын болсын» деп Жігітектің Бейсенбі, Әбділда сияқты атқамінерлеріне кісі салған.

(М.Әуезов. «Абай жолы»)

134-жаттығу. Берілген мәтіннен бірыңғай тұрлаусыз мүшелерді табындар. Оған синтаксистік талдау жасаңдар.

БІРЖАН МЕН САРА

«Біржан мен Сара» айтысының негізгі тақырыбы – әйел теңсіздігі мәселесі. Айтыста сол кездегі феодалдық заманның аса қатал да ащы шындығы паш етілген. Сол кездегі қазақ әйелдерінің аянышты халі, барынша қайғылы тұрмыс-тіршіліктері анық көрініс тапқан. Қолына он үш жасында домбыра алып, Ер Қаптағай ішінен жеке-дара шыққан ақын Сара ешкімді ілістірмеген шын мәніндегі шынайы талант иесі, бүкіл жұртқа аты әйгілі ару. Ол өз басындағы қайғы-қасіреті арқылы сол кездегі қазақ әйелдерінің мұңын, қайғы-қасіреттерін айта білген. Аса саңлақ, әрі шешен, асқан сұлу – Сара феодалдық заманның құрбаны. Сондықтан да ол Біржан салға:

*Қажыеке, күні құрсын ұрғашының,
Билігі болмаған соң бір басының.
Берген соң тері-терсек ит те алады,
Пұлындай берекесіз арбашының...*

деп, өзінің мұңын шағады.

(«Қазақ әдебиеті» оқулығынан)

§ 35. БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРДІҢ ЖАЛҒАУЛЫҚ ШЫЛАУЛАР АРҚЫЛЫ БАЙЛАНЫСУЫ

Бірыңғай мүшелер өзара 1) ыңғайластық, 2) қарсылықты, 3) талғаулы, 4) кезектестік жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.

1. **Ыңғайластық жалғаулықтар:** *да, де, (та, те) әрі, және, мен, (бен, пен).* Бұлар сөйлемде мәні тең бірыңғай мүшелерді байланыстыру үшін қолданылады.

Ағыстың жылдамдығына арнаның тереңдігі де, оның формасы да, өзеннің өз жолында кездестіретін бөгеттері де әсер етеді. (Т.Омаров.)

Сызбасы: [О де / О да / О де]

Ел сөзі әрі мақтан, әрі міндет. (Ж.Ж.)

Сызбасы: [әрі О / әрі О]

Ербол мен Абай осыншалық үлкен сыншылықпен және аңшылықпен айтылған шындыққа барынша ден қойып отыр. (М.Ә.)

Сызбасы: [О мен О] [О және О].

Тобыл өзеніне Сынтасты, Аят, Ұй және Обазан өзендері қосылады. (Т.Омаров.)

Сызбасы: [О / О / О және О].

2. **Қарсылықты жалғаулықтардың** ішінде тек бірақ деген түрі ғана бірыңғай мүшелердің арасында тұрады.

Тек жері биік болғандықтан, жеміс өседі, бірақ піспейді. (С.М.)

Сызбасы: [О, бірақ О].

3. **Талғаулы жалғаулықтар:** *я, не, немесе, әлде.* Бұлар іс-қимылдың бірі болмаса, бірі болатынын, біреуі болса, екіншісі болмайтынын көрсетеді.

Аудан, шаруашылық басшыларын не кеңселерінен, не үйлерінен таба алмадым. Бәрі де дала қостарына, егіс бригадаларына аттанып кеткен. («Тербеледі тың дала»)

Сызбасы: [не О / не О].

4. **Кезектестік жалғаулықтар:** *бірде, біресе, кейде.* Бұлар құбылыстың, қимылдың бірінен соң бірі алмасып, кезектесіп тұратындығын білдіреді.

Алысырақта өгіз шағала біресе жылаған балаша, біресе қаркылдап күлген адамша әр түрлі дауысқа салады. (Б.А.)

Сызбасы: [біресе О / біресе О].

135-жаттығу. Қарамен жазылған сөздерді мүшесіне қарай талдаңдар да, олардың арасына жалғаулық шылаудың келуін немесе үтірдің қойылуын түсіндіріңдер.

«Шұғыла» бригадасындағылар шетінен өнерлі жастар екен. Ысмағұлова Рақима—**әрі әнші, әрі биші, әрі домбырашы.** Қарабасов Қайыр—**боксёр, әнші, суретші, ақын.** Ерлік—бүгінгі өмір талабы. Қыздардың алғашқы ерлігі күзеттен басталады. Түн **не қойынды, не өзінді** жұтып қоятын сияқты. Біз осындай үрейді жеңдік. Өз бойындағы **үрейді, сенімсіздікті** жеңе білу—ең үлкен ерлік екен. («Дала дауылпаздары»)

● Қандай мүшелерді бірыңғай мүшелер дейміз?

136-жаттығу. Мысалдардан бірыңғай мүшелерді тауып көшіріңдер де, қай мәндегі жалғаулық шылаулар арқылы байланысып тұрғанын айтыңдар.

1. Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді. (М.Ә.) 2. Жүрісіміз кейде бүлкіл, кейде бөкен желіс. (Ә.Ә.) 3. Не Көкше, не оның балапан таулары, не көлдері еш уақытта Асқарды тойғызған емес. (С.М.) 4. Мәкіш Абайға кінәлай да, сынай да қарады. (М.Ә.)

137-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жалғаулық шылауларды қойып, олардың мағынасын, орын тәртібін түсіндіріңдер.

Кезінде егілген егін кенде қалмайды. Қар суы ... , жаңбыр суы ... соның ырысы. Бұл үйге қуаныш ... хат күйінде ... арнайы адамдар арқылы келіп жатады. Үнемі ізденіп жүретін зерек ... сезімтал азамат почта бөлімшесіне соққан еді. Орталық газеттердің бірінен сүйікті жары Ұлбаланың «Ардақты ана» атағын алғанын білді.

Күрішшілер ... ауыл азаматтары ерлі-зайыптыларға жылы-жылы лебіздер айтты. («Тербеледі тың дала»)

Жалғаулық шылаулы бірыңғай мүшелерді теріп жазыңдар.

§ 36. БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІСІ

Жазуда бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылады. Бірақ үтір бірыңғай мүшенің бәріне қойыла бермейді. Үтір мынадай жағдайда қойылады:

1. Бірыңғай мүшелер өзара жалғаулықсыз байланысса, араларына үтір қойылады. *Аспан айқын, ашық.* (.М.)

Сызбасы: [О, О].

2. Егер жалғаулық шылаулар бірыңғай мүшенің әрқайсысымен қайталанып айтылса, араларына үтір қойылады. *Инженер де, мұғалім де, еңбегі асқан екпінді де осы үйден табылады.* (F.M.) (О де, О де, О де). *Кейде шортан, кейде шабақтар ілігіп қалады.* (F.M.) (кейде О, кейде О). *Егіс мәдениетін әрі өсірем, әрі кеңейтем.* (С.М.) (әрі О, әрі О).

3. Бірыңғай мүшелер **бірақ** деген қарсылықты жалғаулығы арқылы байланысса, араларына үтір қойылады: *Орта бойлы, бірақ толықша қара сұр жігіт еді.* (F.Мұст.) (О, бірақ О).

Мынадай жағдайда бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылмайды:

1. Бірыңғай мүшелердің арасын **мен, және** жалғаулықтары бір-ақ рет байланыстырса, үтір қойылмайды. *Күні-түні қолынан кітап пен қарындаш түспейтін.* (Б.Б.) (О пен О). *Қарагандының өзінде орысша және қазақша драмалық театр, бірнеше кинотеатр және филармония бар.* (С.М.) (О және О)

2. **Да, әрі, не, немесе, яки** жалғаулықтары қайталанбай, бірыңғай мүшелердің арасында бір-ақ рет келіп тұрса, үтір қойылмайды. *Төрт бөлмелі тас үй салқын да жайлы.* (F.M.) (О да О). *Көбінің жүзі ақшыл не қызғылт сарғыш келген.* (М.Ә.) (О не О).

138-жаттығу. Көшіріп жазып, бірыңғай мүшелердің астын сызындар. Тыныс белгісінің бірде қойылып, бірде қойылмау себебін түсіндіріңдер.

1. Сол шығын өскен сайын іші ауырып, ең ақыры, осы кездерде Ұлжанды абысын-ажынға да, ағайын-жақын, үлкенге де, тіпті, бала-шағаға да жамандай бергіш боп еді.

2. Кісі көп емес, Құнанбай мен Майбасар, Жұмабайдан басқа осы өңірдегі Тобықтының белгілі үлкендері: Байсал, Бөжей,

Қаратай, Сүйіндік екен. 3. Бағанадан бергі еркін, ойнақы, бала мінездің бәрінен тартынып, бойын жиып, бала шәкірт үндемей үйден шықты да, әкесі отырған үйге келді. 4. Абай келіп отырысымен, анау үлкендер бұдан қала жайын, оқу жайын, саушылығын сұрастырды. 5. Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. (М.Әуезов. «Абай жолы»)

139-жаттығу. Көшіріп жазып, бірыңғай мүшелерді тыныс белгілерімен ажыратындар.

1. Жылқы, түйе, сиыр, қой, тауық, тышқан және бөтен жан-жануарлардың бәрі де адамның жылына ағалыққа таласты дейді. 2. – Мен, адам үстіне мінсе алысын жақын етемін, күшімді болса көреді, сүтімді болса ішеді, қылыма дейін арқан істейді, адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын, – деді Жылқы. 3. – Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді; жүнімді алып киіз істейді, жабағымнан күш тігеді, арқан, жіп еседі, сүтімнен құрт, май алады, – деді Қой. 4. – ... Мына мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын, аш болдым деп арпа, сұлы сұрамаймын, көде болса – көде, жусан болса – жусан, не кез келсе соны қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса шөлге де шыдап жүре беремін, жыл ағасы болу маған лайық, – деді Түйе. (Ы.Алтынсарин. «Кел, балалар, оқылық»)

140-жаттығу. Берілген мысалдан сөйлемнің бірыңғай мүшелерін тауып, оның жасалуына мән беріндер.

ТҮЛКІ МЕН ЕШКІ

Бір түлкі жүгіріп келе жатып абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шығайын деп шыға алмай тұрғанда, ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға келіп, түлкіні көріп:

– Әй, түлкі батыр, неғылып тұрсың? – депті.

Түлкі айтты:

– Ой, неғыласың, батыр, жаным рақат тауып тұрмын: қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім, апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен, – деді.

Мұны естіп ешкі мен де салқын су ішейін деп секіріп апанға түскенде, түлкең секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне шығып, мүйізінен секіріп қырға шығып жөніне кетті дейді.

(Ыбырай Алтынсарин. Кел, балалар, оқылық)

§ 37. ЖАЛПЫЛАУЫШ СӨЗДЕР

> Сөйлемде бірыңғай мүшелермен қызметтес және тұлғалас болып, олардың бәріне ортақ жинақтау мағынасын білдіретін сөз болады.

Мысалы: *Жусан, изен, бұйырғын, көкпек, еркекшөп пен ебелек, торғай оты мен ажырық – осының бәрі жер-ананың малға арнаған сыйы іспетті.* («Дала дауылпаздары».) Бұл сөйлемде шөп атаулары бірыңғай бастауыш болса, **осының бәрі** деген есімдік жалпылауыш сөз болып, ол да бастауыш болып тұр.

Сызбасы: [О, О, О – О].

● **Бірыңғай мүшелермен қызметтес, тұлғалас болып, оларға ортақ жинақтау мәнін білдіретін сөзді жалпылауыш сөз дейміз.**

Жалпылауыш сөз *сілтеу* (мыналар), *жалпылау* (бәрі, баршасы, барлығы) есімдіктерінен, *жинақтау сан* есімнен (екеуі, үшеуі т.б.) және зат есімнен болады.

Қараганды облысындағы су қоймалары мыналар: Самарқант, Шерубайнұра, Кеңгір, Ботақара, Жезқазған және Жармас. (Т.Омаров.) Бұл сөйлемде жалпылауыш сөз де (сілтеу есімдігі), бірыңғай мүше де баяндауыш болып тұр.

Сызбасы: [О: О, О, О, О, О және О].

Пайда, мақтан – бәрі тұл. (Абай.)

Бірыңғай мүше де, жалпылауыш сөз де (жалпылау есімдігі) бастауыш болып тұр:

Сызбасы: [О, О – О].

Жұрт тарай бастағанда, **Михаил, Айдынғали, Жақсылық – үшеуі** оңаша қалған еді. (Ғ.С.)

Бұл сөйлемде де бірыңғай мүше мен жалпылауыш сөз (сан есім) бастауыш болып тұр: [О, О, О - О]

141-жаттығу. Оқып шығып, бірыңғай мүше мен жалпылауыш сөздерді табындар.

1. Өзбекстанда өткен Абай күндеріне Қазақстаннан 117 қонақ келді. Бұлар – ғалым, жазушы, өнер, еңбек адамдары. 2. Тексеру комиссиясына мыналар сайланды: Нури-тов Әсет, Момынов Күрбан, Жобаев Сапарбай, Жолдасов Ермек, Байқонысов Бердияр. (Б.Қыдыров)

142-жаттығу. Төмендегі сөздерді бірыңғай мүше етіп, сөйлем құрандар. Бірыңғай мүшеге ортақ жалпылауыш сөздерді өздерің ойлаңдар.

Үлгі: Алматы, Қарағанды, Шымкент, Семей, Ақмола – бәрі де Қазақстанның ірі қалалары. – Қазақстанның ірі қалалары мыналар : Алматы...

1. Қазалы, Жаңақорған және Шардара (Сырдария өзенінің бойындағы су электр станциялары). 2. Көксерке, алабұға, таутан, ақмарқа, қаяз, ақкөз, қылыш балық, аққайран, мөңке, шармай (Қазақстан суларындағы балықтар). 3. Бекжан, Темірхан, Балтабай, Махкамбек, Өтеген, Нәбіқожа, Мансур (Қожа аулының ақсақалдары) 4. Лашкерек, Теңгетапты, Нышбас, Баксұрық, Майдантал (Ангрен қаласы төңірегіндегі ауылдар).

143-жаттығу. Берілген сөйлемдерден жалпылау сөздерді табыңдар да, қайсы сөздері жалпылап атап тұрғандығын анықтаңдар.

1. Мұқаны Абай мен Мақаш екеуі де қатты ұнатқан. 2. Осындай айлада Құнанбай балалары ойлаған есепті барлық Керей, Уақ, Бура, Сыбан, Бәсентиін атаулының болыс, биш түгел бірге ойласқан. 3. Бұл күнде қаланы көп жағалайтын, өздері саудагер жас болыстар: Темірғали, Айтқали, Әлі, Рақыш, Оспан – бәрі де мәжілісті қызу, көңілді ету үшін кіршіме ішеді. 4. Қасына ерткен екі ғана жолдасы бар, олар – Әбді мен Сарбас. 5. Бұл істері және жолшыбай Ақшоқыда Абай аулында болғаны – бәрі де Шұбарлы Тәкежанға да екі жақты адам етіп көрсетті.

§ 38. ЖАЛПЫЛАУЫШ СӨЗДЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

1. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшеден бұрын тұрса, соңынан қос нүкте қойылады. *Қазақстанның ең ірі көлдері мыналар: Балқаш, Теңіз, Алакөл, Сасықкөл және Марқакөл.*

2. Бірыңғай мүшелердің алдында жалпылауыш сөз тұрып, соңында сөйлемнің басқа мүшелері келсе, бірыңғай мүшелерден бұрын қос нүкте, олардан кейін сызықша қойылады. *Мына өзендер: Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі – Балқаш көліне құяды.*

3. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден кейін келсе, оның алдына сызықша қойылады. *Керуен көшетін, сау-*

да жолдары, үлкен базарлар, атақты қалалар, су жолдары – барлығы да бүгін айрықша керек болған. (М.Ә.)

144-жаттығу. Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздерді тауып, олардың арасына тыныс белгілерінің әр түрлі қойылу себебін түсіндіріңдер.

1. Ақылбай, Ербол және Мағаш пен Кәкітай төртеуі оңаша әңгімелесіп отыр екен.

2. Біздің үйдің адамдары мыналар: әкем, шешем, әкемнің әке-шешесі, мен, менің інілерім – Таңатар, Түнқатар. (Ғ. Мұст.)

3. Әр бөлменің ұзынын, көлденеңін, ішкі қатынас есіктерін – бәрін де Абай өзі қағазға сызып, Әйгерімнің қолына табыс етіп кеткен. (М.Ә.)

145-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, бірыңғай мүше мен жалпылауыш сөздердің тыныс белгілерін қойыңдар.

Көшелер мен аулаларда жайқалған ағаштар көшелерге төселген тастар сонау шахтадан тартылып келген электр қуаты бәрі-бәрі де депутаттар қолға алған істер еді. (С.Сарғ.) Қазірдің өзінде алпыстан аса стандартты жаңа үйлер салынды.

146-жаттығу. Қарамен жазылған сөздің бірыңғай мүшеге қандай қатысы бар екенін анықтаңдар.

Қазақстандағы ірі өзендер **мыналар:** Сырдария, Ертіс, Жайық, Тобыл, Іле, Шу, Есіл. (Т.Омаров.) Ақмолада бір үйден **төрт жігіт:** ағайынды Жансұлтан, Асқат, Болат, Жомарт Әбенювтер – шықты және **төртеуі** де бірінен-бірі өткен шебер жұмыскерлер. Қисық, Роза және мен – **үшеуіміз** бұларды жататын үйлеріне апарып, орналастырып келдік. («Тербеледі тың дала»)

СӨЙЛЕМНІҢ АЙҚЫНДАУЫШ МҮШЕЛЕРІ

§ 39. АЙҚЫНДАУЫШ МҮШЕ ЖАЙЫНДА ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

> Сөйлемде белгілі бір мүшенің мағынасын басқа сөзбен түсіндіріп, нақтылап сипаттайтын мүше де болады. Мысалы, *Сіздерден, тамаша тоқымашылар өлкесінен алған әсерлерімді ұмытар емесін.* («Батырлар».) – деген

сөйлемде *тамаша тоқымашылар өлкесінен* деген сөз тіркесі *сіздерден* деген жанама толықтауышты нақтылап көрсетіп тұр.

Схемасы: *Сіздерден, тамаша тоқымашылар өлкесінен,*

Күзетші Белгібай қарт, Айжан бәйбіше мейірімді жандар екен (Ғ. Мұст.) деген сөйлемде *күзетші, қарт* сөздері *Белгібай* деген сөзге, *бәйбіше* сөзі *Айжан* деген сөзге қосалқы атау болып тұр.

▲ Сөйлемде белгілі бір мүшенің мағынасын басқа сөзбен түсіндіріп, нақтылап көрсететін ерекше мүшені *айқындауыш мүше* дейміз.

Айқындауыш екі түрлі болады: 1) *оңашаланған айқындауыш*, 2) *қосарлы айқындауыш*.

§ 40. ОҢАШАЛАНҒАН АЙҚЫНДАУЫШ

▲ Өзінен бұрын тұрған сөзді айқындап, дәлдеп түсіндіретін бір я бірнеше сөзді *оңашаланған айқындауыш* дейміз.

Осылай Алексей Маресьев туралы, нағыз адам туралы, шет жерде жазылған әңгіменің аяғын Мәскеуде өмірдің өзі жазды. (Б.П.)

Оңшаланған айқындауыш өзі айқындайтын мүшесімен қызметтес әрі тұлғалас болады.

Екі дүс, екі жұмыскер ауысымнан соң үйлеріне қайтар жолда әңгіме шертіп келеді. Сол кеште – жарық айлы, сыр құмар кеште – көп жолдастың қоршауында келе жатып, Әмір мен Үмітей сөз қосады. (М.Ә.)

> Оңашаланған айқындауыш *үтірмен* немесе *сызықшамен* бөлініп тұрады.

1. Үтір оңашаланған айқындауыштың екі жағынан қойылады.

Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің, Құнанбайдың кәрі шешесінің, көк арбасы десе де болады. (М.Ә.)

2. Сызықша оңашаланған мүшенің екі жағынан немесе өзі айқындайтын мүшесімен екі араға қойылады.

Заман жаршыларының – баспасөз, эфир, экран – үндері құлақтан кіріп бойды алды. («Нан иісі».) 1928 жылы Қазақстандағы **тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақ педагогика институты** ашылды.

Кейбір оңашаланған айқындауыштар өзінің түсіндіретін сөзімен **яғни, яки, не болмаса, мысалы, әсіресе, басқаша айтқанда**, т.б. сияқты сөздер арқылы байланысады. Мұндайда оңашаланған айқындауыш сөздермен қоса екі жағынан тиісті тыныс белгілерімен айрылады.

1. **Кит, әсіресе, оның көк кит деп аталатын түрі, өте үлкен жәндік.** 2. **Жоғары, яғни жиілігі күшті, дыбыстар белгілі бір бағытпен, қатарланған «дыбыс сәулелері» арқылы тарайды.** 3. **Озат оқушылардың кейбірі, мысалы, Осман, өз сыныбындағы үлгермеушілерге жәрдемдеседі.** **Бұл өңірде, әсіресе, өзеннің бұл жағында, Абайды дос көрер жан жоқ.** (М.Ә.)

147-жаттығу. Оқып шығып, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін табындар. Қарамен жазылған сөздердің бірыңғай мүше құрамына енетін-енбейтініне көңіл аударындар.

1. Олар **Жамбылға, Динаға** сәлем беріп келіпті. (С.Бақб.)
2. Мәкіш **өз туысына, інісіне,** тамашалай қарады. (М.Ә.)

148-жаттығу. Оңашаланған айқындауыштардың астын сызып, олардың қай мүшені айқындап тұрғанын көрсетіндер.

1. Абай былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде, дәл осы қоныстан, Есенбайдан, кеткен болатын.
2. Абай барлық айналадағы кең дүниеге, әсіресе, мынау өзі тұрған сахара, өлке белдеріне, соншалық бір туысқандық сезіммен қарайды. (М.Ә.)
3. Мұнда, Мәскеуде, барлық мәселелерді шешуге, оны қалай істеп, неден бастауға күні бұрын жұрттың жәрдемін алуым керек. (Б.)
4. Өзі әнші, өзі сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі, бірі жас бала – қызғана да, тамашалай да қараған еді. (М.Ә.)
5. Біздерге, қарттарға, жастар сияқты өмір сүруге тура келеді. (Н.О.)

● Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріндер.

149-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазындар да, оңашаланған мүшелерді тауып, тиісті тыныс белгілерін қойындар.

1. Мағаш пен Кәкітай бұл күндерде орысша кітаптарды, әсіресе жеңіл тілмен жазылған романдарды, көп оқитын. (М.Ә.) 2. Жораевқа мен Мырзашөл арқылы бардым. Далада қызу жұмыс мақта жинау кезі болатын. 3. Ұлы Ньютон бірде өзі ашқан жаңалықтарында алыптарға өзіне дейін өмір сүрген ұлы ғалымдарға сүйенгенін айтқан болатын. 4. Алынған байлықтың ұлттық табыстың бестен төрт бөлігі кәсіпорын адамдарының тұрмыс жағдайын жақсартуға арналады. («Батырлар») 5. Қара далада желге шыдамды мықты шөптер мысалы көкпек жусан баялыш бетеге өседі. (Ғ.С.)

§ 41. ҚОСАРЛЫ АЙҚЫНДАУЫШ

▲ Айқындайтын мүшесіне қосалқы атау болатын сөзді **қосарлы айқындауыш** дейміз.

Ақәділ қария ақ боз үйдің есігін түргізіп қойып, әңгіме айтып отыр. («Дала дауылпаздары») – деген сөйлемде **қария** сөзі **Ақәділ** деген кісі есіміне қосарлы айқындауыш болып тұр. **Қария** сөзі **Ақәділ** сөзінен бұрын да тұра береді.

Салыстырындар: **Ақәділ қария – қария** Ақәділ.

Қосарлы айқындауыш негізінде **зат есімнен**, кейде заттанған **сын есімнен** болады. *Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Біржан сал – сал Біржан; Ақан сері, Жамбыл ақын-ақын Жамбыл. Күләш әнші – әнші Күләш, Ахмет инженер – инженер Ахмет, сауыншы Күләш – Күләш сауыншы, жолдас майор – майор жолдас, т.б.*

> Кейбір қосарлы айқындауыштар өздерінің айқындайтын сөзінен, қос сөздер сияқты, дефис арқылы бөлінеді: *комбайн-самоход, экскаватор-алып, ұналғы-аппарат, автодүкен, плац-палатка, цех-гигант т.б.*

Күн шуағына бөленген **жер-ана** мол мейірімін төгеді. («Теңіз тарландары»)

150-жаттығу. Қосарлы айқындауыштың астын сызып, қай сөзді айқындап тұрғанын көрсетіндер.

1. Ер Өтеген олардан қорықпады, шынықты. (Ж.Ж.) 2. Телефоншы Самет ағаш арасында тұрған полк штабымен

сөйлесіп жатыр. (Ә.Н.) 3. Еңбек азаншысы – гудок айғайлайды. Екі дос орындарынан тұрып, жаңа құрылысқа қарай бет алды. (М.И.) 4. –Шахта-алыптың жобасын жасауға инженер Дәуір ұлын жібергенбіз. Бүгін келмекші, ... – деді Шектібай. (С.Е.) 5. Мақтайтын болсақ, әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел-ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе? (Ғ.М.) 6. Оңтүстік жақтағы үлкен барактағы кабинетте алып шахта құрылысының начальнигі Шектібай отыр. Есіктен қарт шахтер Бейсен кірді. (С.Е.)

151-жаттығу. Көшіріп жазып, тиісті тыныс белгілерін қойыңдар. Айқындауыштың түрлерін көрсетіңдер.

1. Еңбек адамының көбі далада пішенде. 2. Өткен күні инженер-техниктер мен шахтёрлердің өндіріс мәжілісі болып өткен. (Ғ.Мұст.) 3. Мұражайға және пәтер-мұражайға келушілер бірнеше есе көбейді. («С.Қ.» газетінен) 4. Дәулет кітаптарды әсіресе көркем әдебиетті көп оқитын. (С.М.) 5. «Шалқыманың» озғаны соның Баршагүлдің арқасы. (Ғ.С.) 6. Жұмыскерлердің жатқан жерлері – бір белестің ылдиды көлшімектің қасы. (С.С.) 7. Есімді білгелі, мен табиғатты әсіресе тірі табиғатты сүйіп өскен кісімін. (С.М.) 8. Біз Ерден екеуміз жазғы демалысты сонда «Қызылқайнар» ұжымшарында өткізбек болып уәделестік. (А.Хан.)

152-жаттығу. Төмендегі сөздерді қосарлы айқындауыш етіп сөйлем құраңдар.

Әнші, биші, ғарышкер, агроном, механик, дәрігер, мұғалім, комбайншы, тракторшы.

БІРЫҢҒАЙ МҮШЕ МЕН АЙҚЫНДАУЫШТАН ӨТКЕНДЕРДІ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

153-жаттығу. Оқып шығып, бірыңғай мүшелерді, айқындауыш мүшелерді табыңдар. Көшіріп жазып, тиісті тыныс белгілерін қойыңдар.

1. Ала құйын біресе ұлығандай біресе ішін тартқандай біресе бүкіл дүниені жұтып жіберердей аласұрады. 2. Жеңіс аз сөйлейді ойлы айтады ісін де өзін де үлкен мақсатқа бағыттайды. 3. Ақшоқы – қазір өскен өзгерген ауыл. 4. Дәл осы

кезде үй іргесінен басталатын боз бетеге ал күрең көде көк бұйра тарлау қара жусан сүті сорғалаған ақ шайыр киік оты сияқты алуан түрлі шөптер мөлдір шыққа малына бусанып тұр. («Дала дауылпаздары») 5. Қара торы кең иықты жылы жүзді жігіт әріптестерінің қолдарын қысты түнгі мауысымды сәтті өткізулеріне тілектестік білдірді. 6. Шын жүректен шыққан жылы сөздерде де қошемет-құрметте де шек жоқ. Ол орынды да. Өйткені геолог-бұрғышыларға қиындық та қуаныш та ортақ. («Уақыттан озғандар»)

● Бірыңғай мүшелердің қай жалғаулық шылау арқылы байланысып тұрғанын айтыңдар.

154-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнына көңіл аударыңдар. Тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

1. Су – біздің байлығымыз. Сусыз шаруашылық, ғылым мен техника дами алмайды. Осы күні су зерттеуші ғалымдар (гидрологтар) өзен суларының көлемі қалай өзгеретінін анық болжай алады. Өзен суы өз арнасында бір қалыпты болмайды. Кейбіреуі жер асты суымен я жаңбыр суымен толысады. (Т.Омаров)

2. Бұрын төбе тірегіштеріне ағаш қолданылатын еді. Енді металл қалып қолданылып, цементтеледі. Бұл әрі бекем, әрі ыңғайлы, әрі арзан да. Жер қойнауын кезген жол біресе оңға, біресе солға бұрылып кетіп жатыр. (С.Сарғ.).

3. Антонның тағы бір әңгімелейтіні – руданы құрғатушылар бөлімшесіндегілер. Мұнда орыс, қазақ, беларус, татар және неміс ұлттарының өкілдері жұмыс істейді. Кейбіреулер: «Бес саусақ бірдей емес», – дейді. Ал бірдей болмаса, осы бес ұлттың өкілдерінің татулығы, іске ынтасы ше? Жұмыс басында ғана емес-ау, үйлеріндегі семьяларының татулығын айтсаңшы! Бір семья секілді бәрі. (С.Сарғ.)

155-жаттығу. Берілген сөйлемдерден бірыңғай мүшелерді табыңдар да, оның қай сөз табынан жасалып тұрғандығын түсіндіріңдер.

1. Дәрмен, Әлмағамбет, Ерболдар сияқты өздерінің қасында сақтап, айрылмас дос етіп алған. 2. Алыс жолдан келген өнерлі, оқымысты қонақпен сағынысқан аға, бау-

ыр, құрбы-құрдас, дос-жарандар ең алғаш осылай кездесті. 3. Кеше қонақтар келерде кермеде ерттеусіз тұрған қара жал, қара құйрық, ақ сары ат бүгін әсем ерттеліпті. 4. Ақ сары ат дом болып, ішін тартқан, сартап боп жақсы жараған. 5. Ұзақ түн бойында ас пен сауық кезектесіп, ауысып отырған кездерде, әрбірі әредікте домбырашы Ақылбай, күйші Мұқа, әнші-күйші Әлмағамбеттер қонақ тартып өткен полька-мазурка сияқты билердің кейбір қайырмаларын өздерінің домбырасына ақырындатып, іліп-тартып, ұғып қалып отырғандарын да байқатып отыр. 6. Күйі анық мұңды, күйікті жүректің шын шері. 7. Осы кеште жиі ауысып отырған шай ішу, қымыз ішу, ет жеу араларында үй толы жиын әдемі бір сауық өнер көрсетісті. 8. Өздерінің ағасы, бауыры, ыстық досы, жандай жақын қадірлісі болған Әбіштің, бұлардан сондайлық ала бөтен өзгешеліктеріне кейде кешіріммен, кейде қызу, мақтанумен, шексіз қошемет, құрметпен де қарасады.

(М.Әуезов. «Абай жолы»)

ТІЛ ҰСТARTY (АУЫЗША ЖӘНЕ ЖАЗБАША)

Сөздік жұмысы. Сендер білесіңдер ме?

Өзен, көлдерді бақылау, пайдалану, су айналымын зерттеу нәтижелерінде гидрология ғылымы дамыды.

Гидрология дегеніміз – грек тілінің екі сөзінен құралған; гидро – су, логос – ілім, яғни гидрология – су жөніндегі ілім. Қазіргі уақытта гидрология ілімі жалпы суды және оның шығынының түрлі физикалық аймақтарда қанша болатынын зерттейді.

Гидрология ілімінің дамуы табиғатты зерттеу ғылымының **метеорология** мен **климатология** (ауа райы мен климатты зерттеу), **гидрогеология** (жер асты суын, топырақты зерттеу) және **геоморфология** (жер үсті бедерін, оның формасын зерттеу ғылымдары) сияқты салаларымен байланысты. (Т. Омаров)

● Қазақ тілі пәніне байланысты **морфология терминінің** қолданылуына көңіл аударыңдар.

ОҚШАУ СӨЗДЕР

§ 42. ҚАРАТПА СӨЗ

> Сөйлеуші біреудің (тыңдаушының) назарын аудару үшін, оның атын атайды немесе үлкен-кішілігіне, лауазым-атағына лайық сөздерді қолданады.

Болатбек, сен де сөйлейсің бе бүгін? **Әпке**, сізге бірдеңе айтайыншы. **Аға**, мектепке қарауылшы керек деп едіңіз, сол рас па? (*Қ.Тол.*) **Жолдас төрағасы!** Біз қалған елу тонна астықты сағат онға дейін дайындап боламыз. («*Нан иісі*»)

▲ Сөйлеуші біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданатын оқшау сөзді **қаратпа сөз** дейміз.

Қаратпа сөз көбінесе кісі есімінен, адамға қатысты сөздерден болады. Мысалы: 1. Азамат екенсің ғой, **Иса!** 2. Жүзіме айтшы, **жарқыным!**

Поэзияда сөз тек адамға ғана емес, жан-жануарға да, табиғаттағы жансыз заттарға да қаратылып айтылуы мүмкін.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.

(*Махамбет*)

Мұхит, орман, жел, дауыл, үнінді қос
Әншіл, азат, бақытты адамдарға.

(*Ө.Т.*)

> Қаратпа сөз сөз тіркесі түрінде де, бірнеше сөздің бірыңғайласуы арқылы да беріледі.

Қүдіретті жер-ана, топырағыңа тер тамса, тебіренбей қалмайсың -ау! («Тербеледі тың дала».) **Анна, Күлипа, Бану**, сендер сеялкадағыларға көмектесіңдер. («*Нан иісі*»)

156-жаттығу. Оқып шығындар да, қаратпа сөздерді көрсетіңдер.

1. –Қарғалар-ау, қарғалар, қанды көрсе жорғалар, тұмарымды алсана, біздің елге барсана, сағынып жүрген әкеме, тұмарымды бере қалсана. 2. –Ай, сауысқан, сауысқан, өлексе жеп тауысқан, тұмарымды алсана, елге бара қалсана. 3. –Көлден ұшқан қуларым, құс төресі туларым, тұмарымды алсана, елге бара қалсана... 4. –Әй, қарлығаш, тамыр-ай, жауда болдым қалар-ай, тұмарымды алсана, елге бара қалсана...

5. – Ау, шырағым, құлыным, маңдайымда тұлымым, көлге біткен құрағым, жалғыз ұлым шырағым! (*БІ.Алтынсарин. «Кел, балалар, оқылық»*)

157-жаттығу. Оқып шығып, қаратпа сөздерді табыңдар да, қаратпа болып тұрған сөздің кісі есімі немесе басқа атау екеніне көңіл аударыңдар.

1. – Жарайды, бір жолға кешір енді, батыр-екесі, енді қайталамайды, – деген арашашы дауысты жиі еститінмін.
 2. – Шәймерден, орталық малы кеше су ішпей қалыпты. Тез киініп ойыққа жойды.
 3. – Әй, Нығаш, байқасаңшы. Мылтығыңды Шәймерденге қарай кезей бересің, атылып кетіп жүрмесін, – деді.
 4. – Оны кім көтере алады дейсің, Жүсеке? – деп Мәуияның кілтші Құрманы жорғалай жауап берді.
 5. – Сафуан, сен қызықсың. Күшім жетпейді дейтін емес, аяқ-қолы балғадай міне жұтынып отырған інілерің бар. (*С.Шайм.*)

158-жаттығу. Берілген өлең шумақтарынан қаратпа сөздерді тауып, оның жасалуына мән беріңдер.

Жас едің сен,
 Жас едің сен, жан-кұрбым.
 Жақсылықпен жаттың отын жандырдың.
 Тоқта, құрбым,
 Қайда кетіп барасың?
 Ақырын бақ мына нөсер-жаңбырдың!

* * *

...Алдына келу қандай қиын маған!
 О, менің бақытым, бұйырмаған.
 Саусағыңның ізіне көзің салшы,
 Шым-шытырақ шимаймен шиырлаған,
 О, менің ақ бақытым, бұйырмаған.
 (*Мұқағали Мақатаев*)

§ 43. ҚАРАТПА СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

1. Қаратпа сөз сөйлемнің басында тұрса, одан кейін я үтір, я леп белгілері қойылады. Қаратпа сөз көтеріңкі дауыспен айтылса, соңынан леп белгісі қойылады. Леп белгісінен кейін бас әріппен жазылады: *Абай, осы сен ақынсың-ау!* (*М.Ә.*) *Ой, әке-ай!* *Алысқа барып келдім...* *Барлық істі тындырдым.* (*Б.*)

2. Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында тұрса, екі жағынан, соңында тұрса, алдынан үтір қойылады: *Ұялма, қалқам, бір сайра, біз де алалық үлгіні. (Крылов-Абай). Мынада бір қалың сыр бар-ау, жігіттер! (М.Ә.) Айта беріңіз, ана. (Ә.Н.)*

159-жаттығу. Мәтінді келістіріп оқып шығындар. Қаратпа сөздерді тауып, көрсетіңдер де, олардың мағыналарына көңіл аударындар.

1. – Апа-ай, енді бақсы-құшыныш боп, елтірі-сенсең жинағанша, Тонтекеңе тартқаным көш ілгері емес пе? – деп Абай іле жауап берді. 2. – Абай, шырағым, сені әкең шақырып жатыр, – деді. 3. – Балам-ау, қаладан молдалық әкеледі десем, нағашыңа тартып қайтқанбысың, немене? – деді. 4. – Телғара, айналайын, Телғара! Соқтайдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді. 5. – Анау Абай, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деді қартаң қатын. (М.Әуезов. «Абай жолы»)

160-жаттығу. Бастауыштарын қаратпа сөзге айналдырып, сөйлемдерді қайта құрастырып жазындар да, тыныс белгілерін қойындар.

Үлгі: *Мұратбек сахна жақтан домбырасын әкелді. (С.Сарғ.) Мұратбек, сахна жақтан домбыраңды әкел (әкелесің бе? – әкелсең қайтеді? әкелші.)*

Түс ауа үйге Рақат келді. Сәуле тәтей атайдың айтқан сөздерін жазып алды. Оңалбек айтқан сөзінен танбады. (С.Сарғ.) Жас жігіттер өмірге араласты. (Е.Әкімқ.) Жолдастар келер ұрпақ жыр етер ұлы науқанды бастағалы тұр. Дәрігерлер мен санитарлар жолға дайын ба. (З.Иманб.)

161-жаттығу. Берілген сөздерді қаратпа сөз етіп, сөйлем құраңдар.

Құрметті соғыс ардагерлері; жолдастар, құрметті жолдастар, менің қадірлі достарым; Нұрым, Нұраш, Нұреке, Зағипа, Зағипаш, Зағипа апай.

§ 44. ҚЫСТЫРМА СӨЗ

> Сөйлемде негізгі айтылған ойға сөйлеушінің көзқарасын білдіретін оқшау сөз болады. Мысалы, **Әрине**, *қазіргі табыс мөлшері бізге өлшем бола алмайды. («Армысың, ардақты адам».)* – Бұл сөйлемде *әрине* деген сөз айтылған ойға сөйлеушінің сенімін, көзі жеткендігін білдіреді. **Жасыра-**

тыны жоқ, мен әлі қауіптенемін. (А.Лек.) – Бұл сөйлемде жасыратыны жоқ деген қыстырма сөз сөйлеушінің мойындағанын білдіреді.

▲ Сөйлемде айтылған ойға сөйлеушінің түрліше көзқарасын білдіретін оқшау сөзді **қыстырма сөз** дейміз.

Мағынасына қарай қыстырма сөздер бірнеше топқа бөлінеді:

1. Кейбір қыстырма сөздер **қуанышты, ренішті, аяушылықты, өкінішті білдіреді** (соры қайнағанда, байғұс-ай, абырой бергенде, бақытына қарай, амал қанша, т.б.): **Бағымызға қарай, қария да үйінде болып шықты.** (С.Шайм.) **Амал қанша, бағыт бір болғанмен, осындай жол айрықтары ұшырасып отырады.** («Өрлеу»)

2. Кейбір қыстырма сөздер **сенушілікті, мақұлдауды, мойындауды** білдіреді (сөз жоқ, бәсе, рас, әрине, дау жоқ, шынында, дұрысында т.б.): **Дмитрий Хасенұлына бұл тазалық, әрине, оңайға түскен жоқ.** («Тербеледі тың дала»)

3. Кейбір қыстырма сөздер айтылған **ойдың кімнен, қайдан шыққанын** көрсетеді (меніңше, менің байқауымша, сіздіңше, оларша, оның пікірінше, пәлен адамның пікірінше, пәленнің сөзіне қарағанда т.б.) **Менің білуімше, ол – аса сабырлы, салмақты, ізетті де ілтипатты, мәдениетті адам** («Тербеледі тың дала»)

4. Кейбір қыстырма сөздер **ойдың долбармен, шамамен ғана я сенер-сенбестікпен айтылғанын** білдіреді (сірә, мүмкін, тегі, тегінде, бәлкім, кім біледі, байқаймын т.б.): **Сірә, дәл осы бұлақ бұл аймақтың нәрі болса керек.** (М.Ә.)

5. Кейбір қыстырма сөздер **бір ойдың алдыңғы жақта айтылған оймен байланысын қорыту ретінде** айтылады (олай болса, демек, сөйтіп, сонымен, қысқасы, әйтеуір, айтпақшы т.б.): **Бүгін, сонымен, он жеті арба тары кетті пунктке.** (Ә.Ә.)

6. Кейбір қыстырма сөздер **ой тәртібін білдіреді** (біріншіден, екіншіден, бір жағынан, екінші жағынан, ең әуелі, ақырында т.б.): **Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз. Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз. Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім, өнер. Сол өнер – орыста.** (М.Ә.)

Қыстырма сөздер құрамы жағынан бір сөзден, сөз тіркесінен, кейде тұтас сөйлем түрінде де болады. **Қысқасы**, *бәрін де жоқтан бастау керек. Ынта бар, жастық жігер, жалын бар.* («Нан иісі».) **Шынымды айтқанда**, *тап сол кезде Хабидолланың бұл әңгімесі маған қиялдай көрінген.* (С.) **«Жақсыны көрмек үшін» дегендей**, *Зейнелдер Биікжал көрінісіне таңырқай қарасты.* («Өрлеу»)

162-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің сөйлемде айтылған ойға қандай үстеме мағына қосып тұрғанына көңіл аударыңдар.

Директор мені күлімсіреп қарсы алды. **Байқаймын**, көңілі көтеріңкі. Сен, қыз, өзің, **байқаймын**, өткір көрінесің. Өткен жылы да өзі сабақ берген балаларды жақсы білетін еді. Балалар да, **әрине**, бұған үйренген. **Мүмкін**, сен де барарсың? Оқушылардың үй ішімен, тұрмысымен танысқаның артық болмайды. Сол арада, **шынын айту керек**, аздап қуанып та қалдым. Әңгіме енді витриналар, стендтер, фотомонтаждар жасауға келіп тірелген болатын. **Жасыратыны не**, мен мұнда жоғары сынып оқушыларынан Қабділерден – көмек сұрауды ойлаған ем. (С.Сағ.)

- Үтірдің, сызықшаның қойылу себептерін түсіндіріңдер.
- Қыстырма сөз қатысқан сөйлемдерді көшіріп жазып, қыстырма сөздің астын сызыңдар.

163-жаттығу. Қыстырма сөздердің астын сызып, мағынасына қарай талдандар.

1. Сөйтіп, Тайкелтір үш-төрт ауыз сөзбен үзіп тастады. 2. –Олай болса, елшілерді ертең ордаға жинаңдар. 3. Сонымен, Абылай қош айтысып қайтып кетіпті, елшілер ілгері жүріп кетіпті. («*Үш пайғамбар*».) 4. Ең алдымен, оның біздің ауылға қалай келгені айна-қатесіз көз алдымда. 5. –Бәсе, осы бір кейінгі кездерде көбірек ойланып жүрген ыңғайын танығандай боп ем. (Қ.Сейд.)

164-жаттығу. Мына қыстырма сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңдар.

Кім білсін, біздіңше, Сапардың айтуына қарағанда, екінші жағынан, бір жағынан, демек, бір жақсысы, қысқасы, қорыта келгенде, сонымен, обалы не керек, дұрысында, ең әуелі.

§ 45. ҚЫСТЫРМА СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Қыстырма сөз сөйлемде үтір арқылы бөлінеді:

а) сөйлем басында тұрса, үтір оның соңынан қойылады.

Меніңше, жаңағы оты көрінген – зауыт. («Нан иісі»)

ә) сөйлем ортасында келсе, үтір екі жағынан қойылады.

Менің бұлай ашық мойындап отырғаныма, байқаймын, кейбір бала қайран. (С.Сарғ.)

б) сөйлем соңына келсе, үтір алдынан қойылады. *Өзі осында келіп пе, сірә? (.С.)*

Қыстырма – түсінік сөздер, түсінік сөйлемдер екі жағынан жақшамен қоршаланады. *Қарсы алатын апам (Ботагөзді ол «апа» дейтін) жоқ. (С.М.)*

165-жаттығу. Көшіріп, қыстырма, қаратпа сөздердің тиісті тыныс белгілерін қойыңдар.

1. Ақыры О.Сәдібеков Ақанды Премьер Министр орынбасары Еркін Самандаровқа алып кіріп, мән-жайды түсіндіре келе, редакцияда баспана, машина, ол-бұл дегендей ештеңе жоқ екенін айтады. 2. Сол айтқандай редакцияға да мәдени орталық жайлы сын мақалалар түсе берді, түсе берді. 3. Олай болса осы жігітті жоғарыға түсіндіріп редакторлыққа бекітетін сіз сияқты ағалар ғой. 4. Ал шынында А.Ташметовтың редакторлыққа бекітілмеуі енді көпшілікті қызықтыра бастады. (*Боран Қыдыров*)

166-жаттығу. Көшіріп жазып, берілген оқшау сөздердің ішінен қыстырма сөздерді табыңдар да, оның тыныс белгілеріне назар аударыңдар.

1. Ерназар ойлағандай тоғыз қыз бір үйден табылмайды. 2. Сөйтіп, Ерназар күдер үзіп келе жатса, алдынан бір ауыл көрінеді. 3. Солай етіп Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады. 4. Сонымен Ерназар келіндерін алып қайта береді. 5. – Тұрсам, отыра алмаймын, шырағым, отырсам, тұра алмаймын шырағым, әперуге әлім жоқ нашар адаммын, – деп мүләйимсиді. 6. – Қап, әттеген-ай, қалып қойған екен, түнеугүні Сорқұдықтың басында Құба інгенді іздеп барғанда, бір талдың түбіне түсіп, ат шалдырып едім, сол жерде кісемді қалдырып едім, егеуің сонда түсіп қалған екен ғой, – дейді.

(«Қазақ әдебиеті» оқулығынан)

167-жаттығу. Берілген қыстырма сөздерді пайдалана отырып сөйлем құрастырындар. Сөйлемнің тыныс белгісіне мән беріндер.

Шынымды айтсам, бір жағынан, сонымен, сөйтіп, бәлкім, кім біледі, әйтеуір, олай болса, демек, ең әуелі, менің байқауымша, сөз жоқ, әрине, бақытына қарай, абырой бергенде, дұрысында сіздіңше.

Үлгі: ...Бір жағынан қысқанда о да азынап... Бұл жағдай, әрине, барлығымызды ойландырады.

§ 46. ОДАҒАЙ СӨЗДЕР

> Одағай сөздер өздігінен сөйлем мүшесі болмаса да, сөйлемде айтылған ойға сөйлеушінің түрліше көңіл күйін (*қуану, таңдану, ренжу, өкіну* т.б.) білдіреді.

Пай, пай, Хасенұлы ма!... Шіркіннің білмейтіні болсайшы! («Тербеледі тың дала»). **Әттеген-ай**, олай болғанда, Нашанның қыстауына қарай әлде Итікеннің қорымына қарай ауытқып кетпесе игі еді! (*З.Иманб.*)

> Сөйлемдегі айтылған ойға байланысты түрліше көңіл күйін білдіретін сөздерді **одағай** дейміз.

Одағай сөз сөйлем басында келіп, жай көтеріңкі айтылып тұрса, соңынан үтір қойылады; егер одағай сөз аса көтеріңкі дауыспен айтылса, одағайдан кейін леп белгісі қойылады. –**Ойбай, Жақа-ау!** Ол – Жоламанның дүмпүйі ғой. (*Ғ.Мұст.*) **Пау, шіркін!** Жазушыдай суретпен жібердің ғой өзің! (*С.М.*)

168-жаттығу. Оқып шығып, одағайларды табындар да, сол сөйлемге қандай мағына үстеп тұрғандығын айтындар.

1. –Ой, айналайын-ай! Некелескендерің жақсы болған екен. 2. –Ойбай, жаным-ау! Әңгімемен боп, мұны байқамай қаппыз ғой. 3. Ә, оңбаған, оңбаған! Осы жатқан жеріңде жабыстыра салайын ба? 4.–Ойбай, қойсайшы! Не сонша, өлтіресің бе? Онда менің дәнемем жоқ. 5. Кейде «Әттен дүние-ай! Әй, жастығым-ай! Ойнақтап жүріп от бастым-ау!» – деп өксіп-өксіп жылап алатынды да шығарды. (*Қ.Сейд.*)

169-жаттығу. Әр сөйлемді мәнеріне келтіріп оқып шығындар да, көшіріп жазып, одағайлардың астын сызындар.

1. Татулық деген қандай жақсы, шіркін! 2. Түү, сізде шақпақ барын мүлде ұмытып кеткен екем ғой! Бәсе, осынша

жұрттан от шықпайтын жөні жоқ қой тіпті! 3. Уау-у-у-удай! Көтере бер, шалқи түс! 4. Түү, бұлар деген – нар жігіттер ғой! 5. Тақай суланып қалатын болды-ау, қап! (F.C.) 6. Ой, әттеген-ай, айырылып қалдым-ау! 7. Түү, барсаңдаршы енді, тұрмай!.. 8. Ойпыр-ай! Батыр-ау, өзі де ертегідей әңгіме екен!.. (C.C.)

170-жаттығу. Берілген одағай сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңдар да, олардың (одағайлардың) қандай мағына үстеп тұрғанын айтыңдар.

Уһ, ойпыр-ай, алақай, япыр-ау, өй, қап, ойбай, е, уа, ей, әй, ай, ой.

§ 47. СӨЙЛЕМ БАСЫНДА КЕЛЕТІН ЖОҚ ПЕН ИӘ

Жоқ пен *иә*, әсіресе, ауызекі сөйлескенде, сөйлем ретінде жиі кездеседі.

1.– Кешіккен жоқ па?

– Жоқ.

2.– Әндетіп тұр-ау.

– **Иә**, қарағым!

3.– Мен бе?

– **Иә**, сен. (Д.Ә.)

Диалогтағы **жоқ** пен **иә** көбінесе сөйлем басында тұрады да, кейінгі сөйлем бұларға байланысты ойды толықтырады.

1.– Күй құлағын бұраған сен бе, Еркежан?

– **Иә**, мен ем, аға...

2.– Қатира келді ме, апа?

– **Жоқ**,... энеугіден кейін келген жоқ. (F.C.)

Мұндайда **жоқ** пен **иә** өздерінен кейінгі сөйлемнен үтірмен айрылады.

1.– Өзіңіз сөйлесесіз бе?

– **Иә**, өзім сөйлесем. (Ә.Н.)

2.– Іргелі елдің баласы екенсіңдер ғой?

– **Жоқ**, қадірлі ана, біз теңіз жағасында тұратын балықшылар аулынанбыз. (Ә.Н.)

171-жаттығу. Көшіріп жазыңдар да, **жоқ** пен **иә** дегендерге байланысты тыныс белгілерін қойыңдар.

I. 1. – Жұмбақты шеше алар ма екенсің?

– **Иә** айтып көр. (F.Тәшімбаев)

2. – Абайжан, осы, сен түні бойы ұйықтамағанбысың?
– Жоқ түн ортасында көз шырымын алдым ғой. (М.Ә.)
3. – Ертекті өзің оқып бергенсің ғой?
– Иә солай.
4. – Жүрмеймісің?
– Жоқ күте тұрамын ғой. (Қ.Найманбаев)
5. – Сен көтер.
– Жоқ сен көтер. (И.Сералиев)
6. – Ұмытқан жоқсыз ба?
– Иә ұмытқан жоқпын. (Б.М.)

172-жаттығу. Сөйлемнің басында келетін жоқ сөзі бар сөйлемдердің жасалуына мән беріндер. Тыныс белгілеріне көңіл бөліндер.

Жоқ, жоқ!

Менің өкпем жоқ тағдырыма,

Өміріме, өзіме – барлығына.

Нан батырып жесем де ризамын,

Көз жасымның бір тамшы қалдығына.

* * *

...Жоқ! Дәрігер! Орнатпа басқа жүрек!

Басқа лүпіл жасама, басқа леп.

Қалай айтам, бүлінген жүрегімді,

Білдірмей доғдыр алып тастады деп?!

(Мұқағали Мақатаев)

173-жаттығу. Суретке қарап диалогқа негізделген мәтін құрастырындар. Мәтін құрауда сөйлемнің басында келетін «жоқ» пен «иә» сөздерін пайдаланындар



ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

§ 48. ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ ЖАЙЫНДА ТҮСІНІК

Жай сөйлемнің құрылысы және көлемі әрқашан бір сипатта бола бермейді. *Сұлтан жайлауды екі күн аралады (К.Ораз.)* деген сөйлемде тұрлаулы мүшелері (*Сұлтан аралады*) түгел қатысып тұр. *Қаптаған аттыларды маған алыстан қарауға тура келді (Х.Есен.)* деген сөйлемде тек баяндауыш қана (*қарауға тура келді*) қатысып тұр, сөйлемге бастауышты қойып айтуға болмайды: істің иесі *маған* деген жанама толықтауыш арқылы берілген (*маған қарауға тура келді*). Түн. *Қалың орман. Жер үстінде төбесі томпайған блиндажды қар басып қалған (Ғ.Мұст.)* деген сөйлемдердің алғашқы екеуі іс-оқиғаны баяндамайды, тек атап қана қояды: Түн. *Қалың орман.* Бұларды тұрлаулы мүшелерге талдауға да болмайды. Жай сөйлемдердің осындай ерекшеліктеріне қарай мынандай түрлері болады: 1) *жақты сөйлем және жақсыз сөйлем*, 2) *жалаң сөйлем және жайылма сөйлем*, 3) *толымды сөйлем және толымсыз сөйлем*, 4) *атаулы сөйлем*.

174-жаттығу. Оқып шығып, әңгіменің не жайында болып отырғандығына көңіл аударыңдар.

Жұмат мектептің жоғарғы қабатына шығып келеді. Жанында бригадир. Біткен және істеліп жатқан жұмыстармен таныстырып келеді. Мектептің іші-сырты көздің жауын аларлықтай жақсы әктелген. Бөлмелердің едені біркелкі сырланған. Адамның көлеңкесі түсіп, айнадай жарқырайды.

– **Жұмысты жоспардағыдан қанша уақыт бұрын бітіресіздер?**

– Осы аптада тамамдаймыз. Сонда жиырма күн ерте аяқтаймыз. («Өрлеу»)

● **С.** Қарамен жазылған сөйлемдерді көшіріп жазып, тұрлаулы мүшелерін табыңдар.

● **Л.** Көздің жауын аларлықтай, мектеп қоныстанушыларына деген сөздердің мағыналарын басқа сөзбен түсіндіріңдер.

175-жаттығу. Берілген сөйлемдерден сөйлемнің құрылысы мен көлемі жағынан қандай сөйлем екендігін аңғарындар.

1. Ендігі сауықтың әрбір түрін тың қонақ бастады.
2. Әбдірахманды тағы да құшақтады.
3. – Таныстым. Көп кездесіп жүрмін.
4. Бұл сырды білмейтін Абайдан жастар қысылып отыр.
5. Ұлжан отыратын үлкен үйге кіріп келді.
6. Ұзын бойлы, кесек, сұлу жүзді Ержан.
7. Оқта-текте Абай мен Оспанға ғана біраз тіл қатады екен.
8. Орамалымен бетін де басты.
9. – Ойбай-ау, не деп отыр?
10. Бұлар үндемеді.
11. Ғашық от.
12. Ол үнсіз, жалғыздық мұңына кете беретін терізді.

(М.Әуезов. «Абай жолы»)

176-жаттығу. Берілген микромәтіннен сөйлемнің түрлерін ажыратындар да, құрылысына мән беріңдер.

КӨКПАР

Қазақтың кең тараған ұлттық ойындарының бірі – көкпар. Бұл аттың да, жігіттің де күшін, ептілігін, самдағайлығын сынайтын ойын. Көкпарға тек ешкі ғана тартылады. Кей жерлерде бұзауды да тартатын болған. Бірақ ол атпен олай-былай алып қашуға ыңғайсыз, ауыр ғой. Ал ешкі жеңіл, ыңғайлы, әрі терісі мықты. Қойды да тартады деу – қате. Ең әуелі қой терісі көкпар етіп тартуға жарамайды. Оның үстіне кетпектей май құйрығы болады. Демек, Қазақ энциклопедиясындағы «көкпарға қойды да тартқан» дегені дұрыс емес.

(«Төрт түліктің иесі кім» кітабынан)

§ 49. ЖАҚТЫ СӨЙЛЕМ

> Жақты сөйлем – жай сөйлемнің бір түрі. Ол – сөйлемнің бастауышы болуына негізделеді. Мысалы: *Күн де батты. Мен взводта қалып қойдым. Айнала жым-жырт. Ауа райы салқындай бастады.* (М.Ғабд.) Бұл сөйлемдердің қай-қайсысында болсын бастауыш қатысқан: *күн, мен, айнала, ауа райы.*

Кейде бастауыш айтылмай, түсіп те қалады. Бірақ оны баяндауыш арқылы оңай табуға болады. Мысалы: *Жақсы азамат боласың. Ер болып ержетесің, қарағым.* (М.Ә.) Бұл сөйлемдерде бастауыш айтылмағанмен, баяндауышына қарап, бастауыштың қай сөз екенін табуға болады.

Екі сөйлемде де бастауыш – *сен* деген жіктеу есімдігі. *Сен жақсы азамат боласың. Сен ер болып ержетесің.*

▲ Құрамында бастауыш қатысқан жай сөйлемнің түрін **жақты сөйлем** дейміз.

Ескерту: Кейбір жақты сөйлемнің баяндауышы II, III жақта тұрғанмен, мағынасы сол жақтың өзіне қаратылмай, барлық жаққа ортақ болады. Арыңды жастан сақта. (*Мақал*)

Мағынасы көпке арналып, ортақ болып кеткен сөйлемдерді *жалпылама* (ортақ) *жақты сөйлем* дейміз.

Жалпылама жақты сөйлем болатындар көбінесе мақал-мәтелдер, нақыл сөздер (афоризмдер). Көпті сөкпе, кенді төкпе. Жұмыстың көзін тап, қисықтың тезін тап. (*Мақалдар*)

177-жаттығу. Көшіріп жазып, тұрлаулы мүшелердің астын сызындар да, олардың қай жақта қыса байланысып тұрғанын айтындар.

АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Ақындар айтысы – айтыс жанрының кейінгі даму кезеңінің жемісі. Ол қазақ ауыз әдебиетіндегі айтыстар негізінде өріс алып дамыған. Ақындар айтысының негізгі тартыстары ру мәселесінің айналасында болады. Дәстүрде әр ақын өз руы атынан сөйлейді, екеуі де өз руларының басшыларын, қасқа мен жайсаңдарын мадақтап, дәріптейді. Сонымен қатар екі ақын да қарсы жақтың сол мадақтап отырған мықтыларының жауыздық қылықтарын, елге, халыққа жасап отырған зорлық-зомбылығын барынша әшкерелейді. («Қазақ әдебиетінен»)

● Сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.

178-жаттығу. Жақты сөйлемдерді табындар.

Би – ру басшысы. Ең алдымен өз руының, руластарының сөзін сөйлеп, мүддесін қорғаушы. Бұл жағынан да Әйтеке өз замандастарынан қалыспаған, ешкімнің атақ-даңқына табынбаған.

Би бір жолы құн даулай Ұлы жүзге келеді. Төле би қарсы алып:

– Беке, жол болсын? – дейді.

– Айтқаныңыз келсін, би! Жол болмақ сізден болсын!

Тірімен танысқалы келдік, өліге болысқалы келдік, – дейді Әйтеке.

– Бўйрығыңызга қўлдық. Қылышыңыз болса – мойнымызга, қўшағыңыз болса – қойнымызга, – деп Төле орнынан тұрады...

(«Үш пайгамбар» кітабынан)

● Жақты сөйлемдердің тұрлаулы мүшелерін теріп жазыңдар да, астын сызыңдар.

● М. Біріккен сөздер мен қос сөздерді теріп жазыңдар.

● С. Айқындаушы мүшелерді табыңдар.

179-жаттығу. Берілген сөздерді бастауыш етіп, төмендегі схема бойынша жақты сөйлем құрастырыңдар.

Сіздер, әркім, бұл, өзім, екеуміз, аспан, Нүрәлі, келгендер.

Бастауыш ... – баяндауыш

– етістік

сын есім

зат есім

сан есім

§ 50. ЖАҚСЫЗ СӨЙЛЕМ

> Кейбір жай сөйлемдерде бастауыш мүлде болмайды. Ондай жағдайда баяндауыштың өзі сөйлемге ұйытқы болып тұрады. Маған онымен талай кездесуге тура келді. («Нан иісі») Оған таңдануға болмайды. (Е. Әкімқ.)

▲ Баяндауыштың бір өзі сөйлемге ұйытқы болатын жай сөйлемнің түрін **жақсыз сөйлем** дейміз.

Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдары

Жақсыз сөйлемнің баяндауышы:

1. -қы, -ғы, -кі, -гі жұрнақты қалау райлы етістіктен болады: *Менің арзан сөзді айтқым келмеді.* (Ә.Ә.)

Схемасы: [негізгі етістік + **қы** (-кі, -ғы, -гі) + тәу. жалғ. кел көмекші етістігі].

2. Барыс септік жалғаулы тұйық етістіктен соң *бол, жара, тура, кел* деген көмекші етістіктердің келуі арқылы жасалады: *Бұл жерде суға түсуге жарамайды.* (Г.Г.)

Схемасы: [Тұйық етістік + **га** (-ге) + *бол* + *жара* + *тура, кел* деген көмекші етістік (+*тура*+*кел*)].

3. Атау немесе барыс септік тұлғалы тұйық етістіктен соң *керек, жөн, мүмкін* деген бейтарап сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасалады: *Біздің ашық сөйлесуіміз керек.* (Б.)

Схемасы: [Тұйық етістік + тәу.жал.+ керек жөн, мүмкін]

4. *-ып, -іп, -п* жұрнақты көсемшеден кейін бол деген көмекші етістіктің болымсыз тұлғада келуі арқылы жасалады. *Бұдан еш нәрсе түсініп болмайды.*

Схемасы: [Көсемше *-ып, -іп* + бол+ ма...]

5. Құрамында бастауыш тұлғалы сөзі бар идиомдар жақсыз сөйлем болады: *Енді біраздан кейін көз байлануға айналды.* (С.М.) Схемасы: Идиома [*атау септікті сөз+ етістік*]

180-жаттығу. Оқып шығып, жақсыз сөйлемдердің қандай жолмен жасалып тұрғанына талдау жасаңдар.

1. Абайдың да ішек-сілесі қатып еді. 2. Бурабайдың табиғатын ауызбен айтып болмайды. (М.Ә.) 3. Досанның тауға қайтадан барғысы келді. (Б.Соқб.) 4. Бізге уақытты ұту керек. (Х.Есен.) 5. Жәрдемшіге хабар айтуға болады. 6. Терең судан үзеңгімізді қайырып өтуге тура келеді. 7. Туыстарыма жетудің сәті түсе қалды. 8. Командирге тіл қайыруға болмайды. 9. Бұл сөзді Сырбайдың әрі қарай созғысы келмеді. (С.М.) 10. Меніңше, Молдабаев жолдастың осы тілегін қуаттау керек. (Т.А.) 11. Әлден уақыттан кейін жұрт аяғы басылды. (М.И.)

181-жаттығу. Көшіріп жазып, сөйлемнің жақты я жақсыз екендігін ажыратыңдар.

– Уа, бауырым, амансың ба?

Бірден тани кеттім. Рамазан Елебаев екен. Құшақтаса көрісіп жатырмыз. Сол жерде мен оны Балтабек пен Даниловқа таныстырдым.

– Бұл жігіт – белгілі композитор.

– Сіз әскер қызметіне шақырылудан босатылғандардың қатарындасыз.

– Маған ондай жеңілдіктің қажеті жоқ. Денім сау. Жап-жас жігітпін. Өз қатарымнан қалғым келмейді. Мені панфиловшылар дивизиясына жіберуіңізді өтінем.

– Одан басқа дивизияға барғыңыз келмей ме?

– Маған бәрі бірдей. Фашистерді қырғым келеді.!

– Жақсы. Өтінішіңізді тиісті орындарға айтайын. Ертең келіңіз. (М.Ғабд.)

§ 51. ЖАЛАҢ ЖӘНЕ ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМДЕР

Жай сөйлемнің жалаң және жайылма болуы тұрлаусыз мүшелердің қатысу-қатыспауына байланысты.

Кейбір жай сөйлемдердің құрамында тұрлаусыз мүшелер болмайды. Мысалы: *Партизандар ұйықтап кетті. Үй іші тым-тырс. Жылбек, сенбісің? Бұлар жүріп кетті. (Ә.Ш.)* Тұрлаусыз мүше қатыспаған жай сөйлемді **жалаң сөйлем** дейміз.

> Жалаң сөйлем құрылысына қарай жақты да, жақсыз да сөйлем болуы мүмкін. *Біз екеу едік. Әбдірақыман жүре берді. Анауың кім? (Б.М.) Кіруге бола ма? Оқығым келеді.*

> Жайылма сөйлем тұрлаусыз мүшелердің қатысуы арқылы жасалады. *Бүгін аспан бұлтсыз. Қойшы Қордайдың кезеңіне шықты. (І.Ж.)* Алғашқы сөйлемді *бүгін* деген мезгіл пысықтауышы қатысып, жайылма сөйлемге айналдырса, соңғы сөйлемді анықтауыш (*Қордайдың*) пен мекен пысықтауыш (*кезеңіне*) қатысып, жайылма сөйлемге айналдырып тұр.

▲ Тұрлаусыз мүше қатысқан жай сөйлемді **жайылма сөйлем** дейміз.

Жайылма сөйлемдер де құрылысына қарай жақты не жақсыз бола береді. *Әбіш енді Дәркенбайдан Базаралының бүгінгі жайын сұрап еді. (М.Ә.)* – Жақты сөйлем. *Мейрамның Мұздыбайға соға кеткісі келді. (Ғ.Мұст.)* – Жақсыз сөйлем.

182-жаттығу. Оқып шығып, жай сөйлемдердің қайсысы жалаң, қайсысы жайылма екенін көрсетіндер де, себебін түсіндіріңдер.

Әнсары тысқа шықты. Аспан ашық. Күн жадырай жайнап тұр. Ауа желсіз. Тек қана шымыр салқын бар. Әнсары кешікпей ұжымшар басқармасының үйіне келіп кірді. Ұзын бойлы, ат жақты сары жігіт бір қағазға бірдемені жазып отыр.

– Баяндама дайын ба?

– Осы бітірген бойым. Көруіңізге болады.

Әнсары оқи бастады. Кей жеріне қызыл қарындашпен белгі соға отырды. Қай жерін толықтыру керек екені туралы пікір айта бастады. (С.Алд.)

● Мәтіннің мазмұнына көңіл аударып, сөйлем құрастырудағы кемшілік жайындағы пікірді естерінде сақтаңдар.

183-жаттығу. Мәтінмен танысып, жайылма сөйлемдерді жалаң сөйлемге айналдырып жазындар.

Олар орманға қарай жөнелді. Біз бақылау пунктіне бара жатырмыз. Зор денелі біреу окоптың ішінде дүрбімен алдыңғы жақты шолды. Оның қасында қысық көзді біреу телефонмен бірдеңені былдырлап айтып жатыр. Я қырғыз, я қазақ, екеуінің біреуі. (Б.Мом.)

184-жаттығу. Жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемдерге айналдырындар.

Сынып іші тына қалды. Біз барамыз. Дауыстар шығып кетті. Мен қолдаймын. Біз құрамыз. Оқушылар қарай қалып еді. Ол бұғып қалды. Мен қорықпаймын. Кімдер барады? («Дала дауылпаздары»)

§ 52. ТОЛЫМДЫ ЖӘНЕ ТОЛЫМСЫЗ СӨЙЛЕМДЕР

Жай сөйлемнің кейбіреуінде айтылуға тиісті мүшелері түгел қатысып, тыңдаушыны толық қанағаттандырады, іс-оқиға жайында толық хабар беріледі. Мысалы: *Мен сол күні кеште Сейдәзімов Мейірқұлмен ұзақ отырдым. Жер жыртқан тракторлар гүрілі алыстан құлаққа шалынды.* (С.Сарғ.)

▲ Айтылуға тиісті мүшелері түгел қатысқан жай сөйлемнің түрін **толымды сөйлем** дейміз.

Толымды сөйлемнің негізгі белгісі:

- 1) айтылуға тиісті мүшелері түгел қатысады;
- 2) басқа сөйлемге тәуелді болмай, дербес айтыла береді.

> Жай сөйлемдердің кейбіреуінде айтылуға тиісті бір мүше не бірнеше мүше бұрын тұрған сөйлемнен белгілі болғандықтан, қайталап айтылмай, түсіп қалады. Мысалы: *Уақыт деген жүйрік қой. Былай қарасаң, қас қаққанша өте шығатын сияқты.* («Армысың, ардақты адам») Екінші сөйлемде айтылуға тиісті мүше (*уақыт*) қатыспаған. Сондықтан бұл толымсыз сөйлем болып тұр. – *Командиріңіз қайда? – Алда кетіп барады.* (М.Ғабд.) Соңғы сөйлемде «командиріміз» деген бастауыш айтылмай қалып тұр.

▲ Айтылуға тиісті тұрлаулы я тұрлаусыз мүшелерінің бірі түсіп қалған жай сөйлемді **толымсыз сөйлем** дейміз

Толымсыз сөйлемнің жасалу жолы екі түрлі:

1) Өзара желілес сөйлем тобында.

Агроном қаулай шыққан жас егіннің тынысын тындағандай сүйсіне сөйлейді.

– Біркелкі жақсы өсіпті. Май айының жаңбыры да (*неменеге?*) болысып жіберді. (*Кім?, нені?*) Кеш ексек те, (*не?*) кенжелейтін емес. («Тербеледі тың дала»)

Базар апайды бұл маңайда білмейтін адам жоқ. Сол себепті де мына салтанатқа шақырылып отыр. (З. Иманб.) Соңғы сөйлемде бастауышы (*Базар апай*) түсіп қалған – толымсыз сөйлем.

2) Диалог (екі я бірнеше адамның сөйлесуі) жағдайында.

– Ал, ұлым, сен қайдансың?

– [*Кім?*] Қазақстаннан, Алматыдан.

– *Иә, [Кім?, нені?] білем, [қайда?] барғанмын. Қазақстанның болашағы зор. [не?] Еліміздегі шексіз қазыналы өлке. (Қ.Тол.)*

– *Сіз Құлажан ағайды білесіз бе?*

– *Білемін. (С.Сарғ.)* Мұнда да соңғы сөйлем (*Білемін*) толымсыз сөйлем болып тұр: айтылуға тиісті бастауышы (*мен*) және толықтауышы (*Құлажан ағайды*) түсіп қалған.

185-жаттығу. Оқып шығып, жай сөйлем түрлеріне ажыратыңдар.

1. Абай жалт қарап барып жаңа көрді. 2. Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. 3. Батыс жақтан төрт-бес атты жолаушы келеді екен. 4. Арты Қыдырдан шыққан жолаушылар тәрізді. 5.–Әй, шырағым, балам, әуелі ар жағында әкең тұр... Сәлем бер!–деді. 6.–Қалашылар, қалашылар келеді! 7. Тағы да шапқылап, қара үзіп, алыстай берді. 8.–Е, Ойке апаны белмеуші ме ең? О несі екен?! 9. -Уа, қой деймін, бала! 10.–Ал, Ойке апана не бетінді айттың сонымен, Байтас аға?..–деп жабыса түсті. (М.Әуезов. «Абай жолы»)

● Жай сөйлемдердің қайсысы толымды сөйлем және қайсысы толымсыз сөйлем екенін анықтап, дәлелдендер.

● Қандай сөйлемді толымды сөйлем дейді? Қандай сөйлемді толымсыз сөйлем дейді?

186-жаттығу. Оқып шығып, толымды және толымсыз сөйлемді табындар. Толымсыз сөйлемде қай мүше айтылмай қалғанын анықтаңдар.

Мелдехан қайта-қайта жөтеліп буылып қалды. Беліндегі шаршысының ұшымен бет-аузын сүртіп, азырақ үнсіз отырды. Көптен бері айналдырып алған қу кесел күннен-күнге жүйкелетіп, қуатын ала бастағаны көрініп тұр.

– Биылғы қыстан қауіпім бар, – деп шекесін тырыстырды тәжірибелі шопан, – аяз қатал болады. Ауыр сынға дайын болуымыз керек.

– Оны қайдан білесіз?

– Байқасаң оны осы мал, қойлардың өзі болжайды. Оның үшін қырық күндік жазғы шілдеде қойлардың жатысын көр. Ілгеріде қойларды сауарда көгендеп, қосақтайтын еді ғой. Дәл, сол тәрізді болып жатса қыс қатал келеді дей бер.

187-жаттығу. Берілген сөйлемдерді жақты және жақсыз, жалаң және жайылма, толымды және толымсыз түрлеріне талдаңдар.

Ү л г і : *Біз көпір жанында аттан түстік. (Б.Мом.)*

Талдау: Бұл – жақты сөйлем, біз – бастауыш; жайылма сөйлем, мекен пысықтауыш (*көпір жанында*) пен жанама толықтауыш (*аттан*) қатысып тұр; толымды сөйлем, айтылуға тиісті мүшелері түгел қатысқан, әрі дербес айтуға болады. Сонда бұл сөйлем – жақты, жайылма, толымды.

Ол төсегінен аунап кете жаздады. Бұны байқаған дәрігер ақырын ғана тыныштандыра сөйледі.

– Сізге қатты қозғалуға болмайды. Әлі біраз күн емделесіз. Пойыз зулап келеді. Есейдің көңілі одан да жүрдек. Биыл шабындықтың қалың боларын ағасы хатында жазып еді. Мынау дала келбеті де соны танытады. Қырдың таза ауасында денсаулығын әлі де бекіндіріп алғысы келді. (*Т.Тінәлиев*)

§ 53. АТАУЛЫ СӨЙЛЕМ

> Кейбір жай сөйлемдер іс-оқиғаны баяндамайды, тек затқұбылыстың, мезгілдің, мекеннің атауын ғана білдіреді.

Түн. Қыс. Боран. Ышқынған долы дауыл. Қопарып тұрғандай Кавказ тауын. (*С.М.*)

Егер атаулы сөйлемдер арқылы беріліп тұрған ойды басқа сөйлеммен білдіргіміз келсе, былайша болар еді:

Қыстыгүні түнде боран болды. До­лы дауыл ышқына соқты. Бұл сөйлемдер атауды емес, оқиға жайында баяндауды білдіреді.

▲ Ис-оқиға жайында баяндамай, тек соған байланысты жағдайды (мезгіл, мекен т.б.) атап көрсететін сөйлемнің түрін **атаулы сөйлем** дейміз.

Атаулы сөйлем негізінен зат есімнен болады. **Күз. Сіркіреп жаңбыр жауып тұр.** (Н.Ғабд.)

Құрамы жағынан атаулы сөйлем жеке бір сөзден де, екі немесе одан да көп сөздердің тіркесінен де бола береді. **Жазық дала. Ызғырық жел бар.** (Н.Ғабд.) **Түн орталаған шақ.**

Шығыста бүк түсіп, Қарағайлы тауы жатыр. (Т.Н.)

Мағынасы жағынан атаулы сөйлем мезгілді, мекенді, жағдайды және басқа да әр түрлі заттың атын білдіреді. **Маясым. Құлпырған дала гүлдерінің жұпар иісі мұрын жарып, кеуден ашады.** (З.Ш.) **Құба жон. Мұнара. Мұнара бойы тұтасқан қимыл–бұрғылау ісі қызып жатыр.** (З.Қабд.)

188-жаттығу. Бірінші топта жеке сөз, сөз тіркесі берілген. Екінші топта сол сөздер мен сөз тіркестерінің басқа сөйлемдер тобында айтылуы көрсетілген. Бірінші және екінші топта айтылуының арасында мақсаты жағынан қандай айырма бар екенін айтыңдар.

I. Кеш, кең зал, жалпақ егін, самалдай самсаған электр шамдары, ерсілі қарсылы айқаспаған дала кемелері.

II. Кеш. Кең зал. Самалдай самсаған электр шамдары. Зал оқушыларға лыққа толған (Қ.Тол.). Жалпақ егін. Ерсілі қарсылы айқаспаған дала кемелері.

189-жаттығу. Атаулы сөйлемдерді тауып, оның не үшін қолданылғанын айтыңдар.

1. Дала. Бұлтты аспан. Сонау бел астында жаңа шахта құрылысы жатыр. Аурухана. Алыстан машина келе жатыр. Жақындады. (С.Е.) 2. Сахна. Жартас. Селдір тоғай қияғынан мөлдір көлдің бір түбегі көрінеді. Шаңқай түс. Жайлаудағы ауыл. Сахнаның бір шеті–Абайдың үлкен үйінің іші. Қанаттастырып тіккен үйдің іші. Сахна сыртында ескек-теп айтылып жатқан жыр сарыны кеп тұрады. Анда-санда сүйсінген күлкі, дырду. 3. Шілденің ыстық күні. Шаңқай түс мезгіл. Аспан ашық, таза. (М.Ә.)

Жай сөйлем түрлеріне талдау үлгісі:

Алдымен жай сөйлемді жақты сөйлем не жақсыз сөйлем түрғысынан талдаймыз. Ол үшін әр сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін тауып, астын сызу керек. Жақсыз сөйлем болса, оның баяндауышының жасалу жолына көңіл аудару қажет.

Екінші ретте сол сөйлемді жалаң не жайылма сөйлем түрғысынан талдаймыз. Басқаша айтқанда, жақты сөйлем мен жақсыз сөйлем жалаң не жайылма сөйлем түрінде келе беруі мүмкін.

Ең соңында сол сөйлемді толымды не толымсыз сөйлем түрғысынан талдаймыз. Толымды сөйлем жақты да, жақсыз да сөйлем болумен қатар, жалаң да, жайылма да сөйлем болуы мүмкін.

Атаулы сөйлемді талдағанда, оның қай сөз табынан болғандығы, құрамы жағынан жеке сөзден не сөз тіркесінен, болмаса күрделі сөзден болғандығы ескеріледі. Екіншіден, мағынасына қарай мезгілді не мекенді білдіретіндігі көрсетіледі.

Сонда:

- Жақты сөйлем: 1. Жалаң сөйлем.
2. Жайылма сөйлем.
3. Толымды сөйлем.
4. Толымсыз сөйлем.

- Жақсыз сөйлем: 1. Жалаң сөйлем
2. Жайылма сөйлем
3. Толымды сөйлем
4. Толымсыз сөйлем

- Атаулы сөйлем: 1. Бір сөзден болған.
2. Сөз тіркесінен болған.
3. Күрделі сөзден болған.

Мысалы: *Жанат жаза бастады. Бейсен үндеген жоқ.* (F.Мұст.) Бұл сөйлемдер – жақты сөйлем, жалаң сөйлем, толымды сөйлем.

Әбіштің бұл сөзді мақұлдағысы келмейді. (M.Ә.) – жақсыз сөйлем, жайылма сөйлем, толымды сөйлем. Баяндауышы етістіктің *-ғы/-гі* жұрнақты қалау райынан жасалған: мақұлдағысы келмейді.

Пойыз. Вагон. Бір топ адам әңгімелесіп отыр. (I.Ж.) – алғашқы екі сөйлем – атаулы сөйлемдер. Бір сөзден болған атаулы сөйлемдер. Мекен мағынасын білдіреді.

ОҚУ ЖЫЛЫ СОҢЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАУ

190-жаттығу. Оқып шығып, сөйлем түрлеріне (хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті) талдаңдар.

Ол көп білген сайын ойланғыш бола берді. Кейде Әбиір өз аулын әкесі мен шешесін, туған інілерін көз алдына келтіріп, түнімен дөңбекшіп шығатын. Бұлардың өмірі соншама неге ауыр? Бұлар еңбек етіп жүрген жоқ па! Шөп басын сындырмай шалқайып отырып, байлыққа малынып, рақатқа батып жүрген адамдар бар емес пе? Ал мұның әкесі болса балаларының күнделікті тамағы мен киімін мандытып таба алмай жүр.

Бұл әділет пе? Бұған кім кінәлі?

Соншама сорлы қылып, үсті-үстіне езе түсетіндей бұлардың құдайға не жазғанын Әбиір түсіне алмай-ақ қойды. Үй жоқ, туған-туыс жоқ, мына жапан далада жалғыз күн кешетіндей Әбиірдің, өзінің, не жазығы бар? («*Таушелекте туған жігіт*»)

- **M.** Мәтіннен біріккен сөздерді тауып, талдау жасаңдар
- Лепті сөйлемдерді теріп жазып, айтылу мақсатына қарай олардың хабарлы я бұйрықты сөйлем екенін анықтаңдар. Сонымен қатар сұраулы және бұйрықты сөйлемдерді теріп жазып, жасалу жолдарын көрсетіңдер.

191-жаттығу. Оқып шығып, түсінгендеріңді ауызша мазмұндаңдар. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін тауып, өзара қалай байланысқанына (іргелес я жалғаулық шылау арқылы) талдау жасаңдар, тыныс белгілеріне көңіл аударыңдар.

1. Олар қоғамдық тәртіпке, өмірге сын көздерімен қарайтын-ды. 2. Кейде Әбиір өз аулын әкесі мен шешесін, туған інілерін көз алдына келтіріп, түнімен дөңбекшіп шығатын. 3. Солай болса болатын шығар, бұлардың маңдайына ауыр өмір кешу, азап, тек сорлылық жазылып қойып па?

192-жаттығу. Мәтіндегі сөздерді сөйлем мүшесіне талдаңдар.

Оны тек жай қайталап қана қоймайды. Бұл сөздерді алғаш Қапалда мұғалім аузынан есіткен кезде ол аса терең

түсіне қоймап еді. Ал енді өзі көзімен көрген соң бәрі де айқындалып, шешімі беки түскен тәрізді. «Енді бұрынғыдай шыдай беруге болмайды, халықтың қайғы-қасірет тарта беруі мүмкін емес!» Бұл шешім оған қуат бергендей. Бұл мақсатқа апарар күрес жолын да ол айқын біледі. Бұл жайында мұғалімі айтқан, қазір сол жолға мыңдаған жаңа адамдар түсуде.

(«Таушелекте туған жігіт»)

194-жаттығу. Оқып шығып, жақты және жақсыз сөйлемдерді табындар.

1. Бүркіттің мына хатынан кейін өлудің қажеті болмас. 2. Бұл сапарымның оң я теріс боларына кімнің көзі жетіпті. 3. Сондай адамдарды сұраумен мазалаудың қажеті қанша? 4. Адамның көңілін күшпен жылдамдатуға болмайды, түсіндіру арқылы ғана жылдамдатуға болады. 5. Менің әлі де айтарым—заңды бұзуға болмайды. (С.М.) 6. Құнанбай үндеген жоқ. 7. Таңшолпан өр шешеннің бірі еді. 8. Сыбағаны Күңкеге әкеліп отырғанымыз жоқ. Саған әкелгізіп отырмын. 9. Ертең қыстау-қыстауға кетеміз де, қыс бойы інге кіргендей жатып аламыз. 10. Мен ертең үйлерді тіккізбек едім. Осы тағы бір көші-қон бар ма?. (М.Ә.)

- Жақты сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің астын сызындар.
- Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдарын көрсетіндер.
- Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

ҚОСЫМША

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

А. Тыныс белгілерінің маңызы

Тыныс деген сөздің мағынасы—*дем алу, сәл кідіріс жасау* деген сөз. Адам сөйлегенде, сөздерді бірінен соң бірін шұбыртып, тоқтаусыз айта бермей, сөз араларына сәл тоқталып, кідіріс жасайды. Сонда оның айтқаны тыңдаушыға түсінікті болады. Жазуда осындай тыныстайтын, кідіріс жасайтын кейбір жерлерге шартты белгі қойылады. Оны **тыныс белгісі** дейді.

Тыныс белгілерінің саны онша көп емес, не бары он шақты ғана: *нүкте* (.), *сұрау белгісі* (?), *леп белгісі* (!), *көп нүкте* (...), *қос нүкте* (:), *үтір* (,), *нүктелі үтір* (;), *жақша* (()), *сызықша* (-), *тырнақша* («»).

Аталған тыныс белгілерінің атауларын бұрмаламай, дәл осы күйінде айту қажет. Мысалы, үтір терминін қайырма, кері үтір деп атау қате болып есептеледі. Әр тыныс белгісі алуан түрлі қызмет атқарады. Ол, бір жағынан, дауыс ырғағы мен үзіліске байланысты болса, екінші жағынан, жекелеген сөздердің мағынасына, сөйлемнің *синтаксистік құрылысына* байланысты.

Әрбір тыныс белгілерінің қызметі «*Тыныс белгілерінің ережелері жинағында*» баяндалған-ды. Сондықтан оларға жеке-жеке тоқталып жатпаймыз.

Тыныс белгілерін дұрыс білу – жазылған мәтінді дұрыс түсінуге мүмкіндік береді; екіншіден, бұл да адамның сауатты, білімді екендігін көрсетеді. Тыныс белгілерінің ережелерін жетік меңгеріп, жазуда қате жібермеудің, орынды жерінде дұрыс қоя білудің үлкен маңызы бар. Тыныс белгілерін дұрыс қою үшін, синтаксисте өтілгендерді жақсы білу керек.

Тыныс белгілеріне тікелей қатысы болмаса да, сауатты жазудың шартына кіретін нәрсе – сөз бен сөздің аралығындағы **ашық жер мен жаңа жол** (*абзац*) дегеннің не екенін білу.

Ашық жер ұғымы өз-өзінен түсінікті. Хат тани білетін адам бір сөзді екінші сөзден сәл алшағырақ жазады. Бірақ кейде жалғау, жұрнақпен ұқсас шылауларды бірге жазып қоятындай қате жіберушілер болады. Оның қосымша я шылау екендігін білмейінше, бөлек я бірге жазатындығын білу қиын болады. Мысалы: *Менде кітап бар. – Мен де барамын.*

Жаңа жол (абзац) бір мәселе жайында айтылған ойдың кесек бөлшегін көрсетеді. Оның белгісі – жаңа жол, әдетте, жазып келе жатқан жол қатарына 3-4 әріптей ішкерірек жазылып, кетік жасайды. Мұны схемамен былай көрсетуге болады:

.....

Ә. Тыныс белгілерінің қойылатын орындары

«Тыныс белгілері ережелерінің жинағында» әрбір тыныс белгісінің қызметі, қандай орындарда қойылатыны топталып баяндалған: 1) сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілері; 2) жай сөйлем синтаксисінде қойылатын тыныс белгілері; 3) құрмалас сөйлем синтаксисінде қойылатын тыныс белгілері; 4) тыныс белгілерінің қосымша қызметі.

I. Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілері

Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілеріне, негізінде, **нүкте**, **сұрау белгісі**, **леп белгісі** жатады; сонымен қатар **сұрау белгісі** мен **леп белгісі** қоса қабаттала қойылуы (?!), көп **нүкте**, **сұрау белгісі** мен **көп нүкте** (?...), **леп белгісінің** мен **көп нүкте** (!..) қойылады.

1. **Нүкте** хабарлы сөйлемнен кейін және жай, екпінсіз айтылған бұйрықты сөйлемдерден кейін қойылады.

а) **Хабарлы сөйлемдер.** *Күн тымық аяз. Қатты боран шемендеп кеткен қарға адам аяғы із сала алмайды. Ата-тар оппалап келеді. Күнге шағылысқан аппақ қар көзіңді аштырмайды.* (Ә.М.)

ә) **Бұйрықты сөйлемдер.** *Сыртындағы жазуды оқыңыз. Қане, Сапар, сен өсімдік дүниесінің негізгі топтарын айтып шықшы.* (М.И.)

2. **Сұрау белгісі** сұраулы сөйлемдерден кейін қойылады. *От жаққанбысың, балам? Көшекбай келген бе? (Ғ.Мұст.) Маған да бір қолайлы жұмыс табылатын шығар, а? Мұхит қайда екен?*

3. **Леп белгісі** лепті сөйлемдерден кейін қойылады. *Бәрің де қазір менің командалды тыңдаңдар! Шуламаңдар, келіп қалды! Тапқан екенсің оңай достықты! Қайран жастық шіркін-ай, не ойлатпайсың! (М.И.) Жарайсың, тұлпарым, жарайсың! Екі жүлдені бірдей алдың-ау, бірдей алдың! Бейбітгүл көп жасасын! Бақытты болсын! Я, бейбітшілік гүлі толыса берсін.* (Ғ.С.)

4. Егер сұраулы сөйлем лептік интонациямен айтылса, сұрау мен леп белгілері қоса қабат қойылады (?!)

Пай, пай, жануардың қиналуын көрдің бе?! (Ғ.С.) Шіркін, Нұра, жер шұрайы сенен өтер ме?! Не қыл дейсің маған?! (Ғ.Мұст.)

5. Сөйлем соңында **көп нүктенің** қойылуы көбінесе айтылмақшы ойдың аяқталмай қалуымен немесе бір ойдың екінші оймен мағыналық байланысқа түспей, шашыранды айтылуымен байланысты. Мұның өзінде сөйлем хабарлау интонациясымен айтылса, көп нүктенің өзі (...), сұраулық интонациямен айтылса, сұрау және көп нүкте (?..), лептік интонациямен айтылса, леп белгісі және көп нүкте (!..) қойылады.

Маған да ол орысша, қазақша, өзбекше әндер айтқызып рақаттанатын...Сөйтіп жүргенде ... Оны Нартайға айтқызармыз (С.М.) Мә, ал, керек болса, жанымды!.. Бірақ арымды, сырымды бере алмаспын сендерге!..(F.Мұст.)

II. Жай сөйлем синтаксисінде қойылатын тыныс белгілері

Жай сөйлемде тыныс белгілерінен **сызықша, үтір, қос нүкте және жақша** қатысады. Бұлар, бір жағынан, сөйлем мүшелерінің өзара қарым-қатысына, ыңғайласа айтылуына, белгілі бір сөйлем мүшесімен мағыналық байланысын анықтауға негізделсе, екінші жағынан, сөйлем мүшелерімен грамматикалық байланысы жоқ оқшау сөздерді айыру үшін қолданылады.

1. **Сызықша** белгілі бір жағдайда бастауыштан кейін, бірыңғай мүшелерге ортақ жалпылауыш сөздің алдынан және оңашаланған айқындауыштың алдынан не екі жағынан қойылады.

Бастауыштан кейін қойылатын сызықшаға мысалдар. *Бұл жайлауда ең көп мал – қой. Қойдың көбі – қаракөл. (С.М.) Көп – қорқытады, терең – батырады. Көппен көрген – ұлы той. Оқу түбі – тоқу. Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені, шын достықтың белгісі – көп кешікпей келгені. (Мақал-мәтелдер) Мынау – теректің жапырағы. Мынау – таудың тасы. (С.М.)*

Жалпылауыш сөзге байланысты қойылатын сызықшаға мысалдар. *Абай өзі айтқан сөзінің әсері қаншалық күшті болғанын маңайында отырған Сейілдің, Дәмежанның, Сейіт пен Әбеннің – бәрінің жүзінен анық аңдады. Әбен мен Әбді және Мұқа, Дәрмен – төртеуі ер қайратына бекінген күйде қолдарына бір-бір қару ұстай алысты. (М.Ә.)*

Оңашаланған айқындауышқа байланысты қойылатын сызықшаға мысалдар. *Сөмкелерін қолдарына ұстап, қаздың балапанындай тізіліп бара жатқан осынау–жас бүлдіршіндерден Жақыпбек көпке дейін көз ала алмады. Адам күйін шертер тамаша кәсіп–мұғалімдік өнер де, өз жанының тұнығы да солардың бойында ере кетіп бара жатқандай секілденеді. Сол ертеңгі Отанның иесі–тамаша адамдар бұған қол бұлғап, шақырып тұрғандай қиялына қанат бітіреді. (М.И.)*

2. **Үтір** бірыңғай мүшелердің арасында, оңашаланған мүшелерге, қаратпа, қыстырма, одағай сияқты оқшау сөздерге байланысты қойылады.

Бірыңғай мүшелер ешбір жалғаулық шылауларсыз келгенде, араларына үтір қойылады. *Әбіш, Мағыш, Әлмағамбеттер бір бөлек кетті. (М.Ә.) Бір өзім екі тоннадан аса астық, он пұттай қант, бес-алты мың сом ақша алдым. (Ә.С.) Жұрт та, ол да бір-бірінен қынжылмай, бүгежесектемей, еркін, ақ жарқын сөйлеседі. (С.М.)*

Жалғаулық шылаулар бірыңғай мүшелердің әрқайсысымен қайталанып айтылғанда, араларына үтір қойылады. *Қазақтың әрі жас, әрі жігерлі, әрі оқыған маманына бұл құрылыста қызмет көп. (С.М.) Абай соңғы он шақты күннен бері кітапқа, қағазға күндіз де, кеш те үңіліп еңбек етеді. (М.Ә.)*

Үтір оңашаланған айқындауыштың алды-артынан қойылды. *Біз, әр елдің жастары, бейбітшіл өмірді аңсаймыз.*

Қаратпа, қыстырма, одағай сөздер сөйлем мүшелерінен үтір арқылы айырылады.

Дәрмен, сен шабытыңды ірке тұр. Азамат екенсің ғой, Иса! Қысылғаныңа көрінсін, Кәкітай, «шонның» деген сөз жоқ. (М.Ә.)

Меніңше, дұрыс ұйымдастыра білген адамға уақыт жетеді. Бұл келген, шынында да, Сапар еді (М.И.)

Шіркін, еңбек деген рақат қой! Түк те қиындығы жоқ, тәйір! Орман іші көгал шығар, ә? Атым зорықпаса игі еді, қап! Оу, бұл қай отырыс? (Ә.С.)

3. **Қос нүкте** жалпылауыш сөзден кейін, бірыңғай мүшелердің алдынан қойылады.

стары: Бірке, Әлкен, Жүніс, Бекарыстандар айтқан сөзінен шықты. (С.К.) Жолдағы–белгілі қоныстар: Талдыбұлақ, Барлыбай, Қызылқайнар (М.Ә.)

4. **Жақша** сөйлем ішіндегі белгілі бір сөздің мағынасын немесе ойға қатысты басқа бір ойды жол-жөнекей түсіндірген жағдайда қойылады. *Байжан бұрынғы Ақмола облысының Қызылжар (Петропавл) уезіндегі бір аулында, кедей шаруалы үйде 1917 жылы туды. (С.М.) Әубәкір Байтішев (қазір қарт оқытушы) қозғалысқа белсене қатынасатын болыпты.*

III. Тыныс Тыныс белгілерінің белгілерінің қосымша қызметі

Кейбір тыныс белгілері, ілгеріде айтылғандай, негізгі қызмет атқарумен қатар, қосымша да қызмет атқарады.

1. **Нүкте** мынандай қосымша қызмет атқарады:

а) Драмалық шығармаларда әрбір кейіпкер атынан соң қойылады.

Есжан. Ремонт бітті ме?

Жақып. Бітті.

Есжан. Тұқым ше?

Жақып. Тұқымды да тазартып, дайындап қойдық.
(*Ғ.Мұст.*)

ә) Жазуда *кісі аттары, газет, журнал атаулары, тағы басқа, тағы сол сияқты, тағы-тағылар, тағы сондайлар* деген сияқты жиі қолданылатын сөз, сөз тіркестерін шартты түрде бас әріптерінен қысқартқан жағдайда, әрбір әріптен кейін нүкте қойылады.

Толық түрі	Шартты түрде қысқартылған
Мұхтар Әуезов	М.Әуезов немесе М.Ә.
Сәкен Сейфуллин	С.С.
«Қазақ әдебиеті»	«Қ.Ә.»
тағы басқалар	т.б.
тағы сол сияқтылар	т.с.с.
тағы-тағылар	т.т.
тағы сондайлар	т.с

МАЗМҰНЫ

Бірінші қыркүйек – тәуелсіздік күні	3
§ 1. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі	4

5–7-СЫНЫПТАРДА ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

§ 2. Фонетика. Графика. Орфография	7
§ 3. Лексика	7
§ 4. Сөздердің жасалуы	8
§ 5. Морфология	10
Тіл мәдениеті	10

СИНТАКСИС ПЕН ПУНКТУАЦИЯ

§ 6. Синтаксис пен пунктуация жайында жалпы түсінік	12
§ 7. Сөздердің байланысу тәсілдері	15
§ 8. Сөздердің байланысу түрлері	17
Тіл ұстарту (Ауызша және жазбаша)	19

СӨЗ ТІРКЕСІ

§ 9. Сөз тіркесі туралы түсінік	21
§ 10. Сөз тіркесі және күрделі сөздер мен тұрақты тіркестер	22
§ 11. Сөз тіркесінің түрлері	24
§ 12. Сөз тіркесінің құрылысы	25
§ 13. Сөз тіркесінің лексика-грамматикалық мағынасы	28
Тіл ұстарту (ауызша және жазбаша)	34

СӨЙЛЕМ

§ 14. Сөйлем туралы түсінік	36
§ 15. Сөйлемнің түрлері	39

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

§ 16. Сөйлем мүшелері туралы түсінік	34
--	----

ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕР

§ 17. Бастауыш	48
§ 18. Дара және күрделі бастауыш	50
§ 19. Баяндауыш	51
§ 20. Дара және күрделі баяндауыш	53
§ 21. Бастауыш пен баяндауыштың байланысы	55
§ 22. Бастауыштан кейін қойылатын сызықша	57

ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕР

§ 23. Толықтауыш	59
------------------------	----

§ 24. Дара және күрделі толықтауыш	61
§ 25. Толықтауыштың түрлері	63
§ 26. Толықтауыштың байланысы	65
§ 27. Анықтауыш	67
§ 28. Дара және күрделі анықтауыштар	69
§ 29. Анықтауыштың байланысы	71
§ 30. Пысықтауыш	72
§ 31. Дара және күрделі пысықтауыш	74
§ 32. Пысықтауыштың түрлері	76
§ 33. Пысықтауыштың байланысы	78
Сөйлем мүшесіне талдау тәртібі	79
Сөйлем мүшелеріне жаттығу	80
§ 34. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері	82
§ 35. Бірыңғай мүшелердің жалғаулық шылаулар арқылы байланысуы	82
§ 36. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгісі	84
§ 37. Жалпылауыш сөздер	85
§ 38. Жалпылауыш сөздердің тыныс белгілері	90

СӨЙЛЕМНІҢ АЙҚЫНДАУЫШ МҮШЕЛЕРІ

§ 39. Айқындауыш мүше жайында жалпы түсінік	91
§ 40. Оңашаланған айқындауыш	92
§ 41. Қосарлы айқындауыш	94
Бірыңғай мүше мен айқындауыштан өткендерді қайталауға арналған жаттығулар	95
Тіл ұстарту (ауызша және жазбаша)	97

ОҚШАУ СӨЗДЕР

§ 42. Қаратпа сөз	98
§ 43. Қаратпа сөздің тыныс белгілері	99
§ 44. Қыстырма сөз	100
§ 45. Қыстырма сөздің тыныс белгілері	99
§ 46. Одағай сөздер	104
§ 47. Сөйлем басында келетін жоқ пен иә	105

ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

§ 48. Жай сөйлемнің түрлері жайында түсінік	107
§ 49. Жақты сөйлем	108
§ 50. Жақсыз сөйлем	110
§ 51. Жалаң және жайылма сөйлемдер	112
§ 52. Толымды және толымсыз сөйлемдер	113
§ 52. Атаулы сөйлем	115
Жай сөйлем түрлеріне талдау үлгісі	117
Оқу жылы соңындағы қайталау	118
Қосымша	119

Айтбаев Д. т.б.
А 32 Қазақ тілі: 8-сыныпқа арналған оқулық (Авторлар: Д. Айтбаев, Г. Айтбаева, М. Темірбаева). –Т.: «O‘zbekiston», 2019. 128-б.

I. I, 2 Авторлар.

ISBN-978-9943-01-520-3

УЎК 811.512.191(075)
КБК 81.2 Қаз-922

Oquv nashri

**Dilshodho‘ja Aytboyev, Gulchexra Aytboyeva,
Mukarrama Temirboyeva**

QOZOQ TILI

Umumiy o‘rta ta‘lim maktablarining 8-sinfi uchun darslik

4-nashr

(Qozoq tilida)

Редакторы *Г. Нишанова*
Көркемдеуші редакторы *Х. Қутлуков*
Техн. редакторы *Л. Хиждова*
Компьютерде беттеген *Г. Қўлназарова*

Баспа лицензиясы АІ 158. 14.08.2009.

Басуға 2019 жылы 11 февральда рұқсат етілді. Пішімі 60×90^{1/16}.
Офсеттік қағаз. Офсеттік әдіспен басылды. «Таймс» гарнитурасы.

Кеглі 11. Шартты баспа табағы 8,0. Баспа табағы 8,15.

Таралымы 5691. Тапсырыс №19-108.

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы
құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің
«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz

www.iptd-uzbekistan.uz

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы
Жаксы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттері шимайланбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап шимайланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.

Айтбаев Д. т.б.
А 32 Қазақ тілі: 8-сыныпқа арналған оқулық (Авторлар:
Д. Айтбаев, Г. Айтбаева, М. Темірбаева). –Т.: «O‘zbekiston»,
2019. 128-б.

I. I, 2 Авторлар.

ISBN-978-9943-01-520-3

УЎК 811.512.191(075)
КБК 81.2 Қаз-922

Oquv nashri

**Dilshodho‘ja Aytboyev, Gulchexra Aytboyeva,
Mukarrama Temirboyeva**

QOZOQ TILI

Umumiy o‘rta ta‘lim maktablarining 8-sinfi uchun darslik

4-nashr

(Qozoq tilida)

Редакторы *Г. Нишанова*
Көркемдеуші редакторы *Х. Қутлуков*
Техн. редакторы *Л. Хиждова*
Компьютерде беттеген *Г. Қўлназарова*

Баспа лицензиясы АІ 158. 14.08.2009.

Басуға 2019 жылы 11 февральда рұқсат етілді. Пішімі 60×90^{1/16}.
Офсеттік қағаз. Офсеттік әдіспен басылды. «Таймс» гарнитурасы.

Кеглі 11. Шартты баспа табағы 8,0. Баспа табағы 8,15.

Таралымы 599. Тапсырыс № 19-109.

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы
құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің
«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz

www.iptd-uzbekistan.uz